Қабырға – ребро, стена (*мал қабырғасы* – ребро скота. *Үй қабырғасы* – стена дома. См. *қар кереге*).  
Қашан – когда.  
Қашанда – всегда.  
Кашау – долото.

- Қадыр – уважение, почет.  
 Қағаз – бумага.  
 Қаһарман – герой.  
 Қай, қайсы – который.  
 Қайшы – ножница.  
 Қайда – где, куда (*пышақ қайда* – где нож? *Қайда барасың?* – куда идешь).  
 Қайдан – откуда.  
 Қаймақ – сливки.  
 Қайнаған – кипяченый.  
 Қайнат – кипячи.  
 Қайрат – энергия, сила.  
 Қайт – вернись.  
 Қайтар – верни.  
 Қайта – снова.  
 Қал – оставайся.  
 Қала – город.  
 Қалай – как.  
 Қалам – ручка.  
 Қаламұш – перо.  
 Қалдық – остаток.  
 Қалқоз – колхоз.  
 Қалық – народ (см. *жұрт, ел*).  
 Қалық ағартуу кәмісеріеті – народн. ком. просвещения.  
 Қалық кәмесерлер кенесі – Совет народных комиссаров.  
 Қалғаны – остальное.  
 Қалпақ – шляпа.  
 Қалқозшы – колхозник.  
 Қамсыздандыр – обеспечивай.  
 Қамыр – тесто.  
 Қан – кровь, напейся. Хан (*қан шықты* – кровь вышла. *Сұуға қан* – напейся воды. *Қан түсірілді* – хан низложен).  
 Қанша – сколько (срав. *неше*).  
 Қандай – какой?  
 Қант (шекер) – сахар.  
 Қап – мешок.  
 Қар – снег.  
 Қара – черный, смотри (*Қара тақта* – черная доска. *Бері қара* – смотри сюда, ср. *көр*).  
 Қара шаруа – крестьянин.  
 Қарағанды – Караганда.  
 Қарай – частица, указывай, направление (*Бері қарай жүр* – сюда иди. *Әрі қарай оқы* – дальше читай, основ. *қара*).

- Қарамағындағы – подведомственный.  
Қараңғы – темный.  
Қарауыл – караул (основа *қара*).  
Қарауытады – чернеет (см. *қаралады*).  
Қарбыз – арбуз.  
Қарсы – против.  
Қарқын – темп.  
Қарт – старый (в отношении живых существ).  
Қарта – карта.  
Қартайады – стареет.  
Қаржы – средства денежные.  
Қарын – желудок.  
Қарындаш – карандаш.  
Қарындас – младшая сестра.  
Қасы, қасында – около, возле.  
Қасық – ложка.  
Қат – письмо. Мерзни (*қат жаз* – пиши письмо. *Сұу қатты* – вода замерзла).  
Қатшы – секретарь.  
Қата – ошибка.  
Қаттар – ряд, этаж.  
Қатты – твердый, жесткий, замерз.  
Қатын – жена. Женщина (вышедшая замуж: ср. *әйел*).  
Қатынас – сообщение, сношение.  
Қатынас қағаз – отношение.  
Қаулы – постановление.  
Қауын – дыня.  
Қаз – рой. Гусь (*арық қаз* – рой арык. *Қаз жүр* – гусь ходить).  
Қазағыстан – Казакстан.  
Қазпи – Казпи.  
Қазақ – казак (народ).  
Қазыр – сейчас (ср. *әзір*).  
Қош – до свидание.  
Қош келдіңіз – добро пожаловать.  
Қошқар – племенной баран (ср. *қай*).  
Қоғам – общество.  
Қоғам тану – обществоведение.  
Қой – баран (вообще). Оставь, перестань, положи. (*қой жайылады* – бараны пасутся, *Ойынды қой* – оставь, играть. *Кітап қайда қойдың* – где положил книгу. Ср. *сал, қошқар, саулық*).  
Қол – рука.  
Қол шапалақта – аплодируй.

Қол шапалақтау – аплодисменты, рукоплескание.

Қол қой – подпишись, распишись, руку положи.

Қон – ночуй.

Қонақ – гость.

Қоңыр – коричневый.

Қор – фонд, запас.

Қора – хлев, двор, стадо. *Мал қорада* – скот в хлеве. *Бала қорада ойнайды* – ребенок играет во дворе. *Далада қара мал жүр* – в степи ходят стада скота.

Құлып – клуб.

Қор – фонд, запас, резерв.

Қорға – защищай.

Қорған – защита, крепость.

Қорғасын – свинец.

Қорғаушы – защитник.

Қорт – сделай вывод, заключай. Очищать руду. *Мен сөзді қорытамын* – я заключаю – резюмирую – речь. *Кен қорытады* – очищает руду).

Қорытуу – вывод, заключение.

Қос – сложи, соединяй.

Қосымша – приложение.

Қозғал – двигайся.

Қозғалыс – движение.

Қозы – ягненок.

Қоздайды – ягнится.

Құбылмалы – изменчивый.

Құй – лей, налей.

Құл – раб.

Құлақ – ухо.

Құлақшын – треушник.

Құлақтандыр – об’являй, оновещай.

Құлақтандыруу – об’явление, оповещение.

Құлады – пал, упал (корень – *құла*).

Құлат – низвергай, свергай, не спускай.

Құлпырады – переливает цветами (осн. *құлпыр*), переносно: благоденствует.

Құлпытты – переносно: привел в благосотояние.

Құлын – жеребенок.

Құм – песок.

Құрал – оборудование, инструмент.

Құрал-сайман – орудия.

Құр – устрой, строй.

Құрсайды – заволакивает, обводакивает.

- Құрылыс – строительство.  
Құртады – уничтожает (основа *құрт*).  
Құрт – уничтожь. Червь, творог.  
Құртылады – уничтожается.  
Құс – птица.  
Құттықта – поздравляй.  
Құттықтау – поздравление, приветствие.  
Құуан – радуйся.  
Құуант – обрадуй.  
Құуат – энергия.  
Құуырады – жарит (основа: *құуыр*).  
Құуырдақ – жаркое, жареное.  
Қыдыр – гуляй.  
Қыдырғыш – гуляка.  
Қыдырма – прогульщик.  
Қыдыруу – глянние, прогулка.  
Қыйар – огурец.  
Қыйын – трудно, -ый.  
Қыл – делай, волос жетский (*жұмыс қылдым* – работал, *қыл сатты* – продал волос конский) ср. *ет, істе*.  
Қымбат – дорого, -ой.  
Қымбатты – дорогой.  
Қымыз – кумыс.  
Қыр – возвышение, хребет.  
Қырк – сорок.  
Қыс – зима. Сжимай (*қыс келді* – зима пришла, *қатты қысты* – сильно сжимал).  
Қысқа – короткий.  
Қысқарады – укорачивается.  
Қыз – девочка, девушка, -ица.  
Қызарады – краснеет.  
Қызартады – заставляет краснеет.  
Қызмет – служба.  
Қызметкер, -ші – служащий.  
Қызыл – красный.  
Қызыл отау – красная юрта.  
Қызық – веселый, занимательный.

**Р.**

- Радіо – радио.  
Рақмет – спасибо.

Ресей – Россия.  
 Ресейлік – российский.  
 Республіке – республика.  
 Ретсеп – рецепт.  
 Ріддер – Риддер.  
 Ромашкі – ромашка.

## С.

Сабан – сабан, плуг.  
 Сабын – мыло.  
 Сабак – урок.  
 Сағат – часы, час.  
 Саған – тебе.  
 Сағынады – скучает по кому-либо. *Мен жолдасымды сағынамын – я скучаю по товарищу, основа – сағын).*  
 Сай – овраг.  
 Сайасат – политика.  
 Сайасы – политический.  
 Сайла – выбирай.  
 Сайлау – выбор.  
 Сайын – еже (послеслог).  
 Сал – клади (ср. *құр, жаса*).  
 Салақ – неряшливый, -во, неряха.  
 Салқын – прохладный, -но.  
 Салт–сана – идеология.  
 Салыстыр – сравни.  
 Самай – высок.  
 Сан – число, количество.  
 Сана – считай, сознание (*нәрсе сана – считай вещи. Таптық сана – классовое сознание*).  
 Саналы – сознательный.  
 Санасыз – безсознательный.  
 Сапа – качество.  
 Сапалы – с лучшим качеством.  
 Сақта – храни, береги (ср. *күт*).  
 Сақтық – сбережение.  
 Сарай – сарай, дворец.  
 Сарғайады – желтеет (основа: *сары*).  
 Сары – желтый.  
 Сат – продай.  
 Сатсыйалдық – социалистический.

- Сатсыйалйізім – социализм.  
Сатұшы – продавец.  
Сатып ал – купи, покупай.  
Сау – дой, здоров. *Сыйыр сау* – дой корову. *Ден сау* – здоров.  
Сауады – доит.  
Сауат – грамота.  
Сауаттанұу – быть грамотным.  
Сауатсыз – неграмотный.  
Сауатты – грамотный.  
Сауатсыздық – неграмотность.  
Сауатсыздық жойұу – ликвидация неграмотности.  
Сауатсыз жойұу қоғамы – О.Д.К.  
Сауда – торговля.  
Саулық – здоров, овца (*саулық сақта* – береги здоровье, *саулық сауады* – овцу доит. ср. *қой, қошқар*).  
Сауын – дойный скот.  
Сауыншы – доярка.  
Сауыт – сосуд.  
Себүүші – сеятель, -ка (от *сен*).  
Сегіз – восемь.  
Сейіл – прогулка.  
Сексен – восемьдесят.  
Сектір – сектор.  
Секүнт – секунда.  
Сембі – суббота.  
Сембілік – субботник.  
Семіз – жирный.  
Сен – ты, доверяй (*сенемін* – доверяю).  
Сені – тебя.  
Сенім – доверие.  
Сенім қағаз – доверенность.  
Сенімді – верный, надежный.  
Сенімсіз – не надежный, не заслуживающий доверия.  
Сеп – сей.  
Сәкі – нары.  
Сәлем – привет.  
Сән – роскошь, украшение.  
Сәскелік – завтрак.  
Сіз – вы.  
Сійез – с'езд.  
Сійрек – редкий, -ко.  
Сілте – укажи путь, направляй из путь.

- Сілтеу – указание.
- Сінтәбір – сентябрь.
- Сіңлі – мл. сестра – женщина (см. *қарындас*).
- Соғыс – война.
- Сол – тот, левый (*сол кісі келді* – тот человек пришел, *сол қолым ауырады* – левая рука болит).
- Солда – налево.
- Сом – рубль.
- Сонан бері – с тех пор.
- Сонан соң – после того (ср. *онан соң*).
- Сонда – там.
- Сондықтан – поэтому.
- Соң – после (см. *кейін*).
- Сорғым – промокашка.
- Сорпа – бульон (*көже*).
- Сорт – сорт.
- Созылады – продолжается (основа *созыл*).
- Сөйле – говори, Расскажи (см. *де, айт*).
- Сөйлес – побеседуй, беседуй.
- Сөйлесуу – беседа.
- Соқ – бей, *согады* – бьет – переносна: *жел согады* – ветер дует.
- Сөл – сок.
- Сөз – слово.
- Стаж – стаж.
- СТО – СТО.
- Стүдент – студент.
- Сұлық – жидкий.
- Сұлұу – красивый.
- Сұм – хитрый.
- Сұра – спрашивай, – вопрос.
- Сұу – вода.
- Сұула – мочи, намочи.
- Сұуық – холодно.
- Сұуырады – веет (основа *сұуыр*).
- Сұусын – напиток.
- Сүүрет – рисунок, картина.
- Сүй – целуй.
- Сүйікті – милый, любезный.
- Сүйінші – вознаграждение за доставление хорошей вести или пропавшей вещи.
- Сүйтіп – таким образом, сокращенное от *солай етіп*).
- Сүлгі – полотенце (см. *орамал*).

Сүр – консервы, консервированное мясо.  
Сүрлеу – консервировать (в отнош. сена – силосовать).  
Сүрт – вытри.  
Сүртін – вытирайся.  
Сүт – молоко.  
Сүтей – давать много молока.  
Сыйа – чернила.  
Сыйақты – тому подобно.  
Сыйа сауыт – чернильница.  
Сыйлық – подарок.  
Сыйпыр – цифра.  
Сыйыр – корова.  
Сындыр – сломай.  
Сыпыр – подметай.  
Сыпырғыш – метла.  
Сырты – внешняя сторона чего-нибудь.  
Сыра – пиво.  
Сыз – сырое место.

## Т.

Та (те) – и – и см. *да, де*.  
Таба – сковорода.  
Табыс – достижение.  
Таға – подкова.  
Тағы – және – еще. Дикий (*тағы не айтасың* – еще что говоришь. *Тағы қайуан* – дикое животное).  
Тағы (басқалар) – и другое.  
Тағысын тағылар – и т.д.  
Тамақ – пища (см. *ас*).  
Тамыр – корень. Приятель, любовник, -ница.  
Танды – отказался от своих слов (корень – *тан*).  
Таныды – узнал, опознал.  
Таныс – познакомься, знакомый (*ол мені мен таныс* – он знаком со мной, *ол мені мен бйыыл танысты* – он познакомился со мной в этом году)  
Тап – найди. Класс – общественный (*маган дәптер тап* – найди мне тетрадь. *Тап дұспаны* – классовый враг, *жұмысшылар табы* – рабочий класс).  
Тапсыр – вручи, поручи.  
Тақта – доска.  
Тара – расчесывай, расходись.  
Таран – причесывайся.

- Тарақ – расческа.  
 Тарат – распусти.  
 Тарт – тяни, тащи.  
 Тары – просо.  
 Тар – тесно, -ный.  
 Тас – камень.  
 Таста – брось, кинь.  
 Тасы – перенеси, перевези.  
 Татар – татарин.  
 Татуу – мирно, дружно.  
 Тау – гора.  
 Тауар – товар.  
 Таусылды – был исчерпан.  
 Тауық – курица.  
 Таза – чистый.  
 Тебін – тебеневка.  
 Тегін – бесплатно, даром.  
 Тегіс – ровный, все.  
 Тек – лишь, только, просто. Происхождение социальное (*Мен тек кеше келдім* – я приехал только вчера, *мен тек айттым* – я просто сказал. *Менім тегім кедей* – мое происхожд. бедняцкое).  
 Текнік – техник.  
 Тексер – проверь, обследуй.  
 Телепон – телефон.  
 Телгірам – телеграмма.  
 Темекі – табак.  
 Темір – железо.  
 Темір жол – железная дорога.  
 Тең – ровный.  
 Теңдік – равенство.  
 Терезе – окно.  
 Терге – опрашивай, допрашивай, расследуй.  
 Тергеу – допрос, расследование.  
 Тергеуші – следователь.  
 Тер – пот, подбирай. (*тер шықты* – пот выпустил. *Ол масақ терді* – он подбирал колосья).  
 Терледі – вспотел (корень *тер*).  
 Тері – кожа.  
 Тез – быстро (см. *жылдам*).  
 Тезіс – тезис.  
 Тәжі – тяж.  
 Тәрбіе – воспитание.  
 Тәрелкі – тарелка.  
 Тәртіп – дисциплина, порядок.  
 Тәтті – сладкий (см. *дәмді*).  
 Тігінші – портной.  
 Тігін – шитье.  
 Тій – коснитесь, задень, тронь.

- Тійме – не тронь.  
Тік – шей, крутой.  
Тійіс – следует.  
Тіл – язык, разрежь. (*Мен қазақ тілін үйрендім – я изучился каз. языку.*  
*Қарбыз тіл – разрежь арбуза.*)  
Тіл қат – расписка.  
Тілім – кусок, ломоть. (*Бір тілім нан бер – дай один кусок хлеба.*)  
Тіпті – совсем.  
Тірәктір – трактор.  
Тірі – живой.  
Тірке – регистрируй.  
Тіркеуші – регистратор.  
Тізім – список.  
Тыс – зуб.  
Той – пир, торжество. Наешья (*өктәбір тойы – октябрьское торжество.*  
*Мен тойдым – я наелся.*)  
Толады – наполняется (осн. *тол*).  
Толтыр – наполняй.  
Толы – полный (чем-нибудь).  
Тон – тулуп.  
Топ – с'езд.  
Тонады – мерзнет.  
Тоқ – сытый.  
Тоқмаш – лапша.  
Тоқта – остановись.  
Тоқтат – останови.  
Тоқы – тки.  
Тоқыма пәбірік – ткацкая фабрика.  
Тоқұу – тканье.  
Тоғыз – девять.  
Тоқсан – девяносто.  
Торы – гнедой.  
Төбе – потолок, холмы. Макушка (*үй төбесі – потолок дома, тау төбесі – вершина, макушка, холма, адам төбесі – макушка человека.*)  
Төк – слей, вылей (см. *құй*).  
Төл – приплод скота.  
Төле – плати.  
Төлетуу – платеж.  
Төмен – вниз.  
Төменгі – нижний.  
Төңкер – переверни, опрокинь.  
Төңкеріс – революция.  
Төр аға – председатель (см. *аға*).  
Төрт – четыре.  
Төсе – постели.  
Төсек – постель.  
Тсек – цех.  
Тұшшы – пресный.

Тұман – туман.

Тұқым – семья.

Тұр – вставай, стой.

Тұрмыс – жизнь, быт (см. *өмір*).

Тұт – держи.

Тұуралы – о, про.

Тұуысқан – родной, родственник.

Тұура – кроши (см. *кес, тіл*).

Тұз – соль.

Түбіг – пух.

Түйе – верблюд.

Түжірке – тужурка.

Түйіз – крупинка.

Түгіл – все на лица.

Түгенде – делай переключку, считай всех.

Түкір – плюнь.

Түр – вид, форма.

Түрі – разный.

Түн – ночь.

Түс – цвет, сон. Полдень, слезай (*Мынау ақ түс* – это белый цвет. *Ол ұйқыда түс көрді* – он во сне видел сон. *Түсте сабақ тоқтады* – в полдень уроки приостановились. *Ол аттан түсті* – он слез с лошади).

Түсім – доход, проход.

Түсін – понятно.

Түсінікті – пойми.

Түстік – обед.

Түзе – исправляй (*түзет*).

Тый – запрети.

Тыйатыр – театр.

Тыйын – копейка.

Тыныш – спокойно.

Тыныштал – успокойся.

Тыныс – передышка, перерыв.

Тыңда – случай.

Тырма – грабли. Борона.

Тырмала – борони.

## Ұ.

Ұш – лети.

Ұшқыш – летчик.

Ұйа – ячайке. Гнездо (*партыйа ұйасы* – партиячейка. *Құс ұйасы* – гнездо птицы).

Ұйаң дыбыс – звонкие звуки.

Ұйат – стыд.

Ұйым – организация.

Ұйымдас – организуйся.

Ұйқы – сон (см. *түс*).

Ұйықта – спи.

Ұл – сын.

Ұлт – нация.

Ұлтшыл – националист.

Ұлы – великий.

Ұлы (ұлық) – великий.

Ұлы орысшылдық – великодержавный шовинизм.

Ұмыт – забудь.

Ұн – мука (ср. пон. *астық, егін*).

Ұнады – понравился (см. *ұна*).

Ұнамды – подходящий.

Ұқұқ – право (на что-нибудь) *Сайлау ұқұқы* – избирательное право.

Ұр – бей.

Ұран – лозунг.

Ұры – вор.

Ұрлады – украл. Уворовал.

Ұрлық – воровство.

Ұсақ – мелкий.

Ұста – держи, кузнец, слесарь, мастер (*дәптерді ұста* – держи тетрадь.

*Ол жақсы ұста* – он хороший мастер. *Ұста пышақ соқты* – слесарь сделал нож, см. *шебер*).

Ұсталған – подержанный.

Ұстап – устав.

Ұсын – предлагай, предложи.

Ұсыныс – предложение.

Ұуақ – мелкий.

Ұуақ-түйек – мелочь.

Ұзақ – долгий.

Ұзарды – удлинилось.

Ұзын – длинный.

## У.

Уақыт – время.

Уәде – обещание.

## Ү.

Үш – три.

Үшін – для рад, за, из-за (послеслог).

Үдетпелі жоспар – встречный план.

Үгіт – агитация.

Үгітші – агитатор.

Үгіт-насықат – агитация и пропаганда.

Үй – дом.

Үйен – июнь.

Үйел – июль.

Үй іші – семья.

Үйрен – обучайся, научись, приобретай умение (*жазуға үйрендім* – писать научился, *оқу керек* – учиться надо ср. *оқы*).

Үйрет – обучай, научи (практическому. ср. *оқыт*).

Үйренуу – обучение (ср. *оқу*).

Үйткені – потому что.

Үкімет – правительство, власть.

Үлестір – раздавай.

Үлгі – образец.

Үлгір – успевай.

Үлкен – большой.

Үніберстет – университет.

Үреді – лает (осн. *үр*).

Үрпійіт – волосы дыбом.

Үсте – наверху.

Үстел – стол.

Үз – вырви, оторви, прерви.

Үзбей – непрерывно.

Үзіліс – перерыв.

### З.

Зал – зал.

Заң – закон.

Зат – предмет.

Зауыт – завод.

Зыйан – вред, из'ян.

Зыйанкес – вредитель.

### Ы.

Ыдыс – посуда.

Ышқап – шкаф.

Ылас – грязный.

Ыластады – запачкал.

Ылақ – козленок.

Ымырашылдық – либерализм.

Ынтықан – экзамен.

Ырза – согласен.

Ырзалық – согласен.

Ыс – сажа, копоть.

Ысқырды – свистел (основа *ысқыр*).

Ыссы – горячий.

Ыстанса – станция.

Ыстақан – стакан.

ҚАЗАҒЫСТАН ҚАЛЫҚ АҒАРТУУ ҚӘМІСЕРІЙЕТІ  
ҚАЗАҚ ІЛІМ ЗЕРТТЕУ ПЕДАГОГИКЕ ҮНІСТЕТІ

**ШОНАН ҰЛЫ мен ГОЛӘҚАБЫСКАЙА А.**

## **ЕМЛА МЕН ОҚҰУ**

Жауапты редактір БАЙМАҚАН ұлы

Қазағыстан баспасы  
1934

Педагогикелік ғылыми зерттеу үністетінің тұңғыш еңбектері – педагогикелік екіспедетсіе материалдары – қазақ бастауыш мектебінің қайта құрылыс жолындағы бір қатар мәселелері мен таныстырады. Мектеп құрылысында бір қатар үлкен табыстарымыз бен қатар – мектептің оқу тәрбиіе істеріне байланысты көмекшіліктері де бар. Үністет материалдары мектептердің көпшілігіне бірдей жетімсіздіктерді айтуу мен қабат. Ол көмекшіліктерді қалай жойғудың да жолдарын көрсетүүге тырысқан. Сондықтан екіспедетсіе материалдары оқу тәрбиіе жұмысының барлық мәселелерін ашып шешіп бермесе де, ағартуу қызметкерлеріне жәрдем берерлік пайдалы жерлері аз емес.

Бастауыш орта мектеп оқытушылары бұл еңбекті оқып танысуу мен қабат өз жұмысы мен бұл еңбектегі көтерілген мәселелерге сын көзі мен қарап, шұғыл тексеріп ағартуу майданындағы зор міндет – оқу жұмысындағы кемшіліктерді жойғу ретінде жәрдемі болар деп тауып, осы үністет материалын баспаға беріп отырмыз.

Қ. А. Кәмесерінің орынбасары: БАЙМАҚАН ұлы

ШОНАНОВ Т., ГОЛЯХОВСКАЯ А.

# ОРФОГРАФИЯ И ЧТЕНИЕ

На казакск. языке

Ответственный редактор БАЙМАКАНОВ С. Ответ. корректор Мустафин  
Технический редактор БЕКБАУЛОВ Д.

Сдано в производство 1/VIII – 34 г.

Подписано к печати 17/VIII – 34 г.

Казиздат № 2374.

Уполказлито № 1-S62.

Об'ем 3 1/16 доли листа.

Статформат А<sub>5</sub> (6½x11) 62x94

Знаков в 1 п/ листе 40,000

Тираж 3000

г. Кзыл-Орда, гостипография № 1 Казиздата. Заказ № 635.

## Қазақ мектептерінде емла жайы.

1933-жылы әпiрел айында Қазағыстанның педагогiйкелiк iлiм зерттеу үнiстетi Қазағыстан мектептерiн зерттеу үшiн екiспедетсiе шығарған. Көп жұмысының iшiнде екiспедетсiе қазақ мектебiнде ана тiлi қалай жүрууiн де зерттеген.

Ана тiлi жат жазуу, көшiруу, жылдам жазуу, дауыстап оқуу, iштен түсiнiп оқуу жағынан зерттелген. Бұл жерде бiз балалардың жат жазууына сүйенiп, емленiң осы күнi не күйде екенiн талдаймыз.

Жат жазуу арқылы емле тексеруу үшiн арналып үш тесiт жасалды: а) 1-2 бөлiмдер үшiн бiр тес, б) 3-4 бөлiмдер үшiн бiр тес жана 5-7 бөлiмдер үшiн бiр тес (тестер осы оқытуудың айағына тiркелдi). Тестер Қалық Ағартуу Кәмесерiетiнiң 1933-жылы шығарған пырағырамына сүйенiп жасалды.

*Тест түрлерi:*

1 бөлiм үшiн	26 сөз 120 әрiп	20 мүйнеттiк
2 „	26 „ 120 „	12 „
3 „	63 „ 275 „	23 „
4 „	63 „ 275 „	18 „
5, 6, 7 „	80 „ 300 „	20 „

Сөздерден сөйлем құралып берiлген. Барлық сөйлем саны 1-2 бөлiмдер үшiн 5 сөйлемнен, 3-4 бөлiмдер үшiн 11 сөйлемнен. 5, 6, 7 бөлiмдер 19 сөйлемнен.

Зерттелген мектептер: жаңа Семейдiң № 16 мектебi, Затон мектебi, Ақжал мектебi, Жарма мектебi, Шәуiлдi мектебi, Түркiстан мектебi, Абат мектебi.

*Зерттелген бөлiмдер мен балалар саны:*

Бөлiмдер	Бөлiмдер саны	Бала саны
1. Бөлiм	7	138
2. Бөлiм	6	162
3. Бөлiм	5	92
4. Бөлiм	5	64
5. Бөлiм	2	44
6. Бөлiм	2	15
7. Бөлiм	1	12
Барлығы:	28	528


Ана тiлi матерiялдарын өндесуу ҚазПИ-дiң стүүденттерi қатысты.

Тест пен зерттеуден басқа қолымызда екiспедетсiе әкелген балалар дәптерi мен мектептiң жалпы күйi тұралы деректер болды.

Бұл қорытқу бұлай реттеліп жазылған: әуелі әр мектептің мінездемесі беріледі, қаталары талданып, ол қаталардың себебі көрсетіледі де қорытқу ол қаталарды қалай жойғу әдістерін, жолдарын көрсетіп тынады.

Енді әр бөлімнің қаталарын талдап, мінеземелерін шығаралық.

*Бірінші бөлімде орта есеп пен алғанда бала басына келетін қата саны мынадай:*



Сүйтіп, тек Түркістан мен Ақжал мектебі ғана бір жөн тәуір, басқа мектеп балаларының қатасынан ат сүрінгендей. Өте-мөте Абат мектебі ең арта, жаңға ілесе алмай келе жатқаны көрінеді. Бұл мектепте бала бір сөзге екі қатадан жібереді.

*Бірінші бөлімде ең тәуір, ең нашар балалар қатасының салыстырма саны мынадай:*

Мектеп аты	Ең жақсы бала қатасы	Ең нашар бала қатасы
Түркістан	-	32
Ақжал	-	42
Жарма	1	75
Шәуілдір	1	144
№16	2	142
Затон	0	157
Абат	1	195

Мұнан алды мен көзге түсетін нәрсе – жақсы балалар мен нашар балалар арасының орасан алыстығы. Мәселен, Затон мектебінде Дайырқан қызы бір қата істемегенде, Тұзақ ұлы 157 қата жасаған. Қай мектепте осындай күйді көреміз. Мұнан шығаратын қорытқу: **нашар балаларға мектеп арнаулы жәрдем бермеген, іріктеп бөлімді білімі мен жасы шамалас балалардан жасай алмаған.** 2-нші бөлімде 8-14 арасындағы балалар бірге отыр.

*Бірінші бөлімдегі емла қатарының түрі мынадай:*


Қата түрі	Қалған сөз	Қалған дауысты	Үндестікке қарсы	Ұу, Үу қарсы	Йй, йй қарсы	Қалған дауыссыз	Басқа қаталар	Барлығы	Балаға орташа келетіні
Неше қата	318	583	97	74	65	671	337	2145	17
%	14.8	27	4.5	2.4	3.1	31.2	16	100	

*Көрнекілік үшін мұны дыйағырам мен көрсетсек, мынадай болып шығады:*

Бірінші бөлімде қатаның дені жазғанда дауысты, дауыссыз дыбыстарды, тұтас сөздерді қалдырып кету екенін көреміз. Мұнан шығатын қорытқу: **мектептер соңғы пырағырамды қолданбаған. Оқытушылар сауат аштырғу әдістерін білмейді, балалар сөйлемді сөзге, сөзді бұуынға, бұуынды дыбысқа жіктей алмайды.**

Баланың көзі де, құлағы да, қолы да қатар жаттықса емлеге дұрыс үйрене алады. Бірінші бөлімде дұрыс жазуға өте мөте көзді дағдыландырып, көшіртүү жұмысын көп жүргізу керек. Мына қаталардың түріне қарағанда, балалардың көз, құлақ тұтқырлығы тәрбиеленбеген, көшіріп жазу жөнге қойылмаған. **Оның үстіне оқытушылар тексерүү жат жазуын дұрыс жазғыза да білмейді.**

Жат жазу жаздырғанда оқытушылар әуелі сөйлемді анықтап тұтас оқып шықпайды. Сөйлемді салғаннан бөлмелеп, бір-бір сөзден айтады, бір сөзді жазып болған соң екінші сөзді айтады. Сондықтан жай жазатын балалар үлгере алмай, сөздерді, бұуындырады, дыбыстарды тастап кетіп отырады.




Сондықтан жазғанда балалар сөйлемнен сөз қалдырады, сөзден бұуын тастап кетеді, бұуыннан дыбыс тастап кетеді; кей балалар «суусын» орнына «суусын», «сүт», «айран» орнына «сүтайран», «түү» орнына «түйіл», «бор, Алматы» орнына «боралматы», «Тұрсын» орнына «түрүү» йә «трсын», «аттары» орнына «атары», «бала» орнына «бал», «жылқы» орнына «жлқ», «сыл қы» жазады, т.т.

*Екінші бөлімдерді салыстырсақ, бала басына қата орташа былай тийеді:*

Мектеп	Түркістан	Ақжал	Жарма	Затон	Абат	№16
Орта есеппен бала басына тийетін қата саны	6,4	12,2	26,4	29,3	33	48,1

Мұны көрнекілік үшін дыйағырам мен көрсетсек, мынадай болып шығады:

Екінші бөлімде де Абат пен № 16 мектеп қатаға малтығып жатыр. Бұлар да мектептің аты бар да, заты жоқ.



Түркістан мен Абат мектебінің арасы аспан мен жердей екені жоғарғы дыйағырамнан көрініп тұр.

Абат пен №16 мектеп балалары екінші бөлімде де сөз басына екі қатадан жіберген.

*Екінші бөлімдердегі ең жақсы, ең нашар балалардың қата санын салыстырсақ, мынаны көреміз:*

Мектеп аты	Ең жақсы баланың қата саны	Ең нашар баланың қата саны
Түркістан	0	16
Ақжал	5	42
Жарма	1	30
Затон	2	124
Абат	11	94
№16	3	70


Абаттың ең жақсы баласының сан жағынан Түркістанның ең нашар баласының қатасы жақын. Қала берді, Абат, Затон, №16 мектептің 2-нші бөлім балаларының білімі шұп-шұбар.

Затонда 2 қаға шығарған Нүрпейіс ұлы мен 124 қата жасаған Тұмабай ұлы бір бөлімде отыр. №16 мектепте үш қатадан шығарған Сәрсембай қызы. Берлібек ұлы сықылды баталар 70 қата шығарған Ұнсыз ұлы сыйақты балалар мен бір бөлімде отыр. Мұнан бұл мектептер әрі **баланы жасы мен біліміне қарай іріктеп бөлімге бөле алмағаны, әрі нашар балаларға арнаулы көмек бере алмағаны** көрінеді.

*Екінші бөлімдер қаталарының түрі мынадай:*

	Бас әріп қатасы	Қалған сөз	Қалған дауысты	Қалған дауыссыз	Үндестікке қарсы	Ұу, үу	Ый, ій	Басқа қаталар	Барлығы
Саны	769	459	449	441	96	62	27	562	2860
%	29	15,5	15,1	15,1	3,5	2	0,8	19	100

Бір балаға келетін орта есеп пен қата саны 17,5.



Екінші бөлім қаталарының ысқыны бірінші бөлімдікіне ұқсас. Қатаның дені бас әріп, сонан соң жазғанда сөз бен әріптерді тастап кетүү.

Мұның себебі де жоғарғы бірінші бөлімдікіндей, оның үстіне сөз, бууын, дыбыстарды айырарлық бірінші бөлімде негіз салынбағандық. Бас әріптің қатасы көп болуының бір себебі: бала сөйлемді, сөйлем ішінде жай сөзден кісі аттары мен қала аттарын айыра алмаудан. Олай болса, мектептер 1933-жылдың пырағырамы мен оқытпаған, тіпті бұрынғы жылдардың пырағырамдарын да қолданбаса ғажап емес. Бас әріп қаталарының көп болуына оқытушылардың діктант жазғыза білмеуі де себеп. Әуелі түсінікті сөйлемді тұтас айтып алып, онсын барып сөздерді жазғызбай, салғаннан жеке сөздерді айтып жаздырған соң, балалар сөйлемнің қайдан басталып, қайда тыннуын білмейді. Сондықтан сөйлем басында да бас әріп қойа алмайды. Осындайдың салдарынан №16 мектеп балаларының кей біреулері сөйлем ортасында «қала» деген сөзді бас әріп пен, ұлы тыныстан соңғы сөздерді кіші әріп пен жазған, «дәптер» орнына «ғәтел», «Қостанай» орнына «қостан», «мектеп» орнына «мектп», «тұрсын» орнына «трсн», «сыйыр» орнына «сйр», «өгіз» орнына «өгз» жазған. Кей бір балалар сөзді сөзден айыра алмаған соң құр бодалақтап қалай болса солай жазады. Мысалы, № 16 мектептің Т-к ұлы деген баласы «мектеп» орнына «метк» деп жазады т.т.

Үшінші бөлімдерде бала басына орта есеп пен келетін қата саны мынадай:

Абат	Жаңа сем.	Затон	Жарма	Түркістан
11,4	10,5	15,3	17,6	21,2

Төртінші бөлімдерде бала басына орташа есеп пен келетін қата саны мынадай:

Түркістан	Ақжал	Семей	Жаңа сем.	Жарма
26,5	26,1	28	29	37,7

Үшінші, төртінші бөлім балаларының орташа қаталарын салыстырсақ, қата саны екеуінде теңге жақын, үшінші, төртінші бөлімдер арасында сауаттылық жағынан айырмашық аз деуге келеді. Бұл оқытушылардың білімі тайыздығын, пырағырам мен іс істей алмай, өзінің білген көрген жерін қайталап түртінекттей беретінін көрсетеді. Мектептерді салыстырсақ, үшінші бөлім болмаса, басқа жағынан Түркістан мектебі зерттелген өзге мектептерден тәуірірек екенін көреміз.

III, IV бөлімдерде ең нашар бала мен ең тәуір бала қаталарының саны мынадай:


Мектептер	Ең тәуір баланың қатасы		Ең нашар баланың қатасы	
	III бөлім	IV бөлім	III бөлім	IV бөлім
Жаңа Семей	6	13	20	39
Абат	2		23	
Затон	6		24	
Жарма	10	26	26	48
Түркістан	12	17	27	37
Ақжал		15		37
Семей		20		59

Бұл бөлімдердің білімі өте нашар болса да балаларының өз ара білімдері қарайлас. Бірақ бұл қарайластық әлді йә орташа балаға бейімделген емес, нашар балаға бейімделген. Мұның себебі мектепке түскен балалардың алдыңғы екі бөлімде жастары мен білімі тайлас болмайды. Екінші оқытұшыларымыздың білім, әдісі шолақ, байлауға келсе де, күрмеуге жетпейді. Сондықтан тәуір балалар еркін бойлап білім ала алмайды, олар білім шегіне балаларға қарай шегеріле береді де, ақырында III, IV бөлімге жеткенде барлық балалардың білімі бір шамалас соғады, бірақ мұның есесіне жалпы бөлімнің білімі шегіншектеп кейін қалады. Әйтпесе 1, 2 бөлімдерге нашар бала мен тәуір бала арасындағы зор айырмашық жойылғанда 3, 4 бөлімде балалардың алды 11 сөйлемнен 59,39 қата шығармас еді.

Үшінші бөлімдер қатасының түрлері мынадай:

	Бас әріп	Йтіншек елік-тіруу	Тартыншақ елік-тіруу	Демеу	Үндестік	Ұу, үу	Йй, йй	Тыныс белгі	Қос сөз	Барлығы	Орташа
Саны	365	1	188	297	78	60	-	190	148	1327	14,4
%	27,6	-	14,2	22,2	5,9	4,5	-	11,2	11,1	100	

Дыйағырам мен көрсеткенде III бөлімдердегі қата түрлері мынадай:




Бұлайша айтқанда қатаның 41,8% бас әріп пен тыныс белгілеріне келеді. Балалар жай сөйлем мен де дұрыс таныс емес, сөйлемді біле алмаған балалар тыныс белгілерінен де қатаны көп жіберген.

*Төртінші бөлімдер қаталарының түрлері:*

	Бас әріп	Қалған сөз	Ійтіншек еліктіруу	Тартыншақ еліктіруу	Демеу	Үндестік	Ұу, ұу	Бй, ій	Тыныс белгі	Қос сөз	Барлығы	Орташа
Саны	375	52	133	141	227	197	86	36	576	121	1947	60
%	20	8,6	6,8	7,8	12	10	3,3	2	30	6	100	

*Дыйағырам мен көрсетілгенде IV бөлімдер қаталарының түрлері мынадай:*

IV-бөлімдер қаталарының табандаған 50% бас әріп пен тыныс белгілеріне келеді. Мектептер *жай сөйлем мен тыныс белгілерін жөнді оқытпаған, пырағырам етілмеген*. Бұл бөлімдерге үндестік пен ійтіншек еліктірууден, пырағырам бойынша, қата кетүүге тійіс емес, шынында қата көп болып отыр. *III, IV бөлімдер қаталарын талдап қарасақ, балалар ғираматікені, ережелерін, сөйлем түрлерін білмейтінін көреміз.*



Сондықтан үшінші бөлім балалары «Қазанғап» орнына «қазан қап» йә «қазанғап», «Есенғалый» орнына «есен қалый» йә «Қасенқалый», «оқуға» орнына «оқығуға» жазған (Жарма), «кісінейсің», «келесің» орнына «Кісінейсін», «Келесін» жазған (Түркістан). Төртінші бөлімде «жап-жақсы» орына «жап, жақсы» йә «Жапжақсы», «оқыймыз» орнына «оқыйміз», «кісінейсің» орнына «кісінейсін», «жатпа» орнына «жатба» йә «жат ба», «кітапта» орнына «кітаптә», «кітәпта», «іліуулі» орнына «іліуулі» йә «іліуілі» жазған. Міне, *сүйтіп, балалар ғираматікеден, дыбыс жүйесінен қабарсыз. III, IV бөлімдерде еш жерде сұрау белгілерін қойууды білмейді. Қаратпа, қыстырма, төл сөз дегендерді оқымаған. Қысқасы сөйлем жүйесі I басқышта үбдірі мен жоқ.*

Мұның бәріне, әрйіне алды мен оқытұшылардың білімі тайыздығы, тәжірийбесінің кемістігі, бір орында тұрақтамай сусый берууі, оқытұшылардың өздері де емлани, ғираматійкені дұрыс білмеуі себеп. Екінші басқышта да оқытұшыларымыз жайы осындай.

*Оқытұшыларымыздың білімі мынадай:*

	Төменгі мектептен ғана оқығаны		Орта білімділері		Жоғарғы білімді бітірмегені		Жоғары білімділері	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%
I басқышта	26	4,6	38	59,4				
II басқышта	8	19	32	64	4	8		

*Оқытұшылардың стажы (неше жыл оқытқаны)*

	5 жылдан кем		10 жылдан кем		15 жылдай, онан да артық	
I басқышта	34	53,1	16	25	14	21,9
II басқышта	18	36	10	20	22	44

Оқытұшылардың сұсымалдығы, қаңбақтай бір жерден екінші жерге аударылұуы адам жағасын ұстарлық. Мәселен, Семейдің үлгілі №1 мектебінің I-бөлімінде бір қыста 4 оқытұшы алмасқан, II бөлімде 5 оқытұшы алмасқан. Сол мектепте бір жылда 3 меңгерууші, 3 оқу бастығы, 4 шарууашылық бастығы ауысқан. Сол мектептің I басқышындағы оқытұшылар тегісінен бірінші жыл келгендер. Жаңа Семей мектебінің II оқытұшыларының 8 жаңа. Ақжалдағы 3 мектепте 18 оқытұшының 15 жаңа.

Міне осындай білімі, тәжірийбесі тайыз, сұсымал көшпелі оқытұшылар мен отырғанда I басқыш балаларының сауаттылығы нашар болууы таңырқалық нәрсе емес, қайта балалардың бір нәрсені үйренууі таңырқарлық нәрсе. Мұндай күйде отырғанда тек оқушылар мен ата-аналарының оқуға ынталығынан сауаттылыққа ійе болып отырымыз.

*Екінші басқыш қатарына келсек, мынаны көреміз:*

	V бөлім			VI бөлім			VII бөлім		
	I ба- лаға келетін орташа қата	Ең нашар бала қата- сы	Ең тәуір бала қата- сы	I ба- лаға келетін орташа қата	Ең нашар бала қата- сы	Ең тәуір бала қата- сы	I ба- лаға келетін орташа қата	Ең нашар бала қата- сы	Ең тәуір бала қата- сы
Жарма	26,2	33	15	40	27	13	-	-	-
Жаңа Семей	23	26	13	21	10	26	17,5	25	-

Екі мектепті қосқанда бала басына орта есеп пен келетін қата саны: V бөлімдерде, II, VI 27, VII – 17,6 қата.

Бірінші басқышқа карағанда екінші басқыш балаларының білімдері *бір келкілеу* деуге болады. Әйтсе де, орташа қатаға карағанда екінші басқыш

балаларының сауаттылығы өте нашар. Мектептерді салыстырсақ, *Жарма мектебінің* балалары *екінші басқышта Жаңа Семейден* екі ретке жұуық сауаты кем.

*Екінші басқыш қата түрлері мынадай:*



		Үндес-тік	Йтін-шек елік-тіруу	Тартын-шақ елік-тіруу	Бас әріп	Қос сөз	Кірік сөз	Ұу, үу	Йй, йй	Ты-ныс белгі	Түр-лі қат	Бар-лығы
V б.	Саны	97	118	-	176	96	28	22	-	430	112	1079
	%	8.9	10.9	-	16.6	8.9	2.5	2	-	39.9	10.3	100
VI б.	Саны	14	39	-	66	30	16	6	2	164	74	411
	%	3.4	9.7	-	16	7.7	3.8	1.4	0.3	40	18	100
VII	Саны	33	25	-	4	1	15	1	-	96	23	212
	%	15.8	11.7	-	1.8	7	7	0.4	-	45.5	10.8	100

*Көрнекілік үшін қата түрлерін дайығырамға салып көрсетелік.*


*V-бөлімдер қатасының түрлері:*

VI бөлімдер қаталарының түрлері:

Сүйтіп қатаның тең жартысына тайауы тыныс белгілері. Олай болса, балалар жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдер жайында кіресілі-шығасылы ғана білім алған. Жоғары басқан сайын емла қатасы да өршіі бастағанын көреміз.



Бұл өткен жылдардағы білім мен соңғы жылдардағы білім байланыспағаннан. Оның үстіне балалар сабақты, ғираматікені оқытушы аузынан қат жазу есігінде сұлуы жабағы түрде жазып алады да соны мен жұмыс бітеді. Бала қолына ана тілінен кітап берілмейді, ғираматіке талдауы болмайды, жаттықтыру жұмыстары жүрмейді, баланың істегені, жазып алғаны түзетілмейді. Тілдің әр құбылысына ылайықты әдістер ұсталмайды. Оқытушылар ана тілінің, әдістерін білмейді, дәптер қаралмайды.



### Емла кемшілігін жойғу тұралы.

1. Бір бөлімдегі тәуір бала мен нашар бала арасындағы айырмашық аспан мен жердей болып отыр. Мұнан тәуір бала ілгері жүре алмайды, нашар балаға бәрі бір пайда жоқ, ол тек бөлімнің айағына тұсау болады да отырады.

Сондықтан өте нашар баланы бөліп, өзінің мардымы жететін бөлімде ұстау керек. Сол бөлімнің дүрмегіне ілесе алатын нашар балаға айырықша арнаулы көмек ұйымдастыру керек. Көмек түрі – нашар балаға сабақ үстінде айырықша зейін салу, кітап, құрал, қағаз қарындаш пен қамсыздандыру, жетісіне екі үш рет бөлек оқытып жәрдем беру, ата-аналарын шақырып алып түсіндіру т.т.

2. Бірінші, екінші бөлімдерде балалар сөзді, бұуынды, дыбыстарды тастап кетуінің басты себебі – сөз, бұуын, дыбыстарды дұрыс жіктей алмаудан жана жоғарғы көрсеткеніміздей оқытушының диктант әдісін білмеуінен.

Бұл кемшіліктерді жойғу үшін мынадай шаралар керек:

Бірінші бөлімде сауат аштырарда әуелі балаларды 10 шақты күн сөз бен бұуынды айыртқуға дағдыландыру керек, онан соң дыбыстарды айыртқуға кірісу керек. Сөзді бұуынға, бұуынды дыбысқа жіктеу жұмысы екінші жылдың айағына шейін жүру керек. Сауат аштыру жұмысын талдау-ұластыру әдісі мен жүргізу тийіс. Бұл әдіс пен қалай сауат аштырудың бүге шігесін Шонан ұлының «Жаңа мектеп» № 4-5-6 не 1932-ж. жазған «Сауат аштыру әдісі» деген мақаласынан түсініп оқып алу керек. Талдау-ұластыру әдісі мен сауат аштырудың негізгі желісі сүгірет арқылы баланың қолын, көзін сөйлеуге тілін 4-5 күн жаттықтыру, сөйлемді сөзге, сөзді бұуынға, буынды дыбыс әріпке жіктетіп қайтадан тағы сөз бен сөйлемдер құрастыру.

3. Жазғанда сөзді, бұуынды, дыбыстарды тастап кету мен күресу үшін 1, 2 бөлімдерде балаларды көшіріп жазуға көп дағдыландыру керек. Көшіріп жазуды оқытушылар көбінесе басқа бөлімді оқытқанда баланың «қолы қарап отырмасын» деп береді. Олай көшіріп жазудың пайдасы жоқ, онан безу керек. Көшіріп жазуды емлаға жәрдемші ететін қылып істетуге керек.

Көшірілетін текіст белгілі ережені, емланың бір жерін үйрететін болуу керек. Сондықтан кез келген текісті көшіруу үшін берүүге болмайды. Көшірілетін үлгіні оқытұшы асықпай әдемілеп балаларға тақтадағы үлгіні дауыстап, бұуынға бөліп оқыйды. Сүйтіп көргенін айтып дағдыланады. Онан соң көшіретін текісті әр бала кеспе әліппеден құрайды да дұрыс құралған құралмағанын тақтадағы үлгі мен салыстырады. Сонан соң барып көшіріп жазады. Көшірууге жеке сөздер емес, қысқа сөздерден құралған ықшам сөйлемдер берүү керек.

Осы күні оқытұшылар тақтаға сызықсыз ұйқы-тұйқы жаза салады. Көшіретін текістке балалардың көзі, құлағы, тілі жаттықтырылмайды. Мұндай көшірууден пайда жоқ.

4 бөлімдерде кітаптан көшірууге беріледі. Бірақ кітаптан көшіргенді оқытұшы тықтап қарап тұрмаса, құр көшіргеннен пайда жоқ, қайта зыйан бар. Көшіргенді оқытұшы бақылап, соңынан түзеп, жұмысқа баға беріп отырұуы керек. Үйде көшірууге берген жұмысты да оқытұшы бақылап, түзеп, сынап отырұуы керек.

Балалар өз оқулығынан көшіретін текісті әуелі оқытұшы жетегі мен түсініп алуу керек. Нені қалай істеуін түсінгенде ғана көшірууге кірісуу керек. Үйде көшіретін текст те осылай түсіндіріліп беріледі. Көшірілген текісті оқытұшы артынан дүзеп шығуу керек. Үйде көшірууге берілетін текіст өте кішкене болуу керек. Көшіргенде бала емланың керек жерлерінің астын қызыл йә көк қарындаш пен сызып отырсын. Мұндай түсті қарындаш болмаса емланың керекті жерлерін бадырайтып ірі жазып астын сызсын.

4. Сөзді, бұуынды, дыбысты тастап кетуу мен күресуу үшін тағы бір керекті жұмыс – сауат ашқан кездегі жіктеген, онан соң да талдаған бұуындарын ірі жазып, жарға іліп қойуу. Әсіресе балалар көп қаталасатын **ұу, үу, ый, йй** бұуындары араласқан сөздерді, қысқа дауыстылар келетін тұйық бұуындарды (*жыл-қы, тұр-сын, ө-гіз*), екі дыбыс қосарланып келген сөздерді (*аттар, нанның*) жарға дүкестеп іліп қойуу керек. Қаталасады деген жерлердің астын сызып қойуу керек, йә қызыл мен жазып қойуу керек. Баланың көбірек қаталасатыны да осындай жерлер болып отыр.

4. Емлаға жаттықтыруу үшін диктант (жат жазуу) жүруу керек. Диктанттың екі үлкен айрығы бар: сақтандыруу жана сынау – тексеруу диктант. Сақтандыруу диктант үш түрлі: **көрүү, естүү, шығарма** түрлері.

**Көрүү диктанты** былай жүреді:

1. Балаларға емланың бір жерін үйретууге арналған текст беріледі. Текіст әдемілеп қол мен жазылғаны дұрыс. Әйтпесе текісті кітаптан берсе де болады. Қол мен жазса, керек жерді ірі йә басқаша бақырайтып жазуу керек. Кітаптан берілсе, керек жерлер өзгеше басылған болуу керек.

2. Оқушылар сол текісті оқыйды, бөлекше жазылған сөздерді байқап, олардың қалай жазылатынын ғираматікеге йә ұқсас сөздерге қарай түсіндіреді.

3. Ол сөздерді бірінің астына бірін теріп жазады, керек әріпті йә ірі, йә жоғары, йә бөтен түс пен жазады, йә астынан сызады.

4. Сол сөздер кіріскен жаңа сөйлемдер ойлап табады, ол сөздерді оқытұшы әуелі тақтаға жазып қойады.

Әріптерін жорта тастап кеткен сөздері бар сөйлемдерді көшіреді де керек әріптерін тауып жазып отырады.

Сөз ішінде қалған әріптерін тауып жазуу сынау жана шығарма жұмысына жатады...

Міне, бұл жұмыстардың бірі қалып қойса, бала дұрыс емла үйрене алмайды. Мәселен, қыйын сөздерді бірінің астына бірін жазуу жұмысы қалып қойса да, балалар ережені түсіне алмай алжасып қалады. Қыйын сөздердің мұндай кестесін көзге түсерлік, есте қаларлық, оңай табарлық қылып істеу керек. Әйтпесе тәртіпсіз йә жаман жазылған кестеден пайда жоқ. Кестеге керек ережеге келетін сөздер әдейі теріп жазылсын. Ақ қағазға әдемі анық етіп жазылсын. Сөздің сол ережеге жататын жері йә қыйын жері бадырайған қызыл йә бойау мен жазылсын.

Мәселен III бөлімде етістіктің екінші жақ жіктеуі «**сын**» (**н**) жазылатынын көрсету үшін мынадай кесте жасатуға болады:

Айтасың	Келесің
Тұрасың	Жүресің
Аласың	Бересің

Екінші бөлімде кең шығысты дауыстылар алдынан **уу**, **үү** жазыллуын көрсету үшін мынадай кесте жасауға болады:

Сууат	Керуует
Қууат	Керууен
Қууанды	Серууен
Бұуаз	

Үшінші бөлімге **г**, **ғ**, **к**, **қ** алдынан қай кезде **н** қай кезде **н** жазылатынын көрсету үшін мынадай кесте жасауға болады:

Қазанғап	Қазанға
Есенгелді	Есенге
Жаңғабыл	Ержанға
Онға	Онға
Жаңға	Жанға

Қыйын деген сөздерден балалар емла сөздігін жасап отыруу керек. Ол сөздікке керек кезінде қарап пайдаланып отыруу керек. Сөздікке мәселен кіріккен сөздерден *тәңертең*, *аппақ*, *көкпеңбек* сыйақты қос сөздерден *бала-шаға*, *алуан-алуан*, *көз-бе көз*, *ауыз-ба ауыз* сыйақты сөздерді жазуу тийіс. Емланың басқа ережелеріне де келетін қыйын сөздерді балалар емла сөздігіне жазып, пайдаланып отырсын.

Көрсетуу диктантының ғираматіке мен жана естуу диктанты мен байланысты бір түрі былай жүреді. Айталық, екінші жыл айағында **демеу** жазыллуын үйретуу керек болды. Кеңесбай ұлы ғираматікесінің 60 бетіндегі демеулі текісті аламыз:

1. Оны балаларға оқытамыз. Кітапқа қаратып отырып балаларға ғираматіке бойынша талдатамыз. Мысалға сол текістің – алдыңғы сөйлемін алайық: «Егін сұуаруу үшін әкем көп кісі мен бірге егістікке кетті».

*Егін* – жіңішке сөз, **г**-ден соң **і** жазылады.

*Сұуарұу* – жұуан сөз; **с** пен **р**-дан соң ұзын естілген жерге **ұу** жазылады.

*Үшін* – демеу, алдыңғы сөзден бөлек жазылады.

*Әкем* – жіңішке сөз, басына **ә** жазылады.

*Көп* – жіңішке сөз, **к**-ден соң **ө** жазылады.

*Кісі* – жіңішке сөз, **і** жазылады.

*Мен* – демеу, бөлек жазылады.

*Бірге* – жіңішке сөз, **г, т**-дан соң **і** жазылады.

*Кетті* – жіңішке сөз, айағында **і** жазылады.

2. Мұнан соң балалар бұл сөздердің тағы бір қарап шығарады, оқытұшы енді мұны жатқа жазасындар деп сақтандырады (сақтандырса балалар зейін салып қарайды).

3. Енді кітап жабылады, оқытұшы әлгі сөздерді екі-үш рет айтып шығады.

Балалар жазады.

4. Діктант жазып жатқанда оқытұшы парталарды аралап, балалардың қатасын байқайды, бірақ ештеме демейді.

5. Жазып болған соң балалар кітапты ашып жазғанын салыстырады, қаталарын түзеп, астын сызады.

6. Мұнан оқытұшы қата шығарған баланы, тақтаға шығарады да, жазғанын кітаптағы сөздер мен салыстырады, неге бұлай жазу керектігін балаға айттырады.

Мұнан соң келер сөйлемді де осылай етіп жазғызады.

Тек осы ізден аумай жүргізсе ғана мұндай көрсетту діктанттан пайда үлкен. Мұның бір шартын бұзса, пайда орнына зыйан болады, балалар көп қата шығарады. Жазғанын балалар кітапқа қарап салыстырмаса да пайда жоқ.

Кітаптан оқымай, балалар тақтадан оқып барып жатқа жазса тақтадағы жазу сүртілмей, тек жауып қойылу керек, артынан ашып балалардың қатасын салыстыру керек.

**Естертүу:** діктант жүргізгенде сөйлемді айтып балаларға жаздырмастан бұрын қыйын сөздерді ғірамаііке жағынан талдайды, жазылатын ережеге жататын сөздер тақтаға теріп жазылып қойылады. Мәселен, демеулердің бөлек жазылуыын үйрететін болса, сол діктантта ұшырайтын демеулерді теріп тақтаға жазып қойу керек. Мәселен: *үшін, пен, мен, бен, зой, да, де, та, те, ма? ме? ба? бе? на? не?* тағысын тағылар.

Мұнан соң оқытұшы жазылатын сөйлемді екі-үш рет айтып шығады, бір екі бала қайтарады, онан соң балалар жазады. Сүйтіп, ғірамаііке талдауы жүріп болған соң, сол ережеге жататын сөздер тақтада тұрған соң, бала қата қылмасына көз жеткен соң ғана естүү діктанты жасалатын болды. Әйтпесе діктанттан пайда жоқ.

Естүү діктантының қатасын байқау, сынау үшін:

1. Қай бала қалай жазып жатқанын оқытұшы партаны аралап жүріп байқайды. Сөйлемді жазып болған соң қаталасқан баланы тақтаға шығарып алып, қалай жазғанын, дұрысында қалай жазу керектігін, неге олай жазу керектігін сұрайды.

2. Йә оқытұшы керек сөйлемді сабақтан бұрын тақтаға жазып, жауып қойады. Балалар жазып болған соң ол жазған сөзін ашып, соған қаратып балалардың қатасын дүзеттіреді.

3. Йә оқытуушы дәптерлерді жыйып алып өзі қарайды да соңынан кіласта отырып балалардың қатасын жоғарғы сыйақты түсіндіреді.

**Шығарма диктант** кезінде балалардың өзінің тапқырлығы шығарғыштығы майданға шығады. Шығарма диктант әр түрлі жерде ұсталады. Шығарма диктанты бірнеше берілген бөлек сөздерден сөйлем құрастыру үшін де ұстауға болады. Сөйлемде жорта қалдырып кеткен сөзді, йә сөздің айағын тауып жазуу үшін де қолданады йә тағы сондай бала өз ойы мен тауып жазуу керек жерде ұсталады.

Шығарма диктант та белгілі ережеге сүйеніп беріледі. Бет алды құла түз, кез келген сөзді, жалғауды балаға тауып жаза берүүге болмайды. Кеңеспай ұлының 2-жылдық ғираматікенің 51-бетіндегі №68 жұмысты алалық. Шығарғыштық диктант үшін онда мынадай сөйлемдер бар: «Бай аттың ... (айақ) ақсатты», бала жақшадағы сөздің айағын өзгерттіп, жақшаны қалдырып, көп нүкте орнына сол айағы өзгерген сөзді жазуу керек. Диктанттан бұрын балалар текісті оқып шығады. Жақшадағы сөздерді қалай жазууы түсіндіріледі. Сонан соң балалар жазууға кіріседі. Қаталарын сынау, жана түзеу жолы басқа диктанттардікі сыйақты болады.

Емланиң әр ережесін жақсы сіңіру үшін осы диктанттан қай рет пен жүруу керек? Әуелі көрсетуу, онан соң естіртуу, онан соң шығарма диктант келеді. Ең соңынан сынау диктанты жүреді.

Сынау әр диктант үстінде қатаны түзетуу есебінде болып отыратынын көрдік. Оның үстіне емланиң әр бөлімі біткен соң барып ерекше бір сынау диктанты жүреді.

**Сынау диктанты** балалар белгілі бөлімді қалай білгенін, нені түсіне алмағанын сынау үшін жүреді. Сынау диктантында қай сөзді қалай жазууы, не ғираматіке талдауы болмайды. Өткен ережелерге үлестіріліп алған сөзден құралған сөйлемдер тіке айтылып, балалар білгенінше жаза береді. Артынан қатасы түзетіліп, түсіндіріледі (қалай түзетуу тұуралы кейінде айтылады). Сүйтіп, сынау диктанты балаға жаңа білім де бермейді білім де қоспайды, тек артын тексеруу үшін ғана керек болады.

5. Біздің емламіз онша ауыр еместігі зерттеу матерійалынан көрініп тұр. Бірақ емлани дұрыс білуу үшін оны ғираматіке мен, тілдің басқа жұмыстары мен байланыстырып отыруу керек. Жазған сөздерін бала ғираматіке жағынан талдап отырсын. Кей бір тілдердікі, мәселен орыс тілінікі сыйақты біздің емламізді тек жаттап алуу мен білуу қыйын. Әріне кей қыйын сөздерді (мәселен: *көкпеңбек, таңертең*) жаттап алуу керек. Бірақ негізінде біздің емламізді ғираматікені жақсы білуу арқылы дұрыс жаза аламыз, түсінсек дұрыс жаза аламыз.

6. Үшінші бөлімнен асқан соң қатаның көбі сөйлем жүйесіне байланысып отыр. Мектептерде сөйлем жүйесі оқылмайды, оқылса да жүрдім-бардым оқытылады. Енді сөйлем жүйесін дұрыс оқууымыз керек екендігі көрініп отыр. Мектептерде өте-мөте тыныс белгілерінің қатасы көп. Тыныс белгілер бір жағынан сөйлем жүйесінің ережелері мен байланысты болса, екінші жағынан баланың дауыс ырғағын келтіріп сөйлеуі жана оқууы мен де байланысты. Сүйтіп, тыныс қаталарының бір ұшы оқууға келіп тіреледі. Сүйтіп, оқуу үстінде де тыныс белгілерін түсіндіре отыруы керек.

Қатаның көбі тыныс белгілері, бас әріптен кететін болған соң, балаларға жыл айағына қалдырмай, жыл басынан бастап осы тыныс белгілері мен бас әріп емласін оқыта беруу керек.

7. Мектепте баланың білімін сынау деген дұрыс жолға қойылмаған. Баланың білімін сынаудың бір жолы – жазған жұмыстарындағы қаталарын түзету. Осы күні мектептерде баланың жазуын не түзетпейді, не ат өтті қылып қана қарайды. Оқытұшылар баланың қатасын қалай түзету ретінде де жақсы білмейді.

Қата түзетуудің түрлі жолдары бар. Әр түрлі жұмыстың қатасын әр түрлі жол мен түзету керек. Қата түзетуудің сыннан өткен бір неше жолдары мыналар:

1. Әзір текістен көшірілген жазуу болса, оның қаталарының астын қызыл қарындаш пен сызып, көшірген текістке қаратып, балалардың өзіне түзетіруу керек. Онан соң бірнеше баланы тақтаға шығарып, қатасының себебін айттыруу керек.

2. Текістке қарамай жазылған диктант болса, 1, 2-жылдары балалар қатасының астын сызып, қатаны оқытұшының өзі түзетуу керек. 3-інші жылдардан бастап, өтпеген ережеден қата кетсе, жоғарғыша оқытұшының өзі түзетеді. Ал, қата оқылған ережеден кетсе, оқытұшы қатаны түзетпей тек астынан сызады да дәптердің ақ тұрған тұсына йә айағына «тексеруу үлгісін» ғана береді. Сол тексеруу үлгісіне қарап бала қатасын түзейді. Мысал: бала «ілуулі» деген сөзде у алдынан і жазып қойса, оқытұшы мынадай тексеруу үлгісін береді. *Келуу, білуу, жүруу, күлуу*, жана қата кеткен әріпті бадырайтып ірі жазып береді. Осы тексеруу үлгісіне қарап, бала өз қатасын әрі ұғынады, әрі түзейді.

Мұнан соң оқытұшы балалардың кейіпкер қаталарын (көп ұшырайтын) бөліп, сол қаталарды жойуу үшін қосымша жаттықтыруу жұмыстарын жүргізуу керек. Мәселен, бөлім балалары кісі аттарын бас әріп пен жазудан сүріне берсе, міне, сол кісі атында бас әріпті жазууға дағдыланғанша жаттықтыруу жұмыстарын жүргізуу керек.

Алты күндік басында бір рет сынау диктантын жүргізіп балалардың әлсіз жерін біліп отыруу керек. Сол әлсіз жеріне күш салып, кемістікті жойып отыруу керек.

8. Қолы жаман баланың қатасы да көп болатынын екіспедетсіе жұмысы көрсетіп отыр. Сондықтан баланың анық, әдемі жазууына күнде зейін салып отыруу керек.

(Ол тұралы өз алдына әдіс қат басылып шыққан, соны қарау керек).

9. Емла жөнді жүрмеуі не себептің бірі мектепте құрал кемістігі. Кеспе әліппе, емла кестесі, тыныс белгілерінің кестесі жоқ. Әдіс кітаптар, оқуу құралдары, жарға қағатын көрнекті құралдар, емла сөздігі жоқ. Мұның бәрін тез арада мектепке жетістірууіміз керек.

10. Енді емла сабағының желісі қандай болууын көрсетелік.

Басқа пәндер сабағы сыйақты, емла сабағы да үш түрлі болады:

а) Жаңа білім беруу, б) білімді сіңіруу, с) білімді тексеруу – сынау. Бұл үш түрдің бірі қалып қойса, емла сабағы дұрыс жүрмеген болады.

А. Жаңа білім беруу желісі мынау:

1. Бұрынғылар мен байланыстыруу (жаңа білім мен сабақтас бұрынғы білімдерін келте қайтаруу). 2) Балаларға жаңа білімнің мақсатын түсін-

діруу. Мысалы, «Бүгін қос сөздер жайын үйренеміз» деу сыйақты. 3) Жана білім беруу.

а) Кітапта йә тақтада жазуулы текістен керек құбылысты бақылау, оқытуушының жетегі мен көзін үйретуу, салыстыруу. 4) Оқытуушы жетегі мен қорытуу шығаруу. 5) Қорытууды жазып алуу. 6) Балалар өз беті мен жұмыс істеп, бұл білімді сіңіруу: а) Ұқсас мысалдар ойлап табуу, б) сол ережеге ылайықты сөздерден кесте жасау, ш) кітаптан мысалдар іздеп табуу, ж) оқуу құралында берілген жұмысты орындау. 7) Балалардың өз беті мен істеген жұмыстарын тексеріп сынау. 8) Үйге жұмыс тапсыруу. 9) Істеген жұмысын шолуу (бүгін біз не білдік).

Б. Емланың жаңа ережесін сіңіруу сабағының желісі мынау: 1) өткен сабақ пен байланыстыруу (өткен сабақта не білдік). 2) Мақсат қойуу (пәлендей ережені сіңіруу). 3) Көрсетуу діктанты жана дұрыс жазылған үлгілерді байқатуу. 4) Керек сөздер кестесін жасау. 5) Мысал ойлап тауып жазуу. 6) Емла сөздігіне керек сөздерді жазып алуу. 7) Үйге ықшамдау жұмыс беруу.

Екінші сабақта да жаңа ереже осы рет пен сіңіріледі. Оның үстіне көшіруу, текіст оқуу, түсіндіруу, білім сынау, тексеруу жана үйге жұмыс тапсыруулар болады.

Үшінші сабақта өткенді қайтарып, тақтаға керек сөздерді жаздырып, сабақ мақсатын түсіндіреді, оның үстіне мынадай жұмыстар қосылады: 1) Оқытуушы тұтасынан керек текісті оқыйды. 2) Оған сұрау қойылады (балалардың түсінігін байқау үшін). 3) Текістен сон бөлек сөйлемдер оқылады. 4) Грамматіке жағынан талдау болып, тақтаға жазылған сөздер емласі түсіндіреді. 5) Жазуу. 6) Жазғанды тексеруу, сынау. 7) Үлгі жұмыс тапсыруу.

Төртінші сабақта: 1) Шығарма діктант істеліп, керек сөздерді йә әріптерді балалардың өздері тауып жазады. 2) Баланың қаталары түзеледі, тексеріледі, сыналады.

Бесінші сабақта – тексеруу жұмысы (тексеруу діктанты). Алтыншы сабақта балалардың кейіпкер қаталары жайында қосымша жұмыстар болады.

Міне сүйтіп, бір ереже балалардың мійіне әбден сіңген соң барып, келер ережеге көшуу керек. Келер ережеге кешкен соң алдыңғыларды ұмытып кетпей, соңғы сабақтар мен байланыс есебінде дүркін-дүркін қайтарып, еске түсіріп отыруу керек.

11. Мектеп жөнді білім бере алмауына, балалар жақсы сауатты бола алмауына бас себеп – оқытуушылар білімінің тапшылығы, әдіске шорқақтығы, тәжірйібеге кедейлігі, грамматіке мен емланы дұрыс білмеуі, оқытуушылардың бір жерден екінші жерге сұусый берууі дедік. Мұнын бәрі партыйа мен үкіметтің оқытуушыны ардақта, оқытуушы жұмысына қолайлы жағдай тұғыз, тұрмысын түзе деген нұсқауын орындаудан көп аудандарымыз аулақ жатқанын көрсетеді. «Сұусымалдық» пен күрес деген ұстазымыз Сталін өсіетгін әлі жүзеге асыра алмай жатқанынымызды көреміз. «Сұусымал» оқытуушы жұмысқа салақ қарап, сырттан тайақ сұраудың кебін кійеді. «Оқытуушылардың сұусымалдығы» мен, оқытуушыны «жел аударған қаңбақтай, сұу аударған дөңбектей» мектептен мектепке құуалаушылыққа аймамай соккы беруу керек.

Өзінің қалт-құлт білімі бар, өзі емла мен ғираматікені сұулы жабағы біліп отырған оқытуушы балаға қанағаттанарлық білім бере алады деуге ауыз бармайды. Сондықтан оқытуушының білімін көтеруу кезеңді мәселенің бірі болып тұр.

12. Оқытуушының да оқуушының да сауаттылығы кем болмауына бір себеп кейде емла тұралы әңгімелер болып тұрұуы. Мұндай әңгімелер гәзеттерде де анда-санда жазылып қалады. Оның үстіне гәзеттеріміз емлані дұрыс жазұуға зейін салмайды. Көп сөздер йә жазұушыдан, йә кәректірден қага кетеді. Оны есітіп йә гәзеттен көзі шалып қалған кеңес қызметкерлері, оқытұушылар: «әй, осы емламіздің бауы берік емес-ау, өзі орнығып болсыншы, қымбат уақытымды әбден орнығып болған емлані үйренууге жіберермін» деп, сыныққа сылтау қылып, сүйретпеге салып жүре береді. Бұлайша айтқанда шала сауатты болып қала береді. Емлані 1929 жылы Үкімет бекіткен. Сондықтан емлані тек үкімет қана өзгерте алады. Йә біреу гәзет ойын дейді сөз екенін екіспедтсіе мәтеріялы көрсетіп отыр. Біз сауатты жазұуы, йә гәзетте сөздің қате басылұуына қарап, емла өзгерді дау қага. Сол 1929 жылғы емлені бұлжытпай ұстау керек. Емланің кемшілік жерлерін түзеу жайын ілім-зерттеу орындары қарасып жатыр. Емланің қай жері өзгерілсе, кезінде үкімет декірет шығарады. Сонда барып қана, өзгертілген жерін өзгерууінше жазуу керек. Әзір 1929 жылғы емлані бұлжытпай ұстамаған кісі айыпты саналады.

А. ГОЛӘҚОБСКАЙА

**1-басқыш қазақ мектептерінде оқып төселуу жағдайы.**

Қат танытып, баларды оқуға және жазуға төселдіруу күрделі жұмыс, бірінші көзге түсуінен бұл әлде қайда қыйын (шытырманды) жұмыс. Оқып және жаза білуу сатсыйалдық құрылысқа керек мәденіет кенесін көтеруу жөніндегі бірінші адым деп Б.И.Ленін өз сөзінде талай қабат көрсетіп өткен болатын. Ал «түрі ұлттық, мазмұны сатсыйалдық» ұлт мәденіетін жасауға жеппелеген қарқын мен жүріп келе жатқан Қазағыстан жағдайында бұл болмыстың (пақыт) маңызы тіпті зор. Бірақ сайасый сауаттанбай тұрып сатсыйалізім құруу жұмысына, тапсыз қоғам құруу жұмысына белсене кірісуу – ойға сыймайды. Ал сайасый сауаттануу негізі, оның мықты құралы – текнйкелік сауат – бұл даусыз.

«Өз санаңды адам зат жасаған байлықты білуу мен байыта алсаң, міне сонда ғана сен камүнес бола аласың» дейді Ленін.

Мұндай сауаттандыруу сықылды жауапты мәселеге тайануудың әсіресе Қазағыстан жағдайында маңызы өте зор және бұл оқытұшылардың өте көңіл бөлууін талап етеді.

Педагог, жеткіншек белсенді сатсыйалізім құруушыларын тәрбйелеу жұмысында өзіне жүктелген міндеттің зорлығын жылы түсініп, балалардың оқуға төселуу амалынан ірі нәтійжелер алууға бар күшін жұмсау керек. Өткен оқу жылы – оқуу жұмысының сапасын зорайтып, оны ең жоғарғы сатыға көтеруу ұраны мен өтті. Балаларды оқууға үйретуу жұмысы да осы ұран мен өтті.

1933-жылы Майда Ілім-зерттеу педагогійке үністеті жүргізген екіспедісіе алдында тұрған негізгі бір міндет – Семей, Жарма, Түркістан аудандарындағы бірінші басқыш қазақ мектептеріндегі балалардың оқууға төселуу жағдайын зерттеу болатын.

Бірінші гірууппадан бастап жылдам оқууды есеп алуу осы мақсат пен жүрді және дауыстап оқығанда оқуушылардың жіберетін қаталарын талдау да, былай айтқанда дұрыс оқууды зерттеу жұмысы да осы мақсат пен жүрді. Оқудың жылдамдығын және дұрыстығын есепке алғандағы міндет – балалардың текістен алған көруу сезімі мен дауыс ырғағы арасында қандай байланыстың барлығын, қалай жылдам оқып, дұрыс түсінууін тағайындау болады. Балалардың оқууға төселууін зерттегенде жылдамдықты дұрыс оқудан бөліп, жалғыз ғана оқуу жылдамдығы мен қанағаттануу – осыны ғана төселуу амалының көрнектісі деп білуу – қолайлы емес, себебі бұл есеп жүргізуушінің, педагогтің төселдіруу амалына кедергі жасайтын мәменттерді айқын ашууына өте аз матерійал береді. Балалардың дұрыс оқып, жылдам жазууға төселууін кез келген матерійалға сүйеніп есеп алууға болмайды, көбінесе мұндай мезгілде балаларға арналып жасалған текіст беріледі. Мұндай мақсатқа оқуу кітабынан текіст беруу жарамайды. Оқуда төселуу есебін жүргізгендегі негізгі бір мақсат сол берілетін текіст мазмұнының балаларға таныс болмауы, ал текіст оқуу кітабынан алынып пайдаланылса, ол текіст пен балалар бұрын таныс емес деп сенуге бол-

майды. Сон-соң бұл текіст пен балалардың таныстығы әр-түрлі болуға мүмкін, мысалы: кей біреулері мұны жатқа біледі, кей біреулері үстірт біледі, кей біреулері тіпті білмейді. Ал, жылдам және дұрыс оқу есебін жүргізу үшін ең әуелі бар балаға бірдей матерiйал болу керек.

Оның бер жағында оқу кiтабынан алынған матерiйал қыйындық жағынан ала (шұбар) болуға мүмкін, ал оқуға төселуді есепке алатын текіст бұл жағынан тәртіпке түскен болу керек.

Барлық негізгі тілектерді есепке ала отырып оқуға арнап біз екі түрлі текіст жасадық; мүмкін біріншісі – I және II гiрұппа балаларының оқуға төселуін зерттеуге арналды, текіст ірі шірііпт пен басылды, онда 83 бұуын, 36 сөз бар. Текіст сөздері аз бұуынды. Мына:

«Қат білдік. Дұрыс жазамыз. Балалар тәртіпті. Ерте тұрып жұуынып келеді. Сабақ сағат сегіз жарымда басталады. Мұғалім қоңырау қағысы мен сабаққа кіреді. Арналған сабақтарын береді. Сабағымыз күннен күнге қызық. Сатсыйалдық жарыс пен оқыймыз» деген текіст берілді.

Бұл текісттегі ең ұзын төрт бұуынды сөздер, олар 8-9 әріптен құралған. Негізінде матерiйал қыйындығы басынан айағына дейін бір түрлі.

II текіст I басқыштың III-IV гiрұппаларына арналды, бұлар кішірек шірііпт пен берілді және матерiйал қыйындығы бір тегіс болды.

Тақырып (тема) 1-Май: «Майдың бірі күні барлық еңбекшілер мен оның балалары қатар түзеп, дұшпандарға қыр көрсетеді. Бұған жазылған ұрандары болады, қолға қызыл тұу ұсталады. Түрлі ән мен төңкеріс өлеңдері айтылады. Бірінші май жер жүзі еңбекшілерінің бостандыққа тартысуу күні» деген.

Міне бұл текістте 90 бұуын 35 сөз бар.

Бұл екі текісті жасағанда біз көбінесе осындай матерiйалға қойылатын педагогiйелік тілекті қамтамасыз етуге тырыстық, бірақ бұл матерiйал алдын ала жіті тексерілмеді, әрiйне, бұл қыйғаш мәментің бірі болып есептеледі.

Бұл кезде бөлмеге бала бір-бірден шақырылады да отырғаннан кейін олар шығуға міндетті текіст жазылған быланке алдарына қойылады. Бірақ екіспедійтсе жұмыс істеген жағдай – балалардың оқуға төселуу есебін жүргізгенде олардың жеке даралығын тілейтін мақсатты орындауға жібермеді. Көбінесе бұл зерттеу жұмысы балалар сабақ оқып отырған кіласта жүрді, бұл мезгілде баланың оқыған дауысы өз қызметі мен алданып отырған басқа балаларға естілмейтін ең шет бұрышқа балалар біртіндеп шақырылып отырды. Бұл жағдайдың болууы, екіспедійтсеге жүктелген мәселе санына қарағанда, оның алған уақыт мезгілінің аздығынан еді, міне сондықтан әр-бір мектепті зерттегенде екіспедійтсе ықтыярсыз аз уақыт ішіне сыйып отыруға міндетті болды.

Бірақ кей-бір мектептерде, мысалы: Жарма ыстансасындағы бірінші басқыш сағаттар жүрмей, табыс есебі жүріп жатты, міне сондықтан бұл зерттеуді жеке бөлмеде жүргізууге мүмкіндік болды, ол бөлмеге балалар бір-бірден кіріп отырды.

Оқып төселуді жүргізууге керек тілектер мыналар, әр-бір оқушыларға арналған текісті бар быланкелер болады, барлық керек белгілер соған жазылады, осы текісті оқып шығуға жұмсалған мезгіл белгіленеді, оқу сыпаты, оқығанда кеткен қателер тағысын-тағылар жазылады.

Бұл тілекті тыйанақтап шығуға болмады, себебі бланкелер саны жетімсіз болды, сондықтан оқушылардың бәрі бір бланкені оқыды, барлық белгілер жеке қағазға жазылып отырды. Бұл зерттеуді өте қыйындатты, себебі оқушылар оқығанда қата жіберген сөздердің бәрін жаза отырып, соны мен бірге олардың қалай оқуын және оқып шығуға жұмсаған мезгілін де күзетіп отыруу қыйындыққа ұшыратты.

Оқушы келіп отырғаннан кейін ол оқушы жөніндегі ақпарлар (әкесінің аты, өз аты, жасы, гiрұппасы, мектебі) жазылады да оған: бұрынғы оқып жүргеніңдей етіп мына әңгімені оқып шық, тез және жылдам оқы делінеді: оқушы бірінші бұуынды бастағанда ақ, бастаған секүнтi белгіленеді; оқып жатқанда сол оқудың ерекше сыпаттары жазылып отырады, қателер, қайталаулар, әріп басы сайын, бұуын басы сайын тоқтап ежелеп оқуы, бүтін сөзді оқуы жазылып отырады.

Бірақ жыйналған матерiял сыпаты бiр түрлi емес, мысалы: Семей ауданында оқудың басы және айағы дәл жазылып отырған, бірақ жіберілген қателердің сыпаты көрсетілмеген, Түркістан ауданында оқудың сапа жағын зерттеп жазып отыруу жөнінде матерiял толық болып келді, бірақ мұнда текісті оқып шығуға жұмсаған оқушы мезгілі дәл (секүнт есебі мен) көрсетілмеген.

Бұл көрністің бар матерiялды талдауға әсері, әрiйне, тiйедi, мысалы жалғыз Жарма ауданының ғана матерiялын толық пайдалануға мүмкін болып отыр.

Алынған матерiялды талдап іс қылғанда, оқуға төселүүдi әбiектiлiк есептеуге арналған әдiс қолданылады.

Оқып шыққан балалар жөніндегі белгілер жазылған тарақ қағаз бойынша бойынша оқудың жылдамдығын есептеп шығару үшін барлық текісті оқып шығуға жұмсаған әр баланың мезгілі есептеліп шығарылады, былай айтқанда I-II гiрұппадағы балалардың 83 бұуынды, III-IV гiрұппадағы балалардың 90 бұуынды оқып шығуға жұмсаған мезгілдері есептеліп шығарылады, сонан кейін бiр мүйнетте неше бұуынның оқылатыны есептеліп шығарылады. Қалық ағартуу кәмесерiетiнiң пырағырамы оқуу мөлшерін белгілі бiр сөз саны мен есептеп берген, міне сондықтан бұл есептеушілердің есеп мөлшеріне негіз етіп сөзді алмай, бұуынды алұуы ажап болып көрiнүүге мүмкін. Бірақ пырағырамдағы есептеуіштердің бұл сыпаты толық дәл емес, мысалы әр-бiр еденiтсеге қойылатын тiлек оның өзi мен өзi тең болууы. Ал, сөз өлшеуіші бұл тiлекке жауап бере ала ма? Жауап бере алмайды, себебі сөз әр түрлi болады, мысалы бiр бұуынды сөз де, көп бұуынды сөз де болады, бұлардың әр-бiреуiн оқып шығуға ерекше еңбек, ерекше мезгiл жұмсалады. Бірақ кей уақытта мұнымен қатар текісті бойынша оқылып шыққан сөз сандары да келтірілді. Міне бұл жұмыс біздің матерiялды пырағырам көрсеткендері мен салыстыруу үшін жүргізілді.

*Оқу жылдамдығын есептеуге тартылған балалар саны мынау:*

Мек. гiр.	Ақжал	Жарма	Затон Семей	Семей №16 мектеп	Жаңа Семей	Барлығы
I гiр.	23	25	20	21	-	89
II гiр.	31	20	27	18	-	96

III гiр.	17	4	14	27	22	84
IV гiр.	14	5	-	14	23	56
Барлығы	85	54	61	80	45	325

Бiрiншi гiрiуппадан 89 бала, II гiрiуппадан 96 бала, III гiрiуппадан 81 бала және IV гiрiуппадан 56 бала тартылды. Егер мектептердiң бiрiн-бiрi мен салыстырсақ, кестенiң көрсетiуi бойынша есепке тартылған оқушылардың көбi Ақжал мен Семейдегi 16-мектептегi бiрiншi басқыш балалары болып шығады. Әр-бiр мектеп гiрiуппаларындағы оқушылар саны бiр қалыптас болып көрiнедi, былай айтқанда I және II гiрiуппаларда 20-30 адам, ал III-IV гiрiуппаларда 15-20 адамнан болады.

Жалғыз-ақ Жарма ыстансасындағы мектеп жеке дара тұрады, онда III гiрiуппада барлығы 4-ақ адам, ал IV гiрiуппада барлығы 5-ақ адам бар, сон-соң олар бiрге оқиды, былай айтқанда бiр бөлмеде бiр мұғалiмнен оқиды.

Әр-бiр гiрiуппа мен әр-бiр мектептердi бiр-бiрi мен салыстырғанда бұл жағдайды өте ескеру қажет. Сон-соң жоспар мен жүрiп жыйналған «жанды матерiял» көптiгiнiң – балалардың жазу және оқу мөлшерiнiң қалпын табуға мүмкiндiк беретiнiң, ол қалыптың балалар жұмысының сапасы жөнiнде дәл және әбiектiлiк қорытынды шығаруға мүмкiндiк беретiнiң ескеру қажет. Ал, оқудың қалыпты мөлшерiнiң жасалуы жөнiнде бiр-деме айттуға, мына әр-бiр гiрiуппалардан есепке тартылған балалар санының өте аздығы мүмкiндiк бермейдi (мысалы: барлық III гiрiуппадан 80 адам, барлық IV гiрiуппадан 50 адам ғой).

Әр-бiр гiрiуппада оқу жылдамдығын есептеп шығарғаннан кейiн ортадан төмен жүретiн шек араны анықтайтын кiбiртелдер мен медiяна табылды<sup>2</sup>.

Мектеп	Ақжал		Жарма		Семей Затон		Семей 16-мектеп		Жаңа Семей		
	I	II	I	II	I	II	I	II	I	II	
Гiрiуппа	20	37		35	75	150	140	60	-	-	Ең жақсысы
	32,5	62		52	120	45	215	9	-	-	Қ 2 (II кiбiртел)
	100	81	270	72	145	65	260	135	-	-	М (медiяна)
	130	112		98,5	180	125	305	210			Қ 3 (3-кiбiртел)
	220	162		163	240	180	590	600	-	-	Ең жаманы

Бiрiншi гiрiуппа мен салыстырғанда сол текiстi оқуға II гiрiуппадағы балалардың жұмсаған мезгiлiнiң екi қабат кемүүiн келтiрiлген кестеде

*2 Медiяна мен кiбiртелдер былай табылады:*

*Барлық гiрiуппа қақ жарылады; ортадағы сыйпырлар медiяна болып есептеледi. Сон-соң медiянаға дейiнгi жарты гiрiуппа тағы қақ бөлiнедi де мұның қақ ортадағы сыйпырлары 1-кiбiртел (2) болып аталады. Медiянның төменгi жағындағы жарты гiрiуппа екiге бөлiнiп, оның тап ортасы 3-кiбiртел болып атанады, сонда бiрiншi кiбiртелден жоғары тұрған сыйпырлар ортадан жоғары болып есептеледi, ал 3-кiбiртелден төменгi сыйпырлар ортадан төмен болып есептеледi.*

*Кiбiртелдер арасындағы барлық сыйпырлар гiрiуппа мөлшерi (нормысы) болып есептеледi.*

көрініп тұр, егер әр-бір мектептің зерттелуін алып салыстырсақ, осында шұбар сүүретті көрууге мүмкін. Сүйтіп, егер Ақжар мектебіндегі I ғірууппаның орта медійандық оқушысы 83 бұуынды оқып шығууға 102 секүнт жұмсайтын болса, кіластын 50% 130 секүнттен 82,5 секүнтке дейін жұмсайды, ал, енді, Жарма мектебіндегі бірінші ғірууппаның орта баласы сол текісті оқып шығууға 280 секүнт жұмсайды, Семейдегі 16-мектеп – 210 секүнт және сол текісті оқууға I-ғірууппаның 50% 215-тен 305 секүнтке дейін жұмсайды, ал, енді, Ақжал мектебіндегі I ғірууппаның ең жаман баласы сол текісті оқып шығууға 220 секүнт жұмсайды, Семейдегі 16 мектептің ең жаман оқушысы 590 секүнтте оқып шығады.

Соны мен қатар ең оңды оқушылардың көрсеткен мезгілдері де өте көзге түсерліктей: Ақжал мектебінің I ғірууппасындағы ең жақсы баласы текісті 20 секүнтте оқып шығады, ал сол текісті Семейдегі 16-мектептің ең жақсы баласы 140 секүнтте оқып шығады.

Оқууға төселуді меңгеруу жағдайы егер осы бірінші есептің нәтіжжелері мен жүретін болса, онда бұл Ақжал П.З.С. қазақ мектебінің I ғірууппа қалінің тәп-тәуір екенін көрсетеді, Жарма ыстансасы жанындағы мектептің жұмысы нашар екенін, сон-соң Семей қаласындағы 16-мектеп жұмысының өте қорқынышты екенін көрсетеді.

Егер біз I және II ғірууппалардағы балалардың оқуу жылдамдығын есепке алғу мәселесіне қарай бет алсақ, **сонда мына сүүретті көреміз:**

Мек. Ғір.	Ақжал		Жарма		Семей Затон		Семей 16-мектеп	
	I	II	I	II	I	II	I	II
Ең жақсысы	249	134,2	78,6	142,2	66	330	35	82,8
q, (1-кібортел)	58,2	79,8	34,8	92	41,4	110	22,7	55,2
M (медіана)	48,6	61,2	27	69	34	74,2	18,6	37
q, (3-кібортел)	38,4	44,4	13,3	42,5	30	39,5	16	23,4
Ең жаманы	22,2	39,4	7,8	30	20,7	27,6	7,4	7,8

Бірінші ғірууппалар жағдайының өте тәуірі Ақжал мектебінікі, мұнда I мүйнетте оқып шыққан бұуынның орта саны 48, ал бірінші ғірууппа оқушыларының 50% бір мүйнетте 38-ден 58 бұуындарға дейін оқыйды, егер мұны қанша сөз болар екен деп қарасақ, онда сөздің орта саны – 20 болады, ал оқушылардың 50% 17-ден 23 сөзге дейін оқыйды, сон-соң оқушының ең нашары бір мүйнетте 10 сөз (біздің текістімізше 22 бұуын) оқыйды, енді оқушылардың ең оңдысы бір мүйнетте 249 бұуын (немесе біздің текістіміз бойынша 98 сөз) оқыйды.

Егер бұл жөнде өте нашар Семей қаласындағы 16-мектепті алсақ, сонда I ғірууппа балаларының 50% бір мүйнетте 16-дан 22 бұуынға дейін, былай айтқанда 7-ден 10 сөзге дейін ғана оқый алатынын көрууге болады.

Бұл ғірууппадағы ең нашар шәкірт 5 сөз (9 бұуын), ал ең оңды шәкірт 35 бұуын (15 сөз) оқыйды.

Жарма мектебінің I ғірууппасындағы жұмыс бұдан көрі тәуірірек, онда шәкірттердің 50% бір мүйнетте 13-тен 35 бұуынға дейін немесе 6-дан 15 сөзге дейін оқыйды. Бұл әбіектілік есептің нәтіжжелерін ана тілінің пырағырамында (1933-ж. пырағырам) көрсетілген оқуу мөлшері мен са-

лыстырғанда – Қалық ағартуу кәмесерейетінің пырағырамы бойынша «жылдың айағында, дауыстап оқығанда 20-25 сөз оқый білу керек» екенін көреміз.

Пырағырамның бұл тілектері шындық пен қанша қабысады?

Жолдас Апоніскій Д. «Жазу мен оқуға төселуі есепке алу жөніндегі мәселеге» деген, «Педагогический» журналының соңғы нөміріндегі мақаласында былай дейді:

«Жазу мен оқуға төселу мәселесін бір неше жыл жүріп ұзақ зерттеп көп көңіреттік жыйналған материалға зер салсақ, міне сонда оқу жөнінде балалар пырағырамда толық бағаланбаған (ал қат жөнінде «Жазу мен оқуға төселу мәселесін бір неше жыл жүріп ұзақ зерттеп көп көңіреттік жыйналған материалға зер салсақ, міне сонда оқу жөнінде балалар пырағырамда толық бағаланбаған (ал қат жөнінде 3, 4 қабат артық бағаланған) деп тұра айтұға болады» дейді.

Аптырдың келтіруі бойынша әр гирұппадағы балалардың оқу тәжірийбесінің пырағырамда берілген мөлшерден (орта есеп пен) 100 әрпі көп.

Р.С.П.С.Р.-дегі орыс мектептерін зерттеу нәтижелері осыны айтады.

Ал, қазақ мектептерінің көрсетулері (әрийне өте жетімсіз-ақ) не айтады? Мұнда біз Ақжал мектебінің пырағырамның осы мөлшеріне (нормасына) тайануын көреміз, әрийне Ақжал мектебі бірінші басқышында сабақты мезгілінде бастаса да, оқу жылының орта кезінде сабақты ықтыарсыз тоқтатты, себебі Ақжалда бөртпе сүзек болды да мектеп жабылып қалды. Жеке-жеке мектептердің көрсетуі мынадай:

Жарма мектебінде I гирұппадағы балалар бір мүйнетте 6-15 сөз оқыды.

Егер біз оқудың мөлшерін бұлай төмендеткен себептерді ақтарсақ, мысалы Жарма мектебінің I гирұппасындағы бір мүйнетте одан 25 сөзге дейін оқудың орнына 6-дан 15 сөзге дейін оқудың негізін тексеріп көрсек, – мынаны көреміз: Есебі жылдың ортасына дейін мектепте әліп-бій (букбар) кітабы болмаған, қолына не түссе соны оқыған, әр-бір шәкіртте (барлық сабақ үшін) сол оқу жылында 2-3 дәптерден-ақ болған.

Тақтаның жоқтығынан оқу жылының жартысына дейін шәкірттер қара пешке жазған, ал пеш ыстық болған күндерде мұны істеу де мүмкін болмаған. Сон-соң оқу жылының басында I гирұппа 2 болған, олар екі оқытұшыдан оқыған, сон-соң шәкірттер саны азайған (кетіп қалғу болған) да бұл екі гирұппаны біріктіріп жіберген.

Семейдегі 16-мектепте сол жыл ішінде бір неше мұғалім мен мектеп менгеруушісі ауысқан. Оның үстіне бірінші басқыш мұғалімдерінің мамандығы төмен екенін айта кетпеуге болмайды. Керекті кітаптары мен құралдардың дәптер, тақталардың (оқуды өркендететін қосымша дйдактікелік мәтеріялдарын сөз қылмағанда) жоқтығы, мұғалімдер сапының тұрақсыздығы, оқытұшылар мамандығының төмендігі – оқуға төселууге кедергі жасап, оқу мөлшерін төмендетууге негізгі себеп болып есептеледі.

Жармадағы қазақ мектебінің көрінісін – қазыргі мезгілде жаппай, оқуға бет алған жұмыс жүзеге асып тұрғанда қоғам көңілі бұған аударылып тұрғанда мектептің барлығында болатын жетімсіздік деп есептей-

тін болсақ, онда бірінші басқыштағы қазақ оқушыларының оқу мөлшерінің төмендеуі жөнінде сөз қозғауға болар еді.

Бірақ бұл жөнде бірінші басқыштағы қазақ оқушыларының оқу мөлшерінің төмендеуі тұралы сөйлеуді қойа тұрып, қазірде кей жерлерде, мектептер қызмет істеп отырған нашар жағдайлар тұралы айқай салу керек, ең әуелі бұл саладағы жетімсіздіктерді жойуға тырысу керек.

Жарма мектебінің бірінші гирұппасында оқу амалы сонша нашар (кереана), сондықтан бұл текісті айағына дейін бар балаға оқытып отыруға болмады, себебі онда есеп мезгілін өте ұзатқан болар едік. Бір аз адам (екелі) тіпті бір сөзді де оқып шыға алмады. Бір шәкірт бірінші «оқып» деген сөзді оқығанда «о» әрпін бұрын біледі екен, ал басқа әріптерін «мынау «к» ма? «мынау «п» ма? деп сұрап отырды, сонда да «қат» деген сөзден басқа бір сөзді қосып оқый алмайды. Міне бұл оқу жылының айағында болып отыр.

II гирұппадағы жылдам оқу нәтійжелері, әр-бір мектеп ішінде осы жылдам оқудың өсуіне айғақ, мысалы Ақжал мектебінің I гирұппасында балалардың 50% 17-23 сөз оқыйтын болса, II гирұппадағы баланың 50% бір мүйнетте 18-ден 32 сөзге (немесе 44-тен 80 бұуынға) дейін оқыйды;

Егер Жарма мектебінің I гирұппасы 6-дан 15 сөзге дейін оқыйтын болса, міне бұл жөнде II гирұппа өте ұзап түседі, ол бір мүйнетте 42 бұуыннан 92 бұуынға (немесе 17-ден 36 сөзге) дейін оқыйды. Міне тағыда 16-мектепте қорқынышты жағдайдың барлығы сезіледі, мұнда II гирұппаның 50% орта шәкірттер бір мүйнетте 12-ден 22,5 сөзге (22-ден 55 бұуынға) дейін оқыйды.

Бір мүйнетте 35-40 сөз оқу керек деген пырағырам тілегіне Семейдегі «Затон» мектебінің II гирұппасы көбірек жауап береді, мұнда шәкірттер бір мүйнетте 17-ден 45 сөзге (немесе 40-тан 110 бұуынға) дейін оқыйды.

Сөзді оқудың бұл көрсетүүлелі гирұпалардың бір түрлі емес екенін айтады, әр-бір гирұппа ішінде бұл жөнде «мөлшердің» өте тұрақсыз екенін көрсетеді.

III-IV гирұппалардың оқу жылдамдығын есепке аллу үшін 35 сөзден (немесе 90 бұуыннан) тұратын жоғарыда айтылған екінші текіст берілді, бұл текіст «1-Май» тақырыбына арналып жасалған кішкене әңгіме болатын.

Үшінші және төртінші гирұппалардың бұл текісті оқып шығуға жұмсаған мезгілдері тексерілген мектептерде мынадай болып отыр:

Мектеп Гирұпп.	Ақжал		Жарма		Семей Затон		Семейдегі 16-мектеп		Жаңа Семей	
	3	4	3	4	3	4	3	4	3	4
Категөр.	3	4	3	4	3	4	3	4	3	4
Ең жақсысы	17	14	33	26+	25	-	14	13	25	20
q <sub>1</sub> (1-кібор- тел)	30	20	40	56	30	-	30	25	40	30
M (медійана)	38	24,5	49	58	42,5	-	45	35	52,5	45
q <sub>3</sub> (3-кібор- тел)	47	32	62	60	55	-	55	38	63	60
Ең жаманы	110	40	68	-	60	-	95	110	105	95

Бұл жерде: әр-бір мектеп ішінде гiрiуппа саны өскен сайын текiстi оқуға жұмсалатын мезгiл санының кiшiрейетiнiн көрүүге болады; былай айтқанда не ғұрлым гiрiуппа үлкен болса, сол ғұрлым әлгi текiстi оқуға жұмсалатын мезгiл кiшiрейiп (азайып) отырады; ал Жарма ыстансасы жанындағы мектеп жеке дара тұрады, мұнда жалпы III-IV гiрiуппада 5-ак бала бар. Мiне бұл гiрiуппаның iшiнде ең әуелi бiр – заңды бағыт бар деп айтқуға болмайды, себебi бала саны аз. Ендеше 4-5-гiрiуппада текiстi оқып шығуға жұмсаған мезгiлдiң өсүүi көзге ерекше түсүүге мүмкiн емес.

Ең төменгi көрсетүүлер «Жаңа Семей» мектебiнде (Семейде «Затон» мен 16-мектептен басқа «Жаңа Семей» мектебi зерттелген болатын, бiрақ мұнда III-IV гiрiуппалар ғана зерттелген болатын, сондықтан «Жаңа Семей» мектебi жолдарыда айтылмай келдi).

Мысалы «Жаңа Семей» мектебiндегi III гiрiуппа оқушыларының 50% III-IV гiрiуппалар үшiн дайарланған текiстi 40-тан 63 секундке дейiн оқыды, ал Ақжал мектебiндегi III гiрiуппа оқушылары 30-дан 47 секундке дейiн оқыды.

IV гiрiуппаларда да тап осындай сурет бар.

*III-IV гiрiуппаларда оқу жылдамдығын есепке алғу мынадай нәтижелердi бердi:*

Мектеп Гiрiупп.	Ақжал		Жарма		Затон		16-мектеп		Жаңа Семей	
	III	IV	III	IV	III	IV	III	IV	III	IV
Ең жақсысы	318	385	142,2	207	216	-	384	414	216	270
q <sub>1</sub> (1-кiбортел)	180	270	135	96	180	-	180	216	135	180
M (медiяна)	141	280	111	93	27,5	-	116	150	102	120
q <sub>3</sub> (3-кiбортел)	117	168	86	90	97,8	-	97,8	143	85,8	90
Ең жаманы	49	135	79,2	73,8	90	-	56,4	48,6	51	56,4

Үшiншi гiрiуппалар мен салыстырғанда 4-гiрiуппалар шәкiрттерi оқу жылдамдығын күшейтедi (бұған Жарма мектебi кiрмейдi, мұнда 4-гiрiуппаның оқу жылдамдығы III гiрiуппадағы жолдастарының оқу жылдамдығынан төмен болады). Бұл жөнде ең жақсы мектеп Ақжал мектебi болып есептеледi. Ең жаман мектеп Жаңа Семей мектебi болып есептеледi.

Ақжал мектебiндегi III гiрiуппалардың жылдамдығы бiр мүйнетте 117-ден 180 бұуынға дейiн (немесе 46-дан 70 сөзге дейiн) жетедi, 4-гiрiуппаларда 168 бұуындардан 270 бұуынға (немесе 66-дан 105 сөзге) дейiн жетедi, егер (Жарма мектебiн шығарып тастап) бұл жөнде өте нашар Жаңа Семей мектебiн алсақ, сонда III гiрiуппалардағы оқу жылдамдығы бiр

мүйнетте 33-тен 52 сөзге (немесе 85 135 бұуынға) дейін жетеді, ал, IV гiрұуппалардағы шәкірттердің 50% оқу жылдамдығы бір мүйнетте 35 сөзден (90 бұуыннан) сөзге (180 бұуынға) дейін жетеді.

Семейдегі 16-мектептің III-IV гiрұуппаларының жағдайы бірінші және екінші гiрұуппалар мен салыстырғанда көп тәуір. III гiрұуппалар оқушысын 50% бір мүйнетте 97-ден 180 бұуынға (немесе 38-ден 70 сөзге) дейін оқыйды, былай айтқанда Жаңа Семей мектебінің IV гiрұуппасы мен бірдей оқыйды. IV-гiрұуппа оқу жылдамдығы – 143-тен 216 бұуынға (немесе біздің текістіміз бойынша 56-дан 85 сөзге) дейін барады.

Үшінші оқу жыл айағында оқу жылдамдығы жөніндегі пырағырам тілегі 55-60 сөз болады, бірақ IV гiрұуппалардағы оқу жылдамдығы жөніндегі қазақ пырағырамында көрсетулер жоқ, ал орыс пырағырамында 35-80 сөз.


Қалай болғанда да қауып тұғызатын мектеп Жаңа Семей мектебі, – онда оқу жылдамдығы пырағырам тілегінен бір талай қыйғаш тұр.

Барлық мектеп, барлық гiрұуппалардың оқу жылдамдығы жөнінде көрсеткендерін теңестіргенде мынадай қорынтындыға келууге болады.

Оқу жылдамдығын өркендетуудегі тәп-тәуір гiрұуппалар Ақжал мектебінің қазақ гiрұуппалары болып отыр, онда біріншіден төртінші гiрұуппаға дейін оқу жылдамдығы бір қалыпта өркендеп, ол пырағырам мөлшеріне тайана жүріп отыр.

Оқуға төселу жөнінде өте мешуеу гiрұуппалар – Семейдегі 16-мектептің I-II гiрұуппалары болып есептеледі, оның артынан Жаңа Семей мектебінің III-IV гiрұуппалары келеді. Бұл өте қауыпты мектептер, бұлар мектеп жөніндегі Орталық партияға кәмітетінің қаулысынан кейін қайта соған сәйкес қайта құрыла алмаған оқу сапасын жоғары сағыға көтере алмаған мектептер. РСФСР-дегі мектептерде жүрген оқу зерттеу нәтійжелері бойынша бұл пырағырамдар осы жөндегі балалардың мүмкіндіктерін жеткізе бағалай алмаған болып отыр, міне сондықтан пырағырамда көрсетілген оқу мөлшері жөнінде тыйанақты етіп не айтуға болады?

Оның үстіне қазақ мектептерінен түскен оқуды есепке алу нәтійжесінің өте аз екенін айта кету керек, бұл нәтійжелер бойынша барлық қазақ мектептеріне арнап қалыпты мөлшер жасап шығару жөнінде сөз қозғауға мүмкін емес. Оқу жылдамдығын есепке алу жөніндегі мәтеріал жыйнау жұмысын тоқтатпай, – бұл жұмысты жоспар мен жүргізу керек, ал қазіргі дәуірде мөлшерлер (нормылар) шәкірттердің бар мүмкіндіктерін бағаламайды деп сөз қозғау, мөлшер жүріп отырған оқу жылдамдығынан «төмен» деу мүмкін емес, себебі кей-бір мектептерде жұмыс бұған қара-ма қарсы жүріп отыр. Қазіргі уақытта бұл мөлшерге мұғалімдер тырысу керек, олар бұған шәкірттерді жеткізіп, оларды оздыруға ұмтылу керек, педагогтік сапаның тұрақсыздығы мен күресіп мұғалімдердің мамандығын көтерууге тырысу керек, оқуға төселуді өркендетууге көмек беретін тійісті оқу құралдарын тауып алуға ұмтылу керек.



Оқу жылдамдығын есепке алу мен қатар оқу дұрыстығын талдау да жүрді, шәкірттердің дауыстап оқығанда жіберген каталарын талдау да жүрді.

Бірінші басқыш қазақ мектептеріндегі көрнекті каталар мыналар болып шықты:

1. Сөз ішіндегі дыбысты немесе бұуынды тастап кетеді, мысалы шәкірттер «келеді» деген сөздің орнына «келді» деп, «ұсталады» деген сөздің орнына «ұсталды» деп оқыйды т.т.

2. Сөздің айағын бұзады, мысалы: «ұрандар» дегеннің орнына «ұрандары» деп, «балалар» дегеннің орнына «бала» деп оқыйды.

3. Сөздің басын бұзады, мысалы: «қат» деудің орнына «ат» деп, «дұрыс» деудің орнына «бұрыс» деп оқыйды т.т.

4. Сөзге артық дыбыс немесе бұуын қосады, мысалы балалар «ұрандары» деудің орнына «ұрандарды» деп, «жүрміз» деудің орнына «жүрмеңіз» деп оқыйды.

5. Дыбысты немесе бұуынды басқа дыбыс пен, не бұуын мен ауыстырады, мысалы: балалар «білдік» деудің орнына «бөлдік» деп «і» дыбысын «ө» дыбысына айырбастап оқыйды, сон-соң «жұуынып» деудің орнына «жанып» деп оқыйды т.т.

6. Сөзді тіпті екінші бөлек сөзге ауыстырады, мысалы: «білдік» деудің орнына балалар «танып» деп, «балалар» деудің орнына «бірак» деп, «жарыс» деудің орнына «дейді» деп оқыйды т.т.

7. Дыбыстың немесе бұуынның орнын ауыстырады, мысалы: «оқып» деудің орнына «опык» деп, «тұрып» деудің орнына «тұпыр» деп оқыйды т.т.

Әр-бір гірұппа мына түрде тексерілді, колонкенің (кестенің) сол жағына оқылған текістің барлық сөздері жазылды.

Текіст сөздері	Оқушылар				Қате түрлері			Барлық қата
	1	2	3	т.т.	тасталған сөз, б.д.	қосылған сөз, б.д.	т.т.	
1. Оқып	-		0		1		1	2

2. Жүрміз		0					1	1
3. Қат	«							
4. Білдік						1		1
.....								
.....				1	1		2	4

Ал, жоғарғы 1, 2, 3 деген нөмірлердің астынан тексерілген гiрyуппа шәкірттері жазылды. Әр-бiр сөздің тұсына 1, 2 немесе 3 деп белгіленген гyрапа ішіне, осы сөзді оқығанда жіберген шәкірттердің қаталары жазылып отырды, сон-соң қаталары «тасталған, қосылған» делініп сөз бен жазылмай, қаталардың түрін айқындайтын белгілер мен көрсетілді. Барлық белгілерді көрсетіп болған соң қатаның түріне қарай оң жағына қорытынды есептеліп шығарылады, былай айтқанда осы сөзде тасталған, алмасқан, орны ауыстырылғандардың қанша екені есептеліп шығарылады, сон-соң ең соңғы гyрапа – әр-бiр сөздегі жалпы санын көрсетеді.

Сүйтіп белгілерді тiйiстi сөздер гyрапаларына таратып қойып болған соң ұзыннан тік жүре есептеп әр-бiр сөздегі қаталардың барлық түрінің санын тағайындауға болады, ал астына қарай тік жүре есептеп әр-түрлі қатаның санын тағайындауға болады, сүйтіп осы гiрyуппада қатаның қандай түрінің көп екенін тағайындап шығуға болады.

Астына қарай тік қатар мен ұзыннан көлденең жүретін қатарлардың көрсетулерін есептеп талдағанда, Ақжалдағы бiрiншi басқыш мектепте **мынадай көрiнiс айқындалды:**

Қаталар гiрyупп.	Тасталғандар	Айағын бұзуу	Басын бұзуу	Кiрiс-тiрiп оқуу	Дыбыс не бұуынды ауыстыруу	Сөзді алмастыруу	Орындарын ауыстыруу
	I	24,2	30,5	4,5	4,1	6	29,7
II	31,4	24,6	3,2	3,2	5	24,6	-
III	31,6	31,1	2,6	13,1	5,2	8	-
IV	21,2	9	3,1	6,1	15,1	3,1	6,2

Сөз ортасында дыбысты немесе бұуынды тастап кету қатасының, – аяқ-жағында кішкене азайса да, I гiрyуппадан IV гiрyуппаға дейін тағанды түрде барғаны мына келтірілген кестеде айқын көрініп тұр. III, IV гiрyуппаларға барғанда өте азайған (кішірейген) қаталар – сөздің айағын бұзуу қаталары және текістегі сөзді басқа сөз бен ауыстырып оқуу қатасы болып есептеледі; сон-соң айағына тайаңғанда, – IV гiрyуппаға барғанда бiр-аз көбейіңкіреген қаталар дыбысты немесе бұуынды басқа дыбыс пен немесе бұуын мен ауыстыруу қаталары болып есептеледі, сон-соң бiрiншi гiрyуппада болмай ең айағында (IV гiрyупп.) келіп шыққан ката дыбысты немесе бұуынды алмастыруу қатасы болады.

Енді осы қаталардың әр-бiр жеке гiрyуппада бұл қаталардың қандай болып көрiнуiн шолып өтейiк.

Мысалы Ақжал мектебiнiң бiрiншi гiрyуппасында пұрсенттiң көбi айағын бұзуу (30,5%) қатасына жатады, дыбысты немесе бұуынды тастап кету қатасы (24,2%) және сөзді басқа сөзге алмастыруу қатасы (22,7%) болады.

Сөзді басқа сөз бен алмастырууда балалар мынадай қата жібереді, мысалы: «жүрміз» деудің орнына екі қайтара, «жұмыс» деп оқып өтті, былай айтқанда басы оқылады да айағы текіске байланысты шеттен келіп қосылады және бір қабат «жазұу» деп оқып шықты, бұлай алмастыруға себеп болған алдында тұрған «оқып» деген сөз болуға мүмкін.

«Жарымда» деген сөз екі қайтара «сағатта» болып оқылды. Сөздің түрі де және айтылуы да ұқсамайтын басқа сөз бен алмасуы бірінші қарағанда ажап болып көрінеді, бірақ алдында тұрған «сегіз» деген сөзді еске алсақ, бұл өте түсінікті болады, бала мағынасына қарай өз ойынан қосып «сегіз жарымда» деудің орнына «сегіз сағатта» деп оқыйды.

«Қағысы» деген сөзді «Соғысы» деп оқыйды. Былай айтқанда мағынасы бірдей сөзге ауысқан.

Сон-соң «сабағымыз» деген сөздің орнына «мезгілінде» деп оқыйды. Бұл алмасуды шығарған себепте алдында тұрған «сабақтарын береді» деген сөз болуу керек, бұл жерде шәкірт ұлы тыныстан ырғып, оған еш-бір көңіл аудармастан «сабақтарын береді мезгілінде» деп өзінен қосып оқыды да шықты.

Бір сөзді екінші сөз бен ауыстыруу жөніндегі басқа қаталардың түрі де осы сықылды, былай айтқанда алмасудың болуы – баланың тыныс белгілеріне еш бір көңіл аудармай, тіпті ұлы тыныстарға тоқтамастан текістегі сөзді мағына жағынан алдында тұрған сөзге қарсы келмейтін сөздер мен алмастырууынан.

Бала бір сөзді екінші сөзге мағынасына қарай ауыстырады. Ал, кейде мағынасыз алмастырууда болады, мұнда дыбыс ырғағына қарай алынады, мысалы «тәртіпті» «дәптерді» сықылды. Ұлы тынысты ескермей одан ырғып кету – бала сөздің айағын өзгертіп «сабақ» деген сөзді «сабаққа» деп оқыған кезде болады. Мұның болуы – «сабақ» деген сөздің алдындағы ұлы тынысқа көңіл аудармай, алдыңғы сөйлемдегі ойдың айағын айактай барып баланың «жұуынып келеді... сабаққа» деп оқуынан, дұрыс оқыған болса «Ерте тұрып жұуынып келеді». деп ұлы тыныс қойып барып әрі қарай «сабақ сағат сегіз жарымда басталады» деген жаңа сөйлемді (ойды) оқыр еді.

Дыбыстарды немесе бұуындарды қалдырып кету қаталарының ішінен ең көрнектісі, – «келеді, кіреді, басталады» деген сөздерден қалдырып кетулер болады, бұл сөздердің ішінен балалар «е, а» сықылды дауысты әріптерді тастап кетіп отырады, және қазіргі шақ түрін өткен шаққа айналдырып «келді, басталды, кірді» деп оқыйды.

Басқа қаталар түрі өте азғантай, сондықтан біз оларды талдамақ емеспіз.

Сайып келгенде, оқушылардың көп қата жіберетін сөздері текістегі – «жүрміз» (мұны «жүреміз»), «жұмыс», «жүріп», «жазұу» деп оқыйды), келеді («келді деп оқыйды»), «басталады» («басталды»), «балалар» деп оқыйды), «қағысы» («қаққан»), «соғысы» деп оқыйды) деген сөздер болады.

Ақжал мектебінің екінші гирұппасындағы негізгі қаталар да осылар болып есептеледі. Былай айтқанда дыбыс пен бұуындарды қалдырып кету, сөздің айағын бұзу және басқа сөзге алмастыруу сықылды қаталар болып есептеледі. Дыбыстарды және бұуындарды қалдырып кету қаталары да көбінесе осы «басталады, кіреді, келеді» деген сөздерде болады, бұларды «басталды», «кірді», «келді» деп оқыйды.

Сөзді басқа сөз бен алмастыруудағы қатаның көбі «қағысы» деген сөз-де болады, мұны балалар «соғысы» деп оқыйды.

Басқа сөздерден «жұуынып» деген сөзді «жақын жүріп» деп, ал «сат-сыйалдық» деген сөзді «сақтайық» деп оқыйды.

Ақжал мектебінің үшінші гірұппасында бірінші гірұппаға қарағанда қатаның жалпы саны саны азайады (қақ жартысына жетеді). Пұрсент пен есептегенде дыбыстарды және бұуындарды қалдырып кетүү (казіргі шақты, өткен шаққа ауыстыру және «тартысу»)–ды «тартуу» деп өзгертуу) сықылды қаталар бәйгінің алдын бермейді, бірақ сөзді басқа сөзге алмастыруу қаталары азайа бастайды.

Сон-соң IV гірұппада дыбыстарды не бұуындарды қалдырып кетүү қаталары әлі де басқа қаталарға қарағанда бірінші орынды бермейді, сүйткен мен қалдырып кетүү қатасы енді екінші сыпатқа түседі және текістегі сөзді екніші сөз бен алмастыруу қаталары да кемій бастайды.

Ақжал мектебіндегі шәкірттердің оқуу нәтійжелерін басқа мектептердің, мысалы Жарма мектебінің оқуу нәтійжесі мен салыстырғанда әлгі қаталардың негізгі болып қалатынын және сол дыбыстарды не бұуындарды қалдырып кетүү қаталары мен сөздің айағын бұзуу қатасының бәйгенің алдын бермеуін көрууге мүмкін, сон-соң мұнда «қағысы» деген сөз ауыстырылып «соғысы» болып оқылады. Ал, басқа аудандағы мектептердің шәкірттері, мысалы Түркістан мектебінің шәкірттері мұндай қаталар жібермейді, былай айтқанда олар «қағысы» деген сөзде қаталасса да оны «соғысы» деп оқымай «қағады», «қақты» деп оқыйды.

Ал, бірақ кішкене гірұппалар қаталасатын жалпы сөз «күннен» деген болды, мұнда екі «арасына» і деген дауысты әріпті қойып оқыйды, сон-соң бұл сөзге келгенде шәкірттер көбінесе тұрып қалады.

Келтірілген қысқа нәтійжелерде мынадай қорытындылар шығаруға болады: бырақ мектептердің көрсетулері бойынша үлкен % (пұрсент) сөздің айағын бұзып оқуу қатасына тійеді.

Үйткені ымтықандағы баланың көңілі сөздің бас жағына ғана аударылып, айағына жете алмайды да, сон-соң айағы ойдан қосылып, оқуға төселүүдің әлі нашарлығынан барлық теріс оқылады – міне көбінесе мұны осылай түсінуге мүмкін сықылды.

Төменгі гірұппаларда бұдан басқа қаталар да, – текістегі сөзді онда жоқ екінші сөзге алмастыруу қатасы да үлкен алады. Әсіресе ұзын сөздер мен қыйын сөздер алмастырылған, мұның себебі оқуға төселүүдің әлі нашарлығынан бұл балаларды ойдан жорып оқуға ійтеріп отырады. Балалардың ойдан жорып оқуға бой ұрууын мынадан көрууге болады, – себебі балалар оқуында болған қаталардың барлығында да ойланып шыққандық сыпат бар, – балалар оқый алмайтын сөздерін оңайырақ және өздеріне таныс сөздерге алмастырып оқыйды. Үйткені бүтін сөйлем мағанасын толық меңгеруулері әлі нашар, сондықтан азғантай сөздерге сүйеніп ар жағын ой мен жорып оқыйды, міне бұл барып бүтін сөздерді бұздыруға себеп болады.

Оқуға төселүүді күшейткен сайын, былай айтқанда гірұппа ірейген сайын бұл сықылды қаталар әредік кездеседі, бірақ сөздің айағын бұзуу қатасы IV гірұппаға дейін тағанды жүріп қалмай отырады.

Дыбыстарды не бұуындарды қалдырып кетуу қаталары бірінші гiрұппаларда ең әуелi қазiргi шақты өткен шаққа айналдыруу арқылы жүредi және бұл көбiнесе ұзын сөздер мен байланысты болады. Сон-соң балалардың қага жiберiп оқууына бiр себеп болатын нәрсе олардың тыныстарды тiптi ескермеуi болады, олардың тыныс белгiлерi мен толық таныса алмауынан болады, әрiйне пырағырам бойынша балалар мұны бұл уақытқа дейiн меңгерiп алуу керек болатын. Шәкiрттер ұлы тыныстан ырғып түсiп, оның артында тұрған сөзге басқа мағана берiп бұзып оқыйды, (жоғарыда бiз мұны көрсетiп өтгiк қой) сонда «арналған сабақтарын бередi. Сабағымыз күннен күнге қызық» деген сөйлемдердi шәкiрттер «арналған сабақтарын бередi мезгiлiнде» деп бұзып оқыйды.

Немесе, кейде шәкiрттер тыныс белгiлерi мен таныс еместiктен сөздiң айағын мынадай етiп бұзып оқыйды, мысалы: «жұуынып келедi», «Сабақ сағат сегiзде басталады» деудiң орнына «шәкiрттер жұуынып келедi» (деп танысқа тоқтамай) сабакқа» деп оқыйды.

Бiрiншi және екiншi гiрұппада «күннен» деген сықылды екi дауыссыз дыбыссыз бар сөздер қыйын тiйедi, бұларға шәкiрттер өз ойларынан «i» дыбысын қосып жеңiлдеп оқыйды.

Ақжал мен Жарма мектептерiнде (Жарма ауданының екi мектепiнде) «қағысы» деген сөздiң орнына «соғысы» болып оқылғаны осы ауданда бұл сөздiң өте жайылып кетууiнен болуу керек. Басқа ауданның мектептерiнде, мысалы Түркiстан ауданында екiншi сөздiң еш-бiр қолданылған жерi болмады.

Оқуу амалының басқа терiс маменттерi есебiнде өтiп бұуындарды не сөздердi, кейде тiптi бүтiн сөйлемдi қайталауды көрсете кетуу керек. Шәкiрттер бүтiн сөздi оқып шыққанша алдында тұрған бұуындарды қайталай, бередi «ба-ба-ла-ла бала, «деп» бала-лар-лар-балалар» деп оқыйды. Немесе алдында оқылған сөздi ылғый қайталай бередi. Соңғы көрiнiс кейiнгi қыйын сөздi немесе ұзын сөздi оқыр алдында жiйi болады. Бұл уақытта шәкiрт алдында оқылып кеткен сөздi – кейiнгi сөздi талдап оқып болғанша қайта-қайта дауыстап оқып тұрады.

Алдында оқылып өткен бұуындарды не сөздердi бұлай қайталап отыруу зерттелген гiрұппалардың бәрiнде бар.

Жалпы айтқанда оқуу амалы қуанышты сууретте емес.

Жарма мектебiнiң бiрiншi гiрұппасында 24 адамның 16-сы, былай айтқанда 66% бiрiншi оқуу жылының айағында ежелеп оқыйды. Шәкiрт саусағы мен бiр әрiптен кейiн бiр әрiптi нұқып көрсетiп, әр-бiр әрiптi жеке-жеке айтып сөздiң айағына жетедi де, сонда ғана ол сөздi түгел айтады. Көбiнесе әр-бiр әрiп дауыссыз оқылады да, бүтiн сөз ғана дауыс пен оқылады. Кейде шәкiрт барлық әрiптердi сыбырлап оқып келе шыдай алмай барып дауыстап жiбередi, мұнысы өте ауыр көрiнедi. Мысалы «оқып» деген сөздi оқығанда шәкiрт сыбырлап «о-ық-ы» деп келiп кенеттен «ып» деп дауыстап жiбередi, сон-соң дауыстап «оқып» деген сөздi оқыйды.

Кейде шәкiрт сөздiң бiрiншi жартысындағы әрiптерiн атайды да қалғанын ойдан жорып оқыйды.

66 % ежелеп оқытындардың iшiнен кей-бiреулерi бүтiн сөздi қосып оқып алмайды да екiншi сөзге көше бередi. Кей-бiр шәкiрттер бiр неше сөздi тiптi оқып алмайды.

Қалған 34% (пұрсенттің) 25% (пұрсенті) бұуынға бөліп оқыйтындар, былай айтқанда шәкірт саусағы мен нұқып көрсетіп ең әуелі бұуындарды оқыйды, сонан кейін барып бүтін сөзді оқыйды. 9% (пұрсенті) ғана, былай айтқанда 2-ақ бала сөзді әріпке, бұуынға бөлмей бүтін оқыйды. Ақжал мектебінің I ғірууппасында да тап осындай жағдай бар, былай айтқанда онда да әріпті саусағы мен нұқып көрсетіп ежелеп оқыйтындар, бұуындап оқыйтындар пұрсенті (%) бүтін сөзді біра-жола оқыйтындардан ана ғұрлым көп. Бұуындап оқыйтындар II ғірууппаның айағына дейін жойылмайды. Көбінесе онда шәкірт сөзді екіге бөледі, ең әуелі бірінші жартысын оқыйды да, оны қайталайды, сон-соң екінші жартысын оқыйды, мысалы: «баста –баста-лады – басталады» деп оқыйды.

Жылдамдықты ғана есепке алып қоймай, оқудың дұрыстығын да есепке алғу, – оқу амалын талдау жұмысына бір аз тереңірек кірууге мүмкіндік береді, бірінші көңіл аударылатын жақтарды айқындауға да мүмкіндік береді.

Шәкірттердің оқу амалы – сол мектепте оларды оқытқан мұғалімдер әдісінің ескі екендігін, әріптен бұуынға, бұуыннан сөзге қарай бой ұратын ежелгі әдіс екенін көрсетіп отыр, ал шәкірттердің оқығандағы қаталарын түзету, 4-ғірууппаларда көп адамның дыбысты не бұуынды тастап кету сықылды, не сөз айағын бұзу сықылды қаталарды жасап келуіне себеп болады.

Жетімсіздіктер мен күресу үшін ол жетімсіздіктерді білу керек, сондықтан оқытушы оқушылардың қаталары мен күресуден бұрын, қандай қатаның осы шәкіртте, не осы ғірууппада көп екенін білу керек.

Бұлай ету үшін семестірлер айағында немесе оқу жылының айағында оқудың жылдамдығы мен дұрыстығының есебінен жүргізу керек, бұл тұралы осы еңбектің жоғарғы жағында айтылып өтті ғой. Көрсетілгеннен бөлек тағы шәкірт басы сайын, – тік қатардағы қаталары есептеп шығару, – әр-бір шәкіртте болатын қаталардың түрін, жалпы санын тағайындауға мүмкіндік береді.

Барлық ғірууппадағы көрнекті қаталарды бөліп шығару мұғалімнің нашар нашар жерлерді тауып, соны жойуға жіті кірісуге көмек береді.

Әр-бір мұғалім баланың өсуін, оның алғандарын дәл біліп отыру керек. Бір тақырыпты не бөлікті баланың бітіруі немесе бітірмеуі қажет емес, оны қалай біліп шығуы және одан алған нәтижелері қажет. Сүйтіп егер бір жыл ішінде белгілі бір сүріктерде (жылдың басында, ортасында айағында) есеп жүргізіліп отырса, сонда балалардың қанша ілгері кеткендігі көрініп отырады. Шәкірттің қатасын түзеткенде оның теріс оқыған сөзін мұғалім өзі оқып шығады, бұл негізгі қата, дұрысында шәкірттің көңілін аудару керек. Бұлай етілмей мұғалім өзі оқып жіберсе шәкірт тоқтамай әрі қарай береді де бұл түзету ресімі түрде ғана болады. Шәкіртке көмек бермейді.

Шәкірттердің қаталарын түзеткенде олардың теріс оқыған сөздеріне өздерінің көңілін аударып, әрі қарай дұрыстап оқуына мүмкіндік беру керек.

Баланы сауаттандыра бастағанда ең әуелден-ақ мұны ерекше түсініп ықтыятты болу керек, олардың сезімі, ұғымы және ойы жөнде жас ерекшелігін есепке алғу керек.

Балалардың өзі істеп шыққан жұмысына ынталы болуы олардың көңілінің тұрақты болып, ұғымының мықты болып, ойының жемісті болуына күрделі тыйанақтың бірі болып есептеледі.

Сауаттандыруу амалы үлкен қыйындықтар мен жүрген, балалардың ынтасын аудармай бұлардың жеңуу қыйын, бірақ олардың ынтасын қоздыратын жағдай – балалардың жұмыс мақсатын түсініп, істеп шыққан жұмысының қажеттілігін білуді болады.

Көбінесе мектепке келгенде бала ол келуінің мақсатын ата-анасынан, үлкендерден естіп келеді, бірақ бұл жетімсіз, олар бұл қажеттікті өздері түсінуу керек, бұл қажеттік біреу қадағалап отырғандықтан болуу керек.

Мұғалімдердің негізгі бір қатасы сол – олар мектеп пен, кәлектіп ішіндегі тәртіптер мен (балаларға өте жат жағдай ғой) танысууға мүмкіндік бермейді, келісі мен балаларды отырғызып кітап оқысып, сауаттандыра бастайды.

Балаларды ең әуел сауаттандыруу амалына өз беті мен апаруу керек, олардың жат мектеп жағдайы мен, мектептегі жөн-жоба, тәртіптер мен танысып барууына мүмкіндік беруу керек, сүйтіп олардың бұл жаңа жағдайға келууін табыйғый түрге айналдыруу керек. Бірінші күндерде балаларға ойын ойнатып, серууен көрсетуу керек, олар мен естіп, көргендері жөнінде әңгімелесуу керек, оларға көргендерін сүурет жүзінде қағазға жаздыруу керек, себебі әр-бір сүурет оқуу мен жазуу жолындағы белгілі бір адым болып есептеледі.

Екінші мәмент, – оларға сүурет орнына сөздерді жазуудың мүмкіндігін түсіндіруу болады.

Оқуу мен жазууға балаларды бұл жол мен апаруу оларға өте көңілді және қызықты болады. Бірақ бұл мұғалімнің ерекше дайырлығын және оның бұған ерекше көңіл аударууын керек қылады, бұл жердегі оның әр-бір сөзі, әр-бір амалы алдын ала ойланып, дайарланған болуу керек.

Тіісті сүуреттер астына олардың атын жазуу, – міне сауаттандыруудың басы осы болады. Сөзді бұлай жазуу – сауаттануудың не екенін балаларға айқын түсіндіреді. Бұл мәментті сұллу етіп көрсетуу керек, балалар қызығып отыратын болсын.

Мысалы мұғалім аттың сүуретін тақтаға салып көрсетеді, сон-соң қолы мен сүуреті басып тұрып балаларға көргендерінің атын АТА дейді, әрйіне балалардың бәрі – бір дауыс пен «ат» дейді. Сон-соң бұл сөзді мұғалім өзі айтады (балалардың құлағын үйретеді), оларға қайта айтқызады, «ал енді көріп, естігендеріңді мен мына жерге жазып көрсетем» деп сүурет астына «ат» деп жазады. Оны балалар тағы оқыйды, сон-соң сүуретті жауып тұрып жазууды, жазууды жауып тұрып сүуретті қайта-қайта айтқызады.

Сонан кейін осы сөзді не дәптерлеріне салдыртып не баспа әріп пен тақтаға жаздыруу керек. Міне енді әр-түрлі жолдар мен барып бұл сөз балалардың ойында қалмақ – көруу жолы (балалар қарап отырды ғой), естуу жолы (балалар өздері айтып және мұғалім айтқанда есітіп отырды ғой) сон-соң қыймыл (моторлық) жолы (балалар осы сөзді сүуретке салып, әріптерден құрап, өздері айтады) оқып (отырады ғой) мен ойында қалмақ. Ендеше алғаш сауаттандыра бастағанда сүурет, баспа әріптер

кесіндісі сықылды қосымша материалдар керек, балалар сөздерді осылардың құрай алатын болсын. Соны мен қатар мұғалім ең алғаш сөзді айтқанда дұрыс айту керек, сонда оның артынан балалар да дұрыс айтпақ, міне мұның үлкен маңызы бар екенін еске алу керек. Бұлай істелсе Быланский айтқан сықылды, «сабанды таптау» болып шығады, сонда мұғалім өзі оқымай дұрыс айт деп балаларды да өзін де қыйындыққа ұшыратар еді.

Оқытып үйретуу, жазуға үйретуу мен қатар жүрсін, бірақ балалар әріптерді жазуу мен сөз дыбысын талдауға кіріскеннен кейін барып танысады. Сон-соң сөзді жазылуу түрі мен танысудан бұрын балалар қарындашты қалай ұстап, қалай сызуға төселуу керек т.т. себебі бұл кезде балалардың ұсақ, өлшеулі қыймыл жасай алатын ұсақ еттері өсіп жетпейді. Сүүрет салуу, құйуу, сон-соң әр-бір әріптерді жазуу, – міне осының бәрі жаттығу болып есептеледі.

Сауаттандыруу әдісі осы айтылғандардан айқын көрініп тұр. Бұл әдіс талдау-ұластыруу әдісі болады, бұл жұуығырақ және өте таныс мағынадан шығып әрі қарай таныстығы азырақ мағыналарға көшуу әдісі болады.

Ал, әр-бір дыбыс, әр-бір әріпке қарағанда бүтін сөз балаларға өте таныс болып есептеледі. Сөйлемді талдау мен ұластыруу сөзді талдау мен ұластыруудан бұрын болады.

Балалар сөзді бұуынға және дыбысқа бөле бастаған кезде, – міне сөзді талдау осы жерден басталады.

Сайып келгенде балалар әр-бір әріптен қосып бүтін сөз жасай бастайды. Сөзді оқый бастағанда балаларға берілетін сөздің бұуыны бір түрлес болуу керек. Сонда балалардың бір сөзден екінші сөзге көшууі оңай болады, ал тағы сөздің құрылуы – түрлес сөздер мен бұуындардың қайталап отырууына мүмкіндік беретін болсын.

Сауаттандыруудың барлық амалы тийісті материал таңдап алу арқылы жүрмек, әр-бір сабақ алдында өзінің әр-бір сөзін есептеп, әр-бір қыймылын есеп алып мұғалім дайырап отырсын.

Ең алғаш сауаттандыра бастағанда баланың ынтасы есепке алынсын, мұны мұғалім ұмытпау керек. Бір сабақтың ұзақ болуы баланы шаршатады, сондықтан 45 мүйнет ылғый жаздырып не ылғый оқыта бермеу керек, мұның әр қайсысын 15-20 мүйнеттен ауыстырып отыруу керек.

Оқуға үйретуу амалында балалардың оқығанда жіберетін қаталарын мұғалім сергек күзетіп, оны сол жерде жойып отырсын, одан әрі қарай балалардың есінде тыйанақтап қалууына мүмкіндік бермесін.

Оқуға төселдірууде – әр-бір шәкірттің оқуына арналып бөлінген мезгілдің маңызы өте зор. Егер оқушылар кітап жоқтықтан бір айда 4 қабат қана оқыйтын болса, онда әрйіне оқуға төселудің дұрыс жүрууі жөнінде сөз қозғауға да болмайды.

Кіласта және берілген тақырып бойынша үйде оқу мен қатар мектептен тыс оқуды өркіндетуу керек, мектеп кітап қанасынан балалардың үйіне ұсақ әңгімелер беріп оқытуу керек.

Соны мен бірге балаларға өлең жаттатып, оны тақпақтатып айтқызуу, мектепте болатын әр-түрлі іспектәкілдерге (сақына жұмысына) балаларды к а т ы с т ы р ұ д ы н, – оқуға төселууіне көп көмек беретінін есте тұтуу керек.

Мұғалім көңілін жалғыз ғана жылдам оқу аудармасын, оны сана мен түсініп оқудың да маңызы өте зор.

Мұны балаларға бақылау сұрақтарын қойып отырып тексерууге болады.

Мұғалім осы айтылған мәменттердің бәрін ескеріп отырса, міне сонда ғана балаларды оқуға төселдіруу жұмысын күрделі етіп өркендетууге болады.

Аударған: Талжанның Сәйділі.

Шонан ұлы Т.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКА МЕН ЕМЛЕ

## Бастауыш мектептің 3-4 кластары үшін

Қазағыстан қалық ағарту кәмесереті қабылдаған  
3-басылуы

Қазағыстан баспасы, 1936

Шонанов Т.

**ГРАММАТИКА КАЗАХСКОГО  
ЯЗЫКА  
ДЛЯ НАЧАЛЬНЫХ ШКОЛ**

III-IV классы

Утверждено НК ПРОСом КАССР

3-издание

Казиздат, 1936

## ҮШІНШІ ЖЫЛ

### §1. Сөйлемдегі сөздердің байланысы.

#### Ала таудың ауасы.

Ала таудың ауасы ала құйын. Кейде бұлт бұурадай шөгеді. Кейде жай жарқылдап, қара нөсер Ала тауды әп-сәтте жұуып шайады. Кейде аспаннан мерууерт бұршақтар төгіледі. Кейде шілденің шілгер ыстығында жапалақтап қар жауып салады. Кейде шағырмақ ыстық түседі. Кейде күн мажуырап қоңыр салқын жайлауға айналады.

1. **Жұмыс.** Әңгімені оқып шығындар да мына сұрауларға жауап беріңдер. Әңгімеде не туралы айтылған? Бірінші сөйлемде не туралы айтылған? Екінші сөйлемде ше? Үшінші сөйлемде ше? Төртінші сөйлемде ше? Бесінші, алтыншы, жетінші сөйлемдерде ше?

Бұршақ, күн, бұлт туралы айтылған сөйлемдерді теріп жазыңдар.

#### Таң.

1. Торғай шырылдады. 2. Қараңғы серпіле бастады. 3. Бірйігәді бастығының «түр! түр!»лаған дауысы естіледі. 4. Қырман басында жатқан қалқозшылар сыбанып тегіс жұмысқа шықты.

2. **Жұмыс.** Төмендегі сұраулардың жауаптарын жазып көрсетіңдер:

1. (не?) ... шырылдады.

2. (не?) ... серпіле бастады.

3. (не?) ... естіле бастады?

(Кімнің?) ... дауысы (қандай?) ... дауысы естіле бастады.


4. (Кім?) ... шықты. Қалқозшылар (не қылды?) ... (қайда?) ... шықты (қалай?) ... жатқан.

Үлгі: Таң қараңғысы серпіле бастады.

Сөйлемде сөздер бір-бірімен байланысып тұрады: оны сұрау мен анықтауға болады.

Айды бұлт басты. Жұлдыздар біріндеп жоғала бастады. Айналаны тұман басты. Қоңыр жел есті.

3. **Жұмыс.** Жоғарғы сөйлемдердің сөздері қалай байланысқанын сұрауына қарай сызық пен көрсетіңдер.



4. **Жұмыс.** Айағына нүктелер қойылған сөздердің екінші қанаты жазылмаған, сендер соны тыйанақты сөйлем шыққандай етіп толықтырып жазыңдар.

1. Мен екпін ... қатар...
2. Есентай да екпін... қатар... жүр.
3. Бәрі... екпін... болайық.



5. **Жұмыс.** Мына сүгретке қарап, «Біз қалай жийдек тердік» деген әңгіме жазыңдар. Бұл әңгімелерінде неше сөйлем? Әр сөйлемде не тұралы айтылған? Сөйлем айағына қандай тыныс белгісін қойасыңдар?

6. **Жұмыс.** Төменгі тақырыптардың біріне әңгіме құрастырып жазыңдар. Әңгімеңде неше сөйлем болып шықты? Әр сөйлемде не тұралы айтылған? Сөйлем айағына қандай тыныс белгісін қойдың? Әр сөйлемде сөздер саны бірдей ме? Сол әңгіменді дауыс ырғағына келтіріп оқып шық.

1. Қалқозымызға мәшійне (трактыр, пішен шабатын мәшійне, егін шабатын мәшійне) келді.

2. Біз жазғы дем алысты қалай өткіздік.
3. Пішен үстінде не істедік.
4. Бақшаға не істедік.
5. Мүзейде не көрдік.
6. Шегірткені қырғуға қалай көмек бердік.

7. **Жұмыс.** Төменгі әңгімені оқып, сөйлемдерін табыңдар. Әңгімені көшіріп жазып, әр сөйлем соңынан ұлы тыныс белгісін қойыңдар. Ұлы тыныстан соңғы сөзді бас әріппен бастап жазыңдар.

Күзен күндіз інінде жатады ол кешке тамақ іздеп шығады күзен егін мен шөпке зыйанды жандықтарды қырады күзен шарғуаға зыйанды жандықтарды жейді.

## §2. Зат есім

8. **Жұмыс.** Көшіріңдер де *кім?* *не?* деген сұрауларға жауап болатын сөздерді тауып жазыңдар.

Етікті ..... (*кім?*) тігеді.

Аурұуды ..... (*кім?*) емдейді.

Тракторды ..... (кім?) жүргізеді.  
Жемді ..... (не?) жейді.  
Жаз ..... (не?) жауады.  
Қыс ..... (не?) жауады.  
Сыйырды ..... (не?) емеді.  
Арбаны ..... (не?) тартады.


9. **Жұмыс.** Әуелі өсімдіктер, онан соң аңдар, ең соңынан мал, астық аттарын бір ыңғай теріп жазыңдар.

Түйе. Қасқыр. Көде. Жылқы. Қойан. Қой. Түлкі. Бетеге. Ешкі. Қарсақ. Бйдайық. Сыйыр. Жоңыршқа. Қарағай. Тал. Арыстан. Есек. Терек. Бйдай. Қайың. Тары. Арпа. Жолбарыс.

10. **Жұмыс.** Әуелі балық, сонан соң құс атын теріп жазыңдар.

Үйрек. Қаз. Шортан. Аққу. Табан. Ала бұға. Қырғыш. Көк серке. Құладың. Бүркіт. Ақ балық.

11. **Жұмыс.** Сүуретте қарап әуелі ауыл шаруашылық құралдарының, онан соң ыдыстардың аттарын теріп жазыңдар.



12. **Жұмыс.** Көшіргенде Б ұ л н е? Б ұ л к і м? деген сұрауға жауап болатын сөзді тауып, үш нүктенің орнына жазыңдар.

Көгіршін, қарға, қарлығаш, сауысқан – құс.

Бала, қатын, еркек, қыз, әйел – ...

Тырма, орақ, шалғы, трактор, пішен мәшіне – ...

Қызғалдақ – ...

Емен, терек, үйеңкі, мойыл – ...

Арпа, сұлы, бйдай, тары, жүгері – ...

Құуыршақ, доп, сыбызғы – ...

К е р е к с ө з д е р: жеміс, гүл, ойыншық, адам, ағаш, астық, ауыл шаруашылық құралы.

13. **Жұмыс.** «Нөсер» деген мақалада не тұралы айтылады? *Жаратылыс құбылыстарын* атаған сөздерді теріп жазыңдар.

*Нөсер.* Аспанда кесек-кесек бұлт жыйнала бастады. Күріл тынбастан естіліп тұрды. Жел тына қалды. Көп уақыт өтпей-ақ қоңыр салқын желдің лебі бетке тийді. Аспанды қаптаған қара бұлт төніп келіп ақ қалды. Қатты жел тұрып шанды аспанға шығарды.

Салмақты тамшылар тырс-тырс түсе бастады.

Найзағай жарқ етті. Күн шатыр-шатыр етті. Бұзау мөңіреп, ійт қынсылап үйдің ығына тығылды. *Тамшыдан тамшы* молайды. Дүсірлеп бұршақ жауа бастады.

*Нөсер* басылды. *Бұлт* сейілді. Жеті түсті *кемпірқосақ* жайнады. Тысқа шықтық. Аппақ бұршақты теріп жүрміз.

14. **Жұмыс.** Әуелі жаратылыс көріністерін, онан соң оқығаны атаған сөздерді теріп жазыңдар.

Дауыл, соқты, жаңбыр, өрт, сайлау, көтеріліс, жел, төңкеріс, құйын, жыйылыс, күз, қыс, жаз, жазғы тұры, ереуіл, жарыс қырау, төбелес, тұман, ойын.

*Адам, жандық, өсімдік, нәрселер, жаратылыс құбылысы,* оқығаларды бір сөз бен зат дейміз.

Заттың атын **зат есім** дейміз.

15. **Жұмыс.** Төменгі әңгіме ішінен зат есімдерді теріп жазыңдар.

### Қ ы с.

Декәбір айы тұуды. Қар қалың. Күн сұуық. Сұу бетінде сірескен мұз. Шөптің бастары қылтйып қана көрінеді. Үйкірік, айаз.

Орман тоғайдағы ағаш пен талдар қар бүркеніп, мұздан моншақ тағыныпты. Жаз бойы қайнап жүретін құстардан арылған. Ағаш түптерінде ақ қойандар секеңдеп жүр. Оқып жүрміз. Мектепке барғанша беттеріміз, құлақтарымыз қызарып, мұздап барамыз.

16. **Жұмыс.** Көшіргенде әр сөздің қасына қарсы мағыналы сөзді тауып жазыңдар.

Дос – жау

Соғыс –

Кедей –

Тіршілік –

Қайғы –

Сұуық –

Жаз –

Ерте –

Таза –

Қараңғы –

Аурұу –

Құрғақтық –

Күн –  
Көр –

К е р е к с ө з д е р: жарық, құуаныш, аз, өлім, түн таза, кеш, бай, бітім, кәрі, батырлық, жылы, сау.

Зат есімнің адам аттары Кім? Кімнің? Кімде? Кімді? Кімнен? Кімде? деген сұрауға жауап болады.

Басқа зат есімдер Не? Ненің? Қайда Неде? Нені? Қайдан йа Неден? деген сұрауларға жауап болады.

17. **Жұмыс.** Көшіргенде орындық деген зат есімді жақшадағы сұрауларға қарай өзгертіп жазыңдар.

Класта оқытұушы отыратын ... (не?) тұр... (ненің?) артында тақта тұрады... (қайда?) оқытұушы отырады... (нені?) жұмысшы әйел сүртіп қояды..., (қайдан?) тұрып оқытұушы тақтаға барып бізге жазып көрсетеді. Кәзір оқытұушы ... (қайда?) отыр.

18. **Жұмыс.** Көшіргенде тай деген зат есімді жақшадағы сұрауларға қарай өзгертіп, нүктелердің орнына жазыңдар.

Мұраттың ... (несі?) бар. Ол ... (нені?) жақсы көреді... (Ненің?) түсі тобылғы торы. Мұрат ... (Неге?) жем береді. Мұрат ... (неден?) екі елі кетпейді.

### §3. Жалпы есім мен жалқы есім

19. **Жұмыс.** Төменгі мақала ішінен көп нәрсеге ортақ зат есімдерді бір бөлек, тек бір нәрсені атайтын зат есімдерді бір бөлек жазыңдар.

Владимир Ілійш Лениннің шын пәмйілесі Үлійәніп. Ленин жолдас Еділ бойындағы Сімбірскіей қаласында тұған. Еділ өзені Каспій теңізіне құяды. Бұл күнде Ленин құрметіне Сімбірскіей қаласын Үлійәнбскіей деп атайды. Лениннің Александыр, Дмітрій деген екі ағасы болған. Елена, Анна, Марійа деген үш ара-қарындасы болған.

Бір ыңғай көп нәрсеге атау болатын зат есімді жалпы есім дейді. Белгілі бір нәрсеге ғана атау болған зат есімді жалқы есім дейді. Адам, жер, сұу, қала, мемлекет, газет-жорнал,сапқоз, зауыт-пәбірік аттары сықылдылар жалқы есімге жатады.

Жалқы есім бас әріптен бастап жазылады.

20. **Жұмыс.** Төменгі әнгімеден әуелі бір сөзден, онан соң бір неше сөзден құралған жалқы есімдерді теріп жазыңдар. Бір неше сөзді жалқы есімнің қайсысы бас әріп пен жазылатынын байқаңдар.

Өскен соң Ленин ж. Қазанда, кейін Петірборда оқыған. Петірбор бұл күнде Ленинград аталды.

Бұл Неба өзені бойында.бұрынғы Ресейдің ең үлкен қаласы. Төңкерістен бұрын Ілійш шет елде тұрған. Сонда тұрып «Искра» жана «Бперот» деген газеттер шығарған. Төкерістен соң ол Ресеуге келді. Өктәбір төңкерісін бастады. Қалық кәмәссерлер кеңесіне бастық болды. Қалық кәмесерлер кеңесін кысқартып Қ.К.К. деп та жазады. Ленин комүнес партыйасының көсемі. Ле-

нин 1929-жылы Горкйй деген сеолада, Мәскеу түбінде қайтты. Жыл сайын 24-ғынууар күні Кенес одағы Ленин ж. Еске түсіріп отырады.

Бір неше сөздердің бас буындарынан құралған жалқы есімнің әуелгілі ғана бас әріп пен жазылады. Жалқы есімнің әл сөзінен бір-бір әріп алынып қысқартылса, әр қайсысы да бас әріп пен жазылады.

21. **Жұмыс.** Көшіргенде өздерің тауып кішкене әріп пен жазылған жалқы есімді бас әріп пен жазыңдар.

1920 жылы 4 өктәбірде Қазағыстан республикесі жарыйаланды. Қазағыстан үкіметі Алматы қаласында тұрады. Мұнда кіндік атқаруу кәмітет, қалық кәмесерлер кеңесі, өкілік партіа кәмітеті де тұрады. Қала Ала таудың баурында, Түркістан сібір жолының үстінде. Бұл жолды Түріксіп деп те атайды. Астанада «Сатсыйалды Қазағыстан», «Лениншіл жас» тағы басқа газеттер шығады. Қалаға шағын «Дегерес» сапқозы, «Қызыл күн шығыс» қалқозы бар.

22. **Жұмыс.** Төменгі жалқы есімдерді кешіріп, толық аттарының жанына қысқартылған аттарын жазыңдар.

1. Йосіп Війссарійонобіш Сталин. 2. Клійм Ворошыйлып. 3. Нәдеждә Көнстантійнебна Крувпскайа. 4. Комүнес жастар интернатсыйаналы. 5. Қазағыстан аптономийалы сатсыйалды кеңес республикесі. 6. Сатсыйалдыкеңес республикелер одағы. 7. Қалық ағартуу кәмесеріеті. 8. «Сатсыйалды Қазағыстан» газеті. 9. Комүнес партіасының Өлкелік кәмітеті. 10. Мәскеу – Дон жолы.

23. **Жұмыс.** Өз ойларыңнан: 1) жеке тұрған үш жалды есім тауып жазыңдар. 2) бір неше сөзден құралған үш жалды есім тауып жазыңдар. Мұны қысқартып та жазыңдар.

#### §4. Етістік.

24. **Жұмыс.** Сүгретте кім не істейді, сол көрсетілген. Атады. Қазады. Шабады. Жүгіреді. Аралайды. Арқалайды.



25. **Жұмыс.** Қыймылына қарай заттың өзін тауып, сол тапқан нәрсенің атын үш нүктенің орнына жазыңдар.

Балық жүзеді, шоршыйды.	Қарағұс шоқыйады, қалықтайды.
...кісінейді, қасынады.	...үреді, ырылдайды.
...шырылдайды, ұшады.	...шаркылдайды, қыздырады.
...көгереді, құрайды.	...сөйлейді, жүреді.
...мөңрейді, сүзеді.	...қайнайды, бұйланады, қатады.
	...мйаулайды.

Қалқозшы жер шыртады, тырмалайды, себеді, орады.

... бағады, сұуарады, күзейді, қоралайды.  
... оқыйды, жазады, санайды, сүгрет салады.  
... пішеді, тігеді, өтектейді.  
... балкытады, соғады, пісіреді, сұуытады.

26. **Жұмыс.** Көшіргенде *зат не етеді* дегенді көрсететін сөздердің астын сызыңдар. Ол сөздер қандай сұрауға жауап беретінін біліңдер.

### Өрісте.

Жылқы кісінейді, құлын шабады, бота боздайды, қозы маңрайды, мал отттайды, малшы қарауылдайды, жел соғады, шөп желкілдейді, торғай шырылдайды, бөктергі қалықтайды.

27. **Жұмыс.** Көшірген сөздің мағанасына қарай зат не етіледі деген сұрауға жауап жазыңдар.

Есік... Арба... Шам... Кір... Арық... Жүк... Үй... Керпіш...

К е р е к с ө з д е р: тасылады, қазылады, қаланады, ашылады, жағылады, салынады, майланады, жұуылады.

Заттың қыймылын, ісін көрсететін көрсететін сөздер е т і с т і к деп аталады.

Етістік *не етеді, не етіледі, не етті, не етер, не етілер, не етіп жатыр* деген сұрауларға жауап береді.

28. **Жұмыс.** Көшіріп, етістіктердің сызыңдар.

### Ақ көрпе.

Жапалақтап қар жауды. Жер бетін жұмсақ ақ көрпе жапты. Қардан көрпе жамылған дән қалай қатады. Жылы жамылып жатып алды. Қыс өтті күн жылынды. Қар еріді. Қар сұуы жерге сінді. Дәм ісінді, көктеді. Көгеріп шөп шықты, гүл атты, пісті.

29. **Жұмыс.** Төмендегі сөйлемдерді көшіргендерді көшіргенде әр қайсысына мына етістіктердің бірін қалап алыңдар: ж а й ы л д ы, о т ы қ т ы, о т т а д ы, ш а л д ы.

Жас төл...  
Жұмыс аты...  
Өрістегі мал...  
Аңыраған түйе енді...

Төменгі сөйлемдерге лайықтап мына етістіктерден қалап алыңдар: ж ұ с а н д а р, к ү й с е д і, ө р д і, с ұ у ы д ы, т ы н ы қ т ы.

Терлеген ет...  
Жылқы таң алдында...  
Жатқан сыйыр, қой, түйе...  
Әнеугі жіберген жұмыс аты...  
Жатқан қой...

Төменгі сөйлемдердің әр қайсысына мына етістіктердің бірін алып жазыңдар: м а з д а д ы, б ы қ с ы д ы, л а у л а д ы, т ұ т а н д ы, ж а н д ы, ж а р қ ы л д а д ы.

Тамызық...	Кебүү тезек...
Найзағай алыста...	Жалын...
Сұу отын...	Шам...

Мына етістіктерді де солай етіндер: ұ й ы д ы, і р і д і, а ш ы д ы.

Қымыз...  
Көп тұрған сүт...  
Айран...

30. **Жұмыс.** Төменгі етістіктерге қарсы мағналы етістіктер тауып жазыңдар:

Отырды – тұрды	Кірді...
Жүрді - ...	Ашты...
Кетті - ...	Ойанды...

К е р е к с ө з д е р: жапты, келді, ұйықтады, таптады, шықты. Төмендегілерге мағнасы шендес етістіктер табыңдар.

Айтты – сөйледі	Шаршады - қажыды
Қарады - ...	Жортты - ...
Ұрды - ...	Қорықты - ...

К е р е к с ө з д е р: соқты, желді, шошыды, көрді.

### § 5. Етістіктің болымды, болымсыз түрлері.

31. **Жұмыс.** Кестенің екі жағындағы етістіктерді салыстырыңдар да н е

з а т н е е т і л е д і , н е е т е д і ж ә н е з а т н е е т п е й д і , н е е т і л м е  
й д і д е г е н с ұ р а у ғ а ж а у а п б е р е т і н д е р і н т а б ы н д а р .

Мәшйіне жүреді.	Мәшйіне жүрмейді.
Құс ұшады.	Құс ұшпайды.
Ат шабады.	Ат шаппайды.
Үй салынады.	Үй салынбайды.
Тау көрінеді.	Тау көрінбейді.
Қой маңрайды.	Сыйыр маңрамайды, мөңрейді.
Үйрек ұшады.	Тауық ұшпайды.
Ат шабады.	Түйе шаппайды.
Керпіш қаланады.	Топырақ қаланбайды.
Сыйыр күйсейді.	Жылқы күйсемейді, жұсайды.

**32. Жұмыс.** З а т н е е т п е й д і й а з а т н е е т і л м е й д і д е г е н д і  
к ө р с е т е г і н е т і с т і к т е р д і т е р і п ж а з ы н д а р .

Етікші оқытпайды, етік тігеді.	Түйе шаппайды, желеді.
Оқытушы етік тікпейді, оқытады.	Тауық ұшпайды, жүгіреді.
Қасқыр үрмейді, ұлиды.	Қой боздамайды, маңрайды.
Түйе маңрамайды, боздайды.	Бақа ұлымайды, бақылдайды.

З а т н е е т е д і , н е е т і л е д і , д е г е н с ұ р а у ғ а ж а у а п б е р г е н е т і с т і к т е р б о л ы м  
д ы е т і с т і к т е р д е л і н е д і .

З а т н е е т п е й д і , н е е т і л м е й д і д е г е н с ұ р а у ғ а ж а у а п б е р г е н е т і с т і к т е р б о  
л ы м с ы з е т і с т і к т е р д е л і н е д і .

Болымды етістіктер қыймылдың йа істің болатынын көрсетеді.  
Болымсыз етістік қыймылдың йа істің болмайтынын көрсетеді.

**33. Жұмыс.** Сөйлем айағына болымсыз етістік тауып жазыңдар.

Шам жанады	Ййт үрмейді –
От...	Адам...
Жел...	Қарындас...
Сұу...	Бұлбұл...

К е р е к с ө з д е р : с а й р а м а й д ы , с ө й л е м е й д і , с о қ п а д ы , т ұ т а н б а д ы ,  
ұ ш т а л м а д ы , а қ п а д ы .

**34. Жұмыс.** Болымды етістікті болымсыз етістікке айналдырыңдар.

### Дүкен.

Күн шықты. Дүкенде жұмыс қайнады. Көрік күүледі. Ұсталар қыймыл-  
дады. Балғашылар темір соқты. Балташылар ағаш шапты. Егеушілер темір  
егеді. Арашылар ағаш кесті. Қашаушылар тесті.

## § 6. Жалаң сөйлем.

## Бастауыш пен байандауыш.

## Айаз.

Мұздай демі бет қарып.

А й а з а у з ы н а ш а д ы.

Құлақтанып қызыл күн

Жасыл ұшқын шашады.

Қызыл айаз демінен

Б е т қызарып күйеді.

Қанын беттің шығарып,

А й а з тістеп сүйеді.

35. **Жұмыс.** «Айаз» деген өлеңнен ірі басылған зат есімдер мен оларға байланысты етістіктерді теріп жазыңдар. Сонда қысқа сөйлем шығады.

Үлгі: Айаз ашады.

Сөйлемдегі ойдың не тұралы айтылғанын көрсететін сөзді б а с т а у ы ш дейді.

Бастауышқа Кім? Не? деген сұрау қойылады.

Бастауыш қыймылын, ісін, күйін білдіретін, байандайтын сөзді б а й а н д а у ы ш дейді.

Байандауыш сұрауы: не етеді, не істейді, не күйде, не н ә р с е. Байандауыш болатын көбінесе етістік, бастауыш болатын зат есім есімдік, сан есім т.т.

36. **Жұмыс.** Әр байандауышқа бастауыш тауып жазыңдар.

Сауысқан шықшылықтайды.

...дөңгелейді.

... сайрайды.

... мійаулайды.

... үреді.

... ұлайды.

Тышқан шыйқылдайды.

... қаңқылдайды.

... қыркылдайды.

... шақылдайды.

... қорсылдайды.

... сұуылдайды.

К е р е к с ө з д е р: ійт, қасқыр, үйрек, қаз, жел, бұлбұл, дөңгелек, мысық, шошқа, сар шұнақ, (тарбаған).

37. **Жұмыс.** Әр бастауышқа байандауыш тауып жазыңдар.

Күн... Тоғай... Өзен... Бала... Торғай... Ағаш... Шегіртке... Балық... Мал... Қарға...

Ең қысқа сөйлем бастауыш пен байандауыштан ғана құралады. Тек байандауыш пен бастауыштан құралған сөйлемді ж а л а ң с ө й л е м дейді.

М ы с а л: Қоңырау соғылды. Сабақ басталды.


38. **Жұмыс.** Көшіргенде бастауыштың астың бір, байандауыштың астын екі сызыңдар.

**Ертеңгісін қалқозда.**

Түн өтті. Таң атты. Күн шықты. Қоңырау қағылды. Қалқозшылар жыйылды. Көлік жегілді. Сабан жүрді. Дала жанданды. Жұмыс қайнады.

39. **Жұмыс.** Әр сүгрет жайында бір жалаң сөйлем тауып жазыңдар.

Қаз жүзеді	Ійт жатыр	Құлын шабады
Бала жазды	Балалар шомылды	Бала ұйықтады



40. **Жұмыс.** Жоғарғы «Ертеңгісін қалқозда» деген әңгіме үлгісі мен жалаң сөйлемдерден құрап, «Ертеңгісін мектепке» деген әңгіме жазыңдар.

*Мысал:* Қоңрау қағылды. Балалар жыйылды.

**§ 7. Жайылма сөйлем.**  
**Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.**

Сөйлемде бастауыш пен байандауыштан басқа сөздер де болуы мүмкін. Мұндай сөздер бастауыш пен байандауыштың жайын түсіндіреді. Бұл сөздерді сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері дейді. Тұрлаусыз мүшелері сөйлемді жайылма сөйлем дейді.

**Тұрлаусыз мүшесіз жалаң сөйлем.**

1. Күн шықты.
2. Ауыл ойанды.

**Тұрлаусыз мүшелі жайылма сөйлем.**

1. Жарқыраған күн шықты.
2. Ауыл ерте ойанды.

3. Трактор жүрді.  
4. Қалқозшылар асықты.

3. *Егісте* трактор жүрді.  
4. Қалқозшылар *жұмысқа* асықты.

41. **Жұмыс.** Сұрауларға қарай тұрлаусыз мүшелерді тауып, жайылма сөйлемдер жазыңдар.

**Сұуға шомылу.**


Балалар ... (*қайда?*) барды. Олар ... (*қайда?*) түсті. Балалар ... (*қайда?*) көп жүзді. Олар ... (*нені?*) шалпылдаты. Балалар ... (*қайдан?*) шықты. Балалар ... (*ненің?*) ішінде балық көрді. Олар ... (*нені?*) аулады.

Үлгі: Балалар **сұуға** барды.


**Ертеңгісін зауытта.**

Гүудок айқайлады. Жұмысшылар пәбіркке жыйналды. Үлкен мәшій-нелер қозғалды. Болат балғалар тарсылдады. Үлкен зауыт жұмысқа кірісті. Екпінді жұмысшылар жарысқа түсті. Зауытта қыззу жұмыс басталды.


42. **Жұмыс.** Жоғарғы әңгімедегі сөйлемдер тұрлаусыз мүшелерінің қайсысы бастауышты, қайсысы қайандауышты түсіндіретінін төмендегідей схема мен көрсетіңдер.



43. **Жұмыс.** Схема мен көрсеткен сөйлемдерді жолға реттеп жазыңдар.



44. **Жұмыс.** Дәптерлеріне осындай схема жасап, ішіне төменгі сөйлемдер сөздерін таратып жазыңдар.



Қалқоз жоспарын орындады. Қалқоз базары ашылды. Артық астық базарда сатылды.

45. **Жұмыс.** Схема мен көрсеткен сөйлемдерді жолға реттеп жазыңдар да тұрлаусыз мүшелердің астын сызыңдар.



46. **Жұмыс.** Төменгі «пійәнер» жайындағы сөйлемдер сөздерін жоғарғыдай сызықтарға орналастырып жазындар.

Пійәнер өзінің уақтын бағалайды. Пійәнер камсамолға көмектеседі. Пійәнер міндетін біледі. Үлгілі пійәнер білімге ұмтылады. Пійәнер інішектеріне көмектеседі. Пійәнер мектептің мүлкін қорғады.

47. **Жұмыс.** Шақшадағы сұрауларға қарай тұрлаусыз мүшелер тауып жайылма сөйлемдер жазындар.

Бала ... (нені?) ұстады.

Малшы ... (қайда? қашан? нені?) бакты.

Қалқозшылар ... (қашан? нені?) шапты.

Балалар ... (қашан? қандай? неге?) шомылды.

Оқушы ... (қашан? қайда? неге?) барады.

... (қашан? қайда? қандай?) жаңбыр жауды.

### § 8. Жеке мағналы жаңа жеке мағнасыз демеу сөздер.

48. **Жұмыс.** Төмендегі сөйлемдер ішінен ірі басылған сөздерді теріп жазындар. Олардың жеке тұрғанда мағнасы бар ма?

Адам **да**, ұшқан құс **та**, жүрген аң **да**, жұмыссыз бос жүрген жоқ еш бір жан **да**. Кішкене қоңыздар **да** жүгін тасып, барады аралар **да** ұшып балға. Жібек **пен** Гүләндам келді. Атығай **мен** Торытай жарысы.

Жеке тұрғанда өз алдына мағнасы жоқ сөздер бар. бұлар сын сөздердің арасын байланыстыруға демеу болады. сондықтан жеке мағнасыз сөздерді демеу дейді.

Демеулер мыналар: **да** (де, та, те), **пен** (бен, мен), **көрі**, **үшін** т.т.

Демеулер алдындағы сөзден бөлек жазылады.

49. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіріп жеке мағналы сөздердің астын бір, демеулердің астын екі сызындар. Демеулердің айағы өзгере ме?

Қалқоз үшін мәшіине алатын болдық. Құрмаш пен бірге мәшіине трактыр стансасына бардым. Складта трактыр да тырма да, орақ та сепкіш те толып тұр. Олар әрі арзан, әрі жақсы әрі берік екен. Анадан көрі мынау артық сыйақты көрінеді. Біз не шөп, не егін мәшіинесін алмақ болдық. Садықтар қалқозға трактыр мен сепкіш мәшіине алып қайтты.

50. **Жұмыс.** Демеулі сөйлем мен демеусіз сөйлемдерді салыстырындар. Демеу не үшін тұрғанын біліндер.

1. Үлкен де кіші де жұмыста жүр.

1. Үлкен, кіші жұмыста жүр.

2. Әке мен бала келе жатты.

2. Әке бала келе жатты.

3. Менімен бірге сен бар.

3. Сен бірге бар.

Демеулердің айағы ө з г е р м е й д і .

51. **Жұмыс.** Демеулер қосып бес сөйлем жазындар.

## § 9. Сөздің түбірі мен жалғауы. Қасқыр.

Жұуықта біздің қасқыр келді. Қасқыр! деген күзетшінің айкайы шықты. Біз сыртқа жүгіре шықтық. Қараңғыда қасқырдың жайнаған көзін көреміз. Қой қасқырдан үркіп жүр. Үлкендер қасқырға қарай жүгірісті. Кісіден шошынып қасқыр жөнелді. Ійттер қасқырды қуып кетті.

52. **Жұмыс.** Қ а с қ ы р деген сөздің өзгерген түрін бірінің астына бірін теріп жазыңдар. Сөздің өзгеріп отырған бөлімін сызықша мен бөліп жазыңдар.

Үлгі: Қасқар  
Қасқыр-ды  
Қасқыр-дын

53. **Жұмыс.** Төмендегі сөздерді көшіріңдер. Сөздің түп мағынасын көрсететін жаңа өзгермейтін бөлімінің астын бір сызыңдар. Сөздің өзгертін жаңа түп мағынасын көрсете алмайтын бөлімінің астын екі сызыңдар.

Қалқоз, қалқозға, қалқозшы, қалқозда.  
Төңкеріс, төңкеріске, төңкерістің, төңкерісте.  
Ой, ойла, ойлау, ойым, ойлауға.  
Таза, тазала, тазалайды, тазаладым.

Сөздің түп мағынасын көрсететін жаңа өзгермейтін бөлімін т ү б і р дейді.

Сөздің түп мағынасын көрсете алмайтын өзгермелі бөлімін ж а л ғ а у дейді.

Жалғау мен түбір бірге жазылады.

54. **Жұмыс.** Төмендегі «Екпінді брйгаді» деген әңгімені көшіріңдер. Бірйгаді деген сөздің түбірінен жалғауын сызықша мен бөліп көрсетіңдер.

Менің әкем № 3 б і р а г і й д і д е жұмыс қылады. Бұл екпінді б і р і й г а д і . Б і р і й г а д і н і ң 20мүшесі бар. Жарыста бұлар басқа бірйгадіден озып жүр.

Бұл б і р і й г а д і д е сыйлық берілді. Бұл б і р і й г а д і н і қызыл тактайға жаздық.

55. **Жұмыс.** Төмендегі сөздердің жұуан жалғаулысын бір бөлек, жіңішке жалғаулысын бір бөлек, жалғаулы қатаңнан басталғанын бір бөлек, жалғауы ұяңнан басталғанын бір бөлек теріп жазыңдар.

Мал	малшы	малды	малға	малдың
Егін	егінші	егінді	егінге	егіннің
Ат	атшы	атты	атқа	аттың
Пеш	пешші	пешті	пешке	пештің
Темір	темірші	темірді	темірге	темірдің
Ағаш	ағашшы	ағашты	ағашқа	ағаштың

Елік	елікші	елікті	елікке	еліктің
Тон	тоншы	тонды	тонға	тонның

Түбірдің жұуан не жіңішкелігіне қарай, түбір айағындағы дыбыстың қатаң не ұйандығына қарай жалғаулар өзгеріп отырады.

Түбір жұуан болса, жалғауы да ж ұ у а н болады.

Түбір жіңішке болса, жалғауы да ж і ң і ш к е болады.

Түбір айағындағы дыбыс қатаң болса, жалғауы да қ а т а ң н а н басталады.

Түбір айағындағы дыбыс ұяң болса, жалғауы да ұ й а ң н а н басталады.

56. **Жұмыс.** «Балға» деген өлеңді көшіріңдер. Әуелгі төрт жолындағы сөздердің жалғауындағы сызықша орнына **а** не **е** дыбысын өздерің тауып жазыңдар. Соңғы төрт жолындағы сөздердің жалғауындағы сызықша орнына **ы** не **і** дыбысын өздерің тауып жазыңдар.

### Балға.

Күүл-йді соққан кезд- менің балғам.

Сілтес-м, әуез шығ-т күйг- салған.

Түгінд-, от ішінд- лаулап жанғ-н.

Соғ-мын, бүг-м, жанш-м, қыл-м талған.

Бүгем-н болат темір, асыл таст-

Тұрмыст- кеу-п қалған ақ татыр боп.

Тїйд-де қызыл балғам күл ғып шашты-.

57. **Жұмыс.** Төмендегі сөйлемдерді көшіріңдер. Жалғау басындағы сызықша орнына түбірдің орнына айақ дыбысына қарай **т** йа **д** дыбысын қойыңдар.

1. Ақ сандығым ашыл-ы, ішінен алтын шашыл-ы (шыққан күн).

2. Шій түбін-е шығыршық (жылан).

3. Шаңырақсыз түндік-і, шіреніп жатқан бір мық-ы (қақпан).

4. Бір шұқыр-а мың шұңқыр (оймақ).

5. Қыйа қамыс, қыйа қамыс-ың ар жағын-а жар қамыс, жар қамыс-ың ар жағын-а жылтырауық, жылтырауық-ың жағын-а пышыл-ауық, пышыл-ауық-ың ар жағын-а таңкыл-ауық (шаш, қас, көз, мұрын, ауыз).

58. **Жұмыс.** Төмендегі сөйлемдерді көшіріңдер. Түбірдің соңғы дыбыстарының жұуан йа жіңішкелігіне қарай жалғау басындағы сышықша орнына **қ** не **ғ**, **к**, не **г** дыбыстарын қойыңдар.

Қабат-қабат салын-ан бұлың, бұлың болат үй. Електір шамы жағыл-ан (Ілійас). Салдыр-күлдір көк жүзі, зеңбірек топ ат-андай. Бұлт айрылып жалт етет, аспанда от жақ-андай.

Түнерген бұлт сұрланып, құйа бастайт себелеп. Жел қосылып, долданып, боран қылып жіберет. Желіде-і құлындар ық-а қарап үрпийіп. Бұзау құу-ан қатындар қаптан желбей жүр кийіп. Бала біт-ен кезеніп, балтырларын түрін-ен. Шапыдатып сұу шашып, үйден үй-е жүгір-ен. Бала біт-ен. жыйыл-ан, астарында тал аты. Ұш-ан құстай зыр-ырайт, екі қолы –қанаты (Бейімбет).

59. **Жұмыс.** Түбірдің айағындағы дыбысқа қарай жалғау басындағы сызық орнына **б** йа **п** қойып көшіріңдер.

Қызыл шоқтар, жанған оттар, қолда жоқ-ар, барабан. Біздер жас-ыз, асыл тас-ыз, елге бас-ыз бірлікте.

Талпынып алға бас, ұлан, еш уақытта қалыс-а! Таза бойынды, тарт-а ескі салтқа! (Өтебай).

60. **Жұмыс.** Кестедегі сөйлемдерді салыстырыңдар. Сөйлемдердегі жалғаусыз сөздер мен жалғаулы сөзді салыстырып, жалғау не үшін тұрғанын байқаңдар.

- |                            |                              |
|----------------------------|------------------------------|
| 1. Әкем қалқоз кір.        | 1. Әкем қалқозға кірді.      |
| 2. Қалқоз екпінді көп.     | 2. Қалқозда екпінді көп.     |
| 3. Мен мектеп оқы.         | 3. Мен мектепте оқыймын.     |
| 4. Қалқоз күзгі егіс жырт. | 4. Қалқоз күзгі егісті жырт. |
| 5. Ол жоспарды тол.        | 5. Ол жоспарды толтырды.     |

**н, с, шы, (-і, лы, сыз, лық, ме, м, ұу, шыл** жалғаулары сөздің мағынасына қандай әсер ететінін байқаңдар.

Ек	бала	бөл	сұу
Егін	балалы	бөлме	сұйшы
Егіс	Баласыз	Бөлім	сұушыл
Егінші	Балалық	Бөлүү	сұулық

Жалғаулар екі түрлі.

Кей жалғаулар сөйлемдегі сөздердің арасын байланыстырады. Бұларды **д ә н е к е р** жалғаулар дейді.

Кей бір жалғаулар сөзге жаңа мағана береді. Бұларды **ж ұ р н а қ** дейді.

61. **Жұмыс.** Түбірлес сөздерді теріп бөлек-бөлек жазыңдар. Түбір астын бір, жұрнақ астын екі, дәнекер жалғау астын үш сызыңдар.

*Үлгі:* келінге. Оқытұшының.

Ек. Ат. Малшы. Қыста. Шық. Құр. Кел. Құрғақ. Мал. Қыс. Егін. Оқыт. Атшы. Мұрындық. Қыстау. Шығыс. Келін. Егіс. Аттан. Аттаныс. Аттану. Малды. Малсыз. Малсақ. Мұрынса. Қыстауға. Шығады. Келіншек. Құрғақшылықтан. Малшыны. Қыстың. Оқытұшының. Егіншіге. Мұрынсаға. Келінге.

62. **Жұмыс.** Жақша ішіндегі сұрауларға қарай қозы деген сөзді өзгертіп үш нүкте орнына тийісті дәнекер жалғауы мен жазыңдар.

Балалар... (қайда?) барды.

... (нені?) балалар бақты.

... (ненің?) енесі бар.

Балалар... (қайдан?) келді.

Балалар... (қайда?) жүр.

63. **Жұмыс.** Мамандықты, істеген кәсіпті көрсететін **шы (ші)** жұрнағын қосып, жаңа мағаналы сөз тұуғызыңдар.

Үлгі: Мал – малшы, етік – етікші.

Етік, мал, сұу, ас, жазуу, оқытуу, үй, тігін, мәшійне, сүт, сауын, күзет.

Жете білгендік, йа ынтық болууды, не ұстаған жолды көрсететін **шыл (шіл)** жұрнағын қосып жаңа сөз тұуғызындар.

Үлгі: Ленін – Леніншіл, ұйқы – ұйқышыл.

Ленін. Ұйқы. Марк. Ұлт. Отар. Төңкеріс. Өзім. Күлкі. Айан. Жер. Көп.

64. **Жұмыс.** Зат есімнен түбірдің соңғы дыбысы мен жұуан жіңішкелігіне қарай **ла-ле, та-те, да-де** – жұрнағын қосып етістік тұуғызындар.

Үлгі: Ақ – ақта, май – майла, қағаз – қағазда.

Ақ. Май. Қағаз. Сұу. Тас. Бас. Көз. Айақ. Тіс. Түп. Түр. Қол. Сап.

Етістікке **ақ, қ, к** жұрнағын қосып, құрал атын көрсететін зат есім тұуғызындар.

Үлгі: Ор – Орақ.

Ор. Тара. Күре. Тайа. Қала. Пыш.

Етістік түбірге **қаш, қыш, кіш, гіш** жұрнақтарын қосып құрал атын көрсететін зат есім тұуғызындар.

Үлгі: Қыс – қысқаш. Тұт – тұтқыш.

Қыс. Тұт. Сұрт. Сүз. Сыпыр. Ыс. Желдет. Сапыр.

65. **Жұмыс.** Бір түбірден өрбіген сөздерді бір бөлек теріп көшіріңдер де, түбірден жұрнағын сызқша мен айырып көрсетіндер.

Үлгі: Бөл, бөл-іс, бөл-ім, бөл-уу.

Бөлме. Бастық. Қызар. Шақ. Шабын. Үштік. Тазалық. Бөліс. Басшы. Қызыл. Жақын. Үш. Таза. Бөлме. Қызық. Басқар. Шабарман. Тазала. Басқарма. Қызылша. Бөлім. Шапқыш. Бөлүү. Тазарт. Бөл. Басшылық. Бөлік.

66. **Жұмыс.** Төменгі сөздердің түбірін, жұрнағын, дәнекер жалғауын төменгі кестедегідей айырып көрсетіндер:

Түбір	Жалғау	
	Жұрнақ	Дәнекер жалғау
Қалқоз ....	шы	ға
Ас .....	тық	ты
Жаз-уу .....	шы	тың

Қалқозшыға, астық, кітаптың, балалық, жолдас, оттық, мұрындық, ауыздық, қатшыға, көпке, камсамолдың, пійәнерге.

## § 10. Қос сөздер.

Мына қос сөздердің мағанасын салыстырыңдар. Қос сөздің біреуін алып тастаса қалғанының мағанасы қос сөздердегідей шыға ала ма?

Төсек-орын	Алұуан-алұуан	Ол-пұл	Қол-ма қол
Бала-шаға	Оқтын-оқтын	Олай-бұлай	Көз-бе көз
Айақ-табақ	Бырт-бырт	Шарт-шұрт	ауыз-ба ауыз

Қос сөздер екі түрлі.

Бір түрлі қос сөздер екі түбірден қосылады да бір сыпыра нәрсеге жалпы атау есебінде жүреді. Бұларды жалпылағыш қос сөздер дейді. Мысалы: *төсек-орын, бала-шаға*.

Екінші қос сөздерде сөздің мағанасын толықтыруу үшін бір түбір өзгеріп, йа өзгермей қайталайды.

Мұндай қос сөздің біреуін алып тастаса, қалғаны мағананы толық бере алмайды. Бұларды жалқылағыш қос сөздер дейді. Мысалы: *ат-мат, сұу-мұу, -от-мот*.

Жазғанда қос сөздер арасына сызықша қойылады.

Арасына **ма(ма, па-пе, ба-бе)**, ді бұуыны түсіп қайталаған қос сөздің әуелгісі маға сызықша мен қосылады да соңғысы бөлек жазылады, мысалы: *қол-ма қол, көз-бе көз, өз-ді өзі*.

**67. Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіріңдер. Жалпылағыш қос сөздер арасын сызықша мен жазыңдар.

Ауданға кеткен адамдар келіп қалды. Олар кәперетіпке жүн жүрқа, тері терсек салыпты. Оның орнына қалқозға кийім кешек, айақ табақ, құрал сайман алыпты. Қатын қалаш, бала шағалар жыйылды. Әкелген нәрсені кәперетіп мүшелеріне қол-ма қол бөліп берді. Құрал сайман қоймаға қойылды. Әкелген матадан әжем төсек орын істеді.

**68. Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіріп, түбірі өзгермей қайталаған жалқылағыш қос сөздерді сызықша арқылы жазыңдар.

Жалп жалп жауды қар. Бұрк бұрк боран бар (Іліяс). Алұуан алұуан жүйрік бар, әліне қарай шабады (мақал). Оқтын оқтын кійноға барамыз. Дүркін дүркін мектепте сауық кеші болды. Мәшійне шеге шығарып зырқ зырқ етеді (Іліяс). Қотанда қой бырт бырт күйсеп жатты.

**69. Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіріңдер. Екінші түбірдің дыбыстары өзгеріп қайталаған жалқылауыш қос сөздердің арасын сызықша мен жазыңдар.

Жалт жұлт нық бас! Жарқ жұрқ от шаш. Сарт сұрт, марш, марш! (Сәкен). Өне міне дегенше салып жетіп келеді (Тарғын). Жарқ жұрқ етеді, жалмай жұлмай жұтады (от). Жалаңдаған ақ балтам жарқ жұрқ етет шапқанда. Өрең мәрең тоқтатам сағасынан басқанда. Қалың орман шұуылдап қаңғыр күңгір етеді. Құу ағашым қылқыйып салдыр күлдір етеді. (Сәбійт). Соқ, барабан! Біз жаңадан ілгері алға басайық. Даңғыр дүңгір, даңғыр дүңғыр өрлеген дөңнен асайық. (Мәжійт). Ол пұл айтып не керек.

70. **Жұмыс.** Арасына ма, ді бұуындарын салып қайталайтын жалқылағыш қо сөздердің алдыңғысына сызықша мен қосып соңғысын бөлең жазыңдар.

Қалың ағаш жапырағы сыбдырласып өз ді өзі (Абай). Осы хатты сен жаңғабылға қол ма қол тапсыр. Мен осы сөзді ауыз ба ауыз айттым. Ол мені мен әлі бет пе бет сөйлескен жоқ. Біз оны мен үй ме үй тұрамыз. Ол кеуі көз бе көз отырып айтты.

71. **Жұмыс.** Көшіргенде қос сөздер арасына сызықша қойып жазыңдар.

Тырс тырыс тамшы тамады. Өзің үлкен, мінезің бала шаға (Абай). Партия – пана, тұрмыс жаңа, тегіс жанарды бүгін салт сана (Мәжійт). Үйдің бау шұуы. Ырың жырынды тастап тез жұмысқа шығалық. Өз ді өзіміз сөйлесіп алалық. Қол ма қол мына жұмысты істеп тасталық. Жалп жалп еткен қарағұс, тұла бойы тарамыс (кйіз үй). 7 нойабірде лек лек топ ереуілге шықты.

Мына сызықша мен жазылған сөздердің мағанасын байқаңдар. Сызықшаның алдындағы бұуыны не үшін тұр?

Қызыл	Қып-қызыл
Сары	Сап-сары
Қара	Қап-қара
Бійік	Біп-бійік
Жақын	Жап-жақын
Домалақ	Доп-домалақ

Сөздің мағанасын күшейту үшін ол сөздің алдыңғы бұуыны қайта айтылады. Мұны к ү ш е й т ү у б ұ у ы н дейді.

Күшейту бұуынының айағына ылғый **п** жазылады.

Күшейту бұуыны соңғы сөз бен *сызықша* арқылы қосылады, *қып-қызыл, жап-жапсы*.

72. **Жұмыс.** Көшіргенде күшейту бұуынын үш нүкте орнына айағына **п** жазып, сызықша қойыңдар.

Жастар күні жа... жас балалар қолына қы... қызыл түү алып көшеге шықты. Олар ә... әдемі әнге салып келе жатты. Тұуларында «жасасын жас ұландар күні!» деген і... ірі жазуу бар. Олар ү... үлкен үйдің алдына келіп тоқтады. Ол үйден жұмысшылар, қалқозшылар, комсомолдар шықты. Бұлар а... анық, қы... қысқа құттықтау сөздер айтты. Балалар үй алдында дө... дөңгелек болып тұрды. Құттықтау арасында «еңбекшілер ұраны» айтылып тұрды.

## § 11. Дауысты және дауыссыз дыбыстар.

Төменгі комсомол өлеңін өз әніне салып айтып қараңдар. Әр жолында қандай дыбыстар ән салуға, созуға келіп тұрғанын байқаңдар. Онан соң бұуыңға бөлууге көлтіріп дыбыстарды тұрған дыбыстарды байқаңдар.

Таңға қарсы алға бас.

Қарысып жолдастар!

Найза мен оқ, қамалды.

Қыйратып, жол бастар.  
Тайынба, қайтпа бұл беттен!  
Жастар тобы, түйдектен!  
Жұмысшы қара қалқының,  
Біз жастар – әскері.

Созып айтұға келетін дыбыстарды да уысты дыбыс дейді. Басқа дыбыстарды да уыссыз дейді.

Дауысты дыбыстар 9: **а, о, ұ, ы, е, ө, ү, ә.**

Дауыссыз дыбыстар 20: **б, ш, ж, д, ғ, х, й, к, л, м, н, ң, п, қ, р, с, т, у, з.**

Дауысты дыбыстар жұуан жана жіңішке болып екіге бөлінеді. Әр жұуанның бір жіңішке сыңары бар, е жұуан сыңары жоқ.

Жұуан дауыстылар: **а, о, ұ, ы.**

Жіңішке дауыстылар: **е, ө, ү, і, ә.**

73. **Жұмыс.** Төмендегі «Қызыл мүйіс» деген өлеңді көшіріп, жұуан дыбысты дыбыс астынан бір, жіңішкесінің астынан екі сызындар.

### Қызыл мүйіс.

Газет-жорнал жайылған,  
Үймелеген оқушы.  
Жалықпашы қарағым  
Оқышы, інім, оқышы!

Ленин бабаң бастаған,  
Келешектер сенікі.  
Тез адам бол, қарақтар!  
Сендер әлем көрігі.

Дауыссыз қатаң жана ұйаң болып екіге бөлінеді. Алты қатаң дауыссыздың алты ұйаң сыңары бар. Қалған дауыссыздар сыңарсыз ұйаңдар.

Қатаң дауыссыздар: **п, т, с, ш, к, қ.**

Ұйаң дауыссыздар: **б, д, з, ж, ғ, ғ, н, л, м, ң, й, у, х.**

74. **Жұмыс.** «Кәлектептің жырын айт» деген өлең ішінен қатаң дауыссыздарды бір бөлек, ұйаң дауыссыздарды бір бөлек теріп жазындар.

### Кәлектептің жырын айт.

Мүліен көздер қараған,  
Мүліен мыйлар санаған,  
Ұлы өзгеріс түрін айт!

Тұрмыстың кілтін бұраған,  
Мүліенің басын құраған,  
Сол түрдің терең сырын айт!

Бәрін айт та бірін айт,  
Кәлектептің жырын айт!

(Бейімбет)

## § 12. Үндестік заңы.

75. **Жұмыс.** «Бөбектің өлеңі» деген өлеңді көшірген де жұуан сөздердің астын бір, жіңішке сөздердің астын екі сызындар.

### Бөбектің өлеңі.

Тоқтышағым, тоғыз тап!  
Саулық қойым, сегіз тап,  
Сегізін де семіз тап!

Бөкен жүнді, бөрте ешкім,  
Төрт айда бол төрт, ешкім!  
Төртеуің де бөрте бол,  
Өлмей, жітпей есен бол,  
Қой алдына көсем бол!

Әукем, бұзауды алты тап!  
Әукелері салпылдап,  
Егіз болсын атандай;  
Бақайлары майысып,  
Елемесін қайысып,  
Адам мінсе де атымдай.

Сөздің түбірінде жұуан дауысты болса, оның барлық жалғауларында да жұуан дауысты жазылады.

Сөздің түбірінде жіңішке дауысты болса, оның барлық жалғаулары да жіңішке дауысты жазылады.

Бір сөзде йа жұуан йа жіңішке дауысты ғана келуі ү н д е с т і к з а н ы дейді.

76. **Жұмыс.** «Жау, жаңбыр!» деген өлеңді көшіргенде сөздің жұуан, жіңішкелігіне қарай сызық орнына **ы** йа **і** жазындар.

### Жау жаңбыр!

Жау, жау, жаңб-р, жау, жаңб-р!  
Жау, егінн-н көг- өсс-н!  
Сұлұудай бұраң қарақт-  
Айдың шалқар көл өсс-н.  
Ой мен қырд-ң шалғын-  
Жатқан малд- жасырс-н.  
Жаратыл-с көрк-не  
Таң қал-п жан бас үрс-н.

Төменгі үндестік заңына көнбейтін сөздерді бақылап, олардың жалғаулары қалай жазылатынын байқаңдар.

Қызымет – қызметке.  
Комсомол – комсомолға.  
Кітап – кітаптан.  
Капітал – капиталдан.  
Нығымет – нығыметтен.

Шеттен кірген сөздер үндестік заңына бағынбайды. Ондай сөздердің бір қанаты жұуан, екінші қанаты жіңішке болып жазылуы мүмкін.

Үндестік заңына бағынбайтын сөздердің соңғы бұуыны жұуан болса, жалғауы да жұуан болады. Бұлардың соңғы бұуыны жіңішке болса, жалғауы да жіңішке болады. Мысалы: *қызметке, комсомолға*.

77. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіріңдер. Үш нүкте орнына сұрауға қарай жалғауларын тауып жазыңдар.

Пйәнер комсамолға ... (*кімнің?*) жеткіншегі.

Сатсыйалдық құрылысқа сіңірген еңбегі үшін комсамол ... (*кімге?*) екі рет қызыл туу берілді.

Пролетарыйат ... (*кімге?*) кедей, орташа кара шарууа серік.

Пролетарыйат капитал ... (*неге?*) қарсы күреседі.

Кітап ... (*нені?*) күтіп ұста.

Әкем қызмет ... (*неге?*) кетті.

Мен Ақмыт ... (*кімге?*) кітап бердім.

### § 13. Ілгерінді ықпал заңы.

Төменгі сөздер түбірінің алдындағы жана жалғауының басындағы дыбыстарын байқаңдар. Олар арасында қандай байланыс барлығын байқаңдар.

Жаз      жазға      жазды      жазба.

Тас      тасқа      тасты      таспа

Сіз      сізге      сізді

Пеш      пешке      пешті

Түбір айағындағы дыбыс ұяң болса, жалғау да ұяңнан басталады.

Түбір айағындағы дыбыс қатаң болса, жалғау да қатаңнан басталады.

Мұны ілгерінді ықпал заңы дейді.

78. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіріп, жалғау басындағы сызықша орнына ілгерінді ықпал бойынша тйа д жазыңдар.

### Пійәнердің заңы.

1. Пійәнер еңбекшілер-ің тілегін жақтайды.
2. Пійәнер камсамол мен комүнестер-ің жеткіншегі.
3. Пійәнер іске табан-ы, еңбек-і сүйгіш.
4. Пійәнер ер, шыншыл, өтірік-і айтпайды.
5. Пійәнердің дені сау, денесі мық-ы, көнбіс-і, мұқамай-ы.

79. **Жұмыс.** Көшіргенде ілгерінді ықпал заңын ескертіп жалғау басындағы сызықша орнына **қ** йа **ғ**, **к** йа **г** жазыңдар.

#### Түйе.

Маң, маң, маң, бас-ан.  
 Шұудаларын шаң бас-ан.  
 Екі өркешін шаң бас-ан.  
 Төрт айағын тең бас-ан.  
 Алабота теріс-ен.  
 Тілін тікен тесбе-ен.  
 Мұрынды-ы келіс-ен.  
 «Шөк» де-егенде «бық!» де-ен.  
 Қызыл керуен жүкте-ен.

80. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіргенде, ілгерінді ықпал заңын тексеріп, жалғау басындағы сызықша орнына **б** йа **п** жазыңдар.

Тайын-а, қайт-а бұл беттен, жастар тобы, түйтектен! Қараңғыда жаз-а. жазғанда сыйа төк-е. Партаны, мектеп мүлкін кес-е. Партаны сұулап сүрт, шаңдат-а. Дәптерді кірлет-ей ұста.

### § 14. Екі дауыстының ортасында «П», «К», «Қ» дыбыстарының «Б», «Г», «Ғ»-ға айналуы.

Түбір айағындағы **к**, **п**, **қ** дыбыстары қандай дыбыстардың алдынан **б**, **г**, **ғ** ға айналатынын байқандар.

Жақ	жағады	жағуу	жағылды
Сеп	себеді	себуу	себілді
Тап	табады	табуу	табылды
Жек	жегеді	жегуу	жегілді

Түбір айағындағы қатаң **п**, **к**, **қ** дауысты дыбыстар ортасында ұйандап **к**, **ғ** ға айналады.

81. **Жұмыс.** Төменгі сөздерді өзгертіп, **п**-ны **б**-ге, **к**-ні **г**-ге, **қ**-ны **ғ**-ға айналдырып көшіріңдер.

Екі, қазақ, кітап, түп, сап, көп, орақ, елек, шелек, күрек, топ, мектеп, қалақ, сауық, тауық, жіп, тік, жоқ.

§ 15. «Н» дыбысының «Н» жана «М»-ға айналуды.

Н дыбысы қандай дыбыстардың алдында м-ға айналатынын байқандар.

Боран – Борамбай  
Күн – Күмпейіс  
Алтын – Алтымбек

Шортан – Шортамбай  
Орын – Орымбай  
Жан – Жампейіс

Түбірдің аяқ дыбысы Н болып жалғаудың немесе келер сөздің бас дыбысы Б болса, Н дыбысы М болып естіледі. Бірақ мұндай орында М жазбай Н жазылады: *айтқанынан танбады: мен аманмын.*

Кіріккен сөздерде Б, П алдына Н орнына М жазылады: *Іймамбай...*

82. **Жұмыс.** П, Б алдынан Н ның М ға айналған сөзді бөлек М болып естілсе де Н жазылған сөзді бір бөлек теріп жазындар.

Көнбейді. Дүйсенбай. Жуынбады. Асанбай. Тұрсынбек. Қанбады. Қамбаға астық салды. Жөргенбай. Жамбасты жілік. Кәңпересіе.

83. **Жұмыс.** Төмендегі сөздерді көшіріп жазғанда сызықша орнына Н мен М-ның тйістісін жазындар.

Шорта-бай Оры-бай деген ақындар өткен.  
Қалқоз қа-баға тұқым қорын құйды.  
Құлақтардың кө-беге көмген астығы табылды.  
Пролетарыйат капитал қожалығына кө-бейді.  
Есе-бай мен Кү-бйке пійәнерге кірді.  
Санда жа-бас деген жілік тұрады.  
Сұу отын жа-баса, кептіруу керек.  
Жалғаудың ұйқысы қа-байды.  
Бұзау енесін е-беді.  
Қатты жерге қазық е-бейді.  
Жарлы байға се-бейді.  
Үрген қарын се-беді.

«Н» дыбысы қандай дыбыстар алдынан «Н» да айналатынын байқандар.

Құрман – Құрмаңғалый  
Есен – Есенгелді  
Жан – Жаңғабыл

Күн – Күнгей  
Жон – Жоңға

Кіріккен сөздерде к, қ, ғ, г дыбыстарының алдынан н дыбысы н-ға айналады.

Түбір ортасында не кіріккен екі түбір арасында қ, к, ғ, г алдынан н дыбысы н болып жазылады: *Есеңгелді.*

Түбір аяғында, жалғау алдынан қ, к, ғ, г-ден бұрын м естілсе де түбіріндегі н жазылады: *Есенге.*

84. **Жұмыс.** **К, қ, ғ, г** алдынан келген **н** дыбысы **м** болып жазылған сөздерді бір бөлек, **н** күйінде түбірінше жазылған сөздерді бір бөлек теріп жазыңдар.

Жамаңқұл. Жаманға. Бораңқұл. Бораңға. Жаңға. Оңға. Оңға. Оңға. Тұр-сынғалый. Тұрсынға. Шеңгел. Іңген. Тышқан інге кірді. Өңгіме. Арыстан сау күндегі әнге басты.

85. **Жұмыс.** Көшіргенде түбірдің ортасында йа айағында тұрғанына қарай **к, қ, ғ, г** алдынан **н** йа **ң** жазыңдар.

Қаза-ғап қаза-ға сұу құйды. Есе-ге Есе-құл кітап берді. Жаңғылыш Тұрма-ға дәптер берді. Қаса-ғалый Қаса-ға келді. Кү-ге қарап мізгілді білеміз. Жыйма тыйынды Түркістан қазақтары те-ге дейді. Бұуаз і-ге-ге ауыр жүк артпа. Пышақ қы-ға салынады. Оқыралаған сыйыр жө-ге жүрмей жө-кіп жүр. Шы-ғабыр шы-ға шықты. Аласа үйге е-генде е-кейіп кіреді. Жегем же-ге елтірі ұрсады.

### § 16. Бір неше сөзден құралған кісі атының бірге жазылуы.

Бір неше сөзден құралған кісі аты кіріккен бір сөз саналып, бірге жазылады.

Бұлардың өзгерген дыбыстары естілуінше сол өзгерген күйінде жазылады.

86. **Жұмыс.** Бір неше сөзден қосылған кісі аттарын бөлек, тек бір сөзден тұрған кісі атын бір бөлек теріп жазыңдар. Естілуінше сызықша орнына өзгерген дыбысын қойып көшіріңдер.

Талқа-баймен Аліясқар екпінді жұмысшылар. Шаба-бай мен Тұрсын жалқа адамдар. Бұларды Айсұлуу және Самат деген пийәнерлер қара тақтаға жазды. Қаншайым, Бійбі, Жірсі-бай Бійсе-ғалый, Жа-гелді деген екпінді жұмысшылар сыйлық алды.

87. **Жұмыс.** Бір неше сөзден құралған бес адам атын ойлап тауыз жазыңдар.

### § 17. Сөз айағында «Б», «Д», «Г», «Ғ» дыбыстарының келмеуі.

Сөз айағында **б, д, г, ғ**, дыбыстары келмейді, мысалы: *көп, жүрет, етік, шұлық.*

88. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіргенде сызықша орнына **п, т, г, ғ** дыбыстарын тауып жазыңдар.

Жел жалығы-, әл жыйы-, қалқы- қана тербелі-, жұмсақ қана жымыйы-, жібек қанат жаз келе- Далаға шығы-а, құйрығын тігі-а-, асырды салар е-. Айнала шабар е-, енесін-тебер е-.

Бақа, бақа, балпа-! Басың неге жалпа-? Көзің неге тоста-. Темір телпе-көп кійі-, басым сонан жалпа-. Төбеден қарауыл кө- қарап, көзім сонан тоста-.

## § 18. Ұу, Үу, Ій емлесі.

Қандай сөзде **ұу**, қандай сөзде **үу** жазылатынын байқаңдар.

Тұу	Келүү	Тұуы	Келүүі
Құу	Сүйүү	Құуы	Сүйүүі
Сұу	Жүруу	Сұуы	Жүрууі
Бұу	Үруу	Бұуы	Үрууі
Оқуу	Беруу	Оқууы	Берууі

Ұзын естілсе жұуан сөзде **ұу**, жіңішке сөзде **үу** жазылады. «**Ұу**», «**үу**» дан соң «**ы**» естілсе жұуан сөзде «**ы**» жіңішке сөзде «**і**» жазылады.

89. **Жұмыс.** Сызықша орнына, сөздің жұуан жіңішкелігіне қарай **ұу** йа **үу** жазыңдар.

Мынау т-кімнің т-ы? Әйел т-ы (Сәбійт). Жүк алды аққ- шортан, шайан бір кін. С- қайнаса б-ға айналады. Б- салқындаса с-ға айналады. С- қатса мұзға айналады. Жапырағынан айрылған ағаш, қ-рай (Абай). Жастар күлмес, жүгірмес бала ш-лай (Абай). Толқыннан толқын т-ады. Толқынды толқын қ-ады. Қабырғаға с-рет іл-лі тұр. Әйт, ш-, ала атым (Бейімбет). Атқа жем беруу керек, жақсы күт- керек. Балалар, оқ-ға бар, жатпа қарап! Бұл қар- нұрлы електір (Ілійас). Көкке өрлетіп қалау мен қызыл тасты тізілт-. Қызыл күннің астына орнатамыз қызыл т- (Сәкен).

90. **Жұмыс.** Сөздің жұуан, жіңішкелігіне қарай сызықша орнына «**үу**», «**ұу**»-дан соң **Ы** йа **І** жазыңдар.

Сұр бұлт түсі сұу-к қаптайды аспан (Абай). Ағаш басында жапырақ сұу-лдайды. Оның мұнда келүү- анық. Қыз-л тұулы камсамол қызыл тұу-қолында. Кійініп, жұу-ныңдар шапшаң-рақ. Трактордың бұу- бұрк-бұрк етеді. Менің тұрұу-м, жүруу-м, келүү-м, оқуу-м онай.

Қандай сөзде **ый**, қандай сөзде **ій** жазылатынын байқаңдар.

Жый	жыйылыс	Кій	кійім
Сый	Сыйым	Ій	Ійім
Тый	тыйым	Тій	Тійімді
Қый	Қыйын	Бійле	Бійлік.

Ұзын естілсе жуан сөзде **ый**, жіңішке сөзде **ій** жазылады.

«**ый**», «**ій**» ден сең «**ы**» естілсе, жұуан сөзде **ы**, жіңішке сөзде **і** жазылады.

91. **Жұмыс.** Сызықша орнына, сөздің жұуын, жіңішкелігіне қарай, **ый** йа **ій** жазыңдар.

«Ж-ембай» қалқозы көл ж-егінен бақша салды. Екпінділер жалпы ж-ылыста с-алды. Жұмысшылар к-імді жұмысына қарай к-ді. Қалқозшылар қ- ойұға ж-налды. Бұуаз с-ыр мен бұуаз б-ені күт. С-а төкпей жаз. Малдың соңғы- -дірген сүтін жебінді дейді.

1. Т- десем т- тимейді, т-ме десем т-еді (ерін).
2. Ш- түбінде шығыршық (жылан).
3. Бір -т бар үрмейді, ол -ттен ұлықсатсыз үйге адам кірмейді (құлып).
4. Бір жандық қанаты бар ұшпас б-ік.  
Жүрмейді сонда дағы жерге т-іп.  
Бәрінде жер жаһанның өрт алса да,  
Еш жері шарпылмайды отқа күйіп (балық).

92. **Жұмыс.** Сөздің жұуан, жіңішкелігіне қарай **ый, ій** ден соң **ы йа і** жазындар.

Кеңес одағынан күн шығыс шеті Қый-р күн шығыс обылысы. Бәлшебек қый-ндықтан қорқпайды. Кій-з байпақ жылы болады. Шелек ій-ндеп толды. Терек мүсіндей б-ік ағаш. Ый-қты аттың ері ілгері кетпейді. Қызыл сый-рым жоны жалпақ (есік).

### § 19. Сан есім.

Екі тың-тың.  
Екі жылтың.  
Төрт тап-тап.  
Қағар сап-сап.  
Бір былғауыш (Түйе).

Жабықта жарты нан (ай). Екі үйге бір көсеу (сыйырдың тілі). Отыз омыртқа, қырқ қыбырға, бәрін бастаған ауыз омыртқа (кійіз үй).

Біз үшінші класта оқыймыз.

Загтың санын йа ретін көрсететін сөзді с а н е с і м дейді.

Санды көрсететін сан есім: *бір, екі, төрт, қырқ* т.т. Бұлар *неше? қанша?* деген сұрауға жауап береді.

Ретті көрсететін сан есім: *бірінші, екінші, қырқыншы*. Бұлар *нешінші?* деген сұрауға жауап береді.

93. **Жұмыс.** Төменгі санды көрсететін сан есімді ретті көрсететін сан есімге айналдырындар.

Бір	Жыйырма	Мың
Екі	Отыз	Мүлйен
Үш	Қырқ	
Төрт	Елуу	
Бес	Алпыс	
Алты	Жетпіс	
Жеті	Сексен	
Сегіз	Тоқсан	
Тоғыз	Жүз	
Он		
<i>Үлгі: бірінші, қырқыншы, мыңыншы.</i>		

94. **Жұмыс.** Көшіргенде сыйпыр мен жазылған сан есімдерді әріп пен жазындар.

Біздің мектепте 4 бөлім бар. Біз 3-бөлімде оқыймыз. Мұнда 36 бала бар. Мұның 17 қыз, 19 еркек бара. Бөлімде 21 пійәнер бар. 22 бала екпінді. Күніне бізде 4 йа 5 сабақ болады. Сабақ 46 мүйнетген. Сабақ арасында 10 мүйнет йа 30 мүйнет айалдаймыз.

## § 20. Сын есім.

Заттың сынын, түрін көрсететін сөзді **сын есім** дейді.

Сын есім *қандай?* деген сұрауға жауап береді: *үлкен үй, қызыл тұу, ашшы сұу.*

95. **Жұмыс.** Көшіргенде сын есім үстіне *қандай?* деген деген сұрау қойыңдар.

Қалың орман. Кең дала. Ашық күн. Қараңғы түн. Салқын сұу. Қатты тас. Дәмді тамақ. Бийік ағаш. Түзуу жол. Таза орын. Жұмсақ бор. Қызыл гүл. Ақ нан. Семіз ат.

96. **Жұмыс.** Зат есімдердің алдына тійісті сын есім тауып жазыңдар.

Үлгі: *Тәтті* қант.

... ат	... тұз	... айғыр
... шөп	... жұусан	... қойан
... сұу	... ай	... ешкі
... қазан	... жер	... сыйыр

**Керек сөздер:** тарғыл, алыс, қара, мөлдір, жарық, бөрте, ор, ала-са, көк, ақ, ашшы, құла.

97. **Жұмыс.** Мына сын есімдерге лайқты зат есім тауып жазыңдар.

Тұңғыйық сұу	Сұр бұл	Тар етік
Зәулім ...	Айдын ...	Кер ...
Зеңгір ...	Боз ...	Құрмақ ...
Майда ...	Арық ...	Терең ...

**Керек сөздер:** тау, жаңбыр, жер, топырақ, сыйыр, сай, ағаш, көл, байтал.

Зат есімнен сын есім қалай тұуатынын байқаңдар.

Ағаш үй	от арба
Темір жол	сыйыр қора
От кеме	бала қамшы

Екі зат есімнің **алдыңғысы** сын есім орнына жүреді. Сын есімге айналду үшін зат есімнің айағы өзгермейді: *ат қамшы*.

93. **Жұмыс.** Төменгі сөздер жанына зат есімнен тұуған сын есім тауып жазыңдар.

Шыны әйнек	темір күрек
------------	-------------

... ақша	... қора
... зауыт	... етік
... тарак	... орамал
... балта	... отын

К е р е к с Ө з д е р: болат, сұу, мүйіз, жібек, бұлғары, май, күміс, мал.

99. **Жұмыс.** «Жалпы оқу» деген мақала ішінен сын есімді өзіне байланысты сөзі мен теріп жазыңдар.

### Жалпы оқу.

Біздің қалқоз жалпы оқуды орындауға кірісті. Кеңес үкіметі мен комүнес партиясы жалпы оқуға зейін салды. Жалпы оқуға қатты зейін салды. Жалпы оқуға көмек беруіміз керек. Екі мектеп үйі бар: біреуі ағаш, екіншісі тас үй. Ағаш үй балалар мектебі. Керпіш үй ересектер мектебі.

### § 21. Есімдердің тәуелдеу түрі.

Кестедегі есімдерді салыстырыңдар. «Бала» деген сөзде жалғау және мағна жағынан айырмашығын байқаңдар.

Мен бала	Менің балам
Сен бала	Сенің балаң
Ол бала	Оның баласы

Зат есім, сын есім, сан есімдерді бір сөз бен есімдер дейді. Есімдердің жай түрі (бала) және тәуелдеу түрі бар: *балам, балаң, баласы*. Тәуелдеу түрі бір нәрсенің екінші нәрсеге тийістілігін көрсетеді.

100. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіргенде тәуелдеу түрде тұрған сөз түбірдің астын бір сызыңдар. Тәуелдеу жалғауының астын екі сызыңдар.

Быйыл қалқоздың егіні бітік. Қалқоздың мәшйінесі көп. Біздің қалқозымыз ауқатты. Менің әкем қалқозда. Сенің шешең қалқозда. Оның ағасы қалқозда. Біздің әкеміз қалқозшы. Сіздің әкеніз қалқозшы.

Біздің мектебіміз таза. Менің кітабым жана.

Төменгі кестеге қарап тәуелдеу түпдің жекеше, көпше, ортақ жалғауларын біліңдер.

Онаша тәуелдеу		Ортақ тәуелдеу	
жекеше	көпше	жекеше	көпше
Менің кітабым	– кітаптарым	Біздің кітабымыз	– кітаптарымыз
Сенің кітабың	– кітаптарың	Сіздің кітабыңыз	– кітаптарыңыз
Оның кітабы	– кітаптары	Олардың кітабы	– кітаптары

101. **Жұмыс.** Жоғарғы үлгі бойынша мына сөздердің тәуелдеу түрінің жекеше, көпше жалғауларын жазып көрсетіндер.

Дәптер, бөрк, шапан, қарындас.

102. **Жұмыс.** «Көміршілер» деген өлеңді көшіргенде тәуелдеу түрдегі сөздің астын сызындар.

### Көміршілер.

Қазағыстан дәулеті –  
Қарағанды дүкені.  
Қарағанды – Одақтың  
Дүкенінің үлкені.  
Сондағы еңбек ерлері,  
Бүгінгі күн қарқындар!  
Бүйіріне шақтының  
Батыра сал керкіні.  
Бұрқыратсын көмірді  
Білегіңнің серпіні.

(Ілійас).

### § 22. Есімдердің көпше, жекеше түрі.

Төменгі кестедегі ірі басылған сөздерді салыстырындар. Олардың айырмашығын байқаңдар.

Б а л а оқыды	Б а л а л а р оқыды
Ү й салынды	Ү й л е р салынды.
А т жегілді	А т т а р жегілді
М е к т е п ашылды	М е к т е п т е р ашылды
Қ а л қ о з ауқатты	Қ а л қ о з д а р ауқатты
К ө л балықты	К ө л д е р балықты

Есімнің жеке түрі бірақ затты көрсетеді, көпше түрі – көп затты көрсетеді.

103. **Жұмыс.** Көшіргенде ірі басылған есімдерді көпше түрге айналды.

*Үлгі:* Қ а л қ о з д а р астық дайындауды орындады.

Қ а л қ о з астық дайындау жоспарын орындады. Е к п і н д і жұмысын күшейтті. М ә ш і й н е тоқтамай ж ү р д і. Қалқозда бай зыйан қылуға тырысады. Байға м о л д а көмек береді.

### § 23. Есімдердің септелуі.

Мына әңгімеде «Еңбек» деген сөз әр сөйлемде қалай өзгергенін байқаңдар. Әр өзгерген түріне сұрау қойып қараңдар.

**Еңбек.**

Бұрын еңбек бейнет деп саналды. Енді біз еңбекке басқаша қараймыз. Біз еңбектен қорқпаймыз. Біз еңбекті ардақтаймыз. Күш еңбекте. Біз еңбектің ерлері.

Сөйлем ішінде сөз бен сөз байланысқанда айақтарына дәнекер жалғулар қосылады.

Есімдердің дәнекер жалғауларын септеу дейді.

Есімге септеу қосылуды септелу дейді.

Есімдердің септеулері сұрауларға қарай қосылады.

**Септеулер алтау:**

1. Атау ... Мұның сұраулары – *Кім? Не?*
2. Ілік жалғау ... Мұның сұраулары – *Кімнің? Ненің?*
3. Барыс жалғау ... Мұның сұраулары – *Кімге? Неге? Қайда?*
4. Шығыс жалғау ... Мұның сұраулары – *Кімнен? Неден? Қайдан?*
5. Табыс жалғау ... Мұның сұраулары – *Кімді? Нені?*
6. Жатыс жалғау ... Мұның сұраулары – *Кімде? Неде? Қайда? Қашан?*

*Кім?* деген сұрау адамды көрсететін есімге қойылады.

*Не?* деген сұрау адамнан басқа нәрсені көрсететін есімдерге қойылады.

*Қайда?* орынды көрсететін, *қашан?* мезгілді көрсететін есімдерге қойылатын сұраулар.

Есімдердің бәрі (зат есім, сын есім, сан есім) бір рет пен септеледі.

**Септелу үлгісі**

*Жекеше:*

Атау кім?	Қыз	Келін	Самат	Елемес
Ілік ж. Кімнің?	Қыздың кітабы	Келіннің кітабы	Саматтың кітабы	Елеместің кітабы
Барыс ж. Кімге?	Қызға	Келінге	Саматқа	Елемеске
Шығыс ж. Кімнен?	Қыздан	Келіннен	Саматтан	Елеместен
Табыс ж. Кімді?	Қызды	Келінді	Саматты	Елеместі
Жатыс ж. Кімде?	Қызда	Келінде	Саматта	Елеместе

А. Не?	Қаз	Егін	Ат	Пеш
І. Ненің?	Қаздың аты	Егіннің басы	Аттың жалы	Пештің мойны
Б. Неге? Қайда?	Қазға	Егінге	Атқа	Пешке
Ж. Неден? Қайдан?	Қаздан	Егіннен	Аттан	Пештен
Т. Нені?	Қазды	Егінді	Атты	Пешті
Ж. Неде? Қайда?	Қазда	Егінде	Атта	Пеште

*Көше:*

А. Кімдер?	Қыздар	Келіндер	Самагтар	Елеместер
І. Кімдердің?	Қыздардың кітабы	Келіндердің кітабы	Самагтардың кітабы	Елеместердің кітабы
Б. Кімдерге?	Қыздарға	Келіндерге	Самагтарға	Елеместерге
ІІІ. Кімдерден?	Қыздардан	Келіндерден	Самагтардан	Елеместерден
Т. Кімдерді?	Қыздарды	Келіндерді	Самагтарды	Елеместерді
Ж. Кімдерге?	Қыздарға	Келіндерге	Самагтарға	Елеместерге

А. Нелер?	Қаздар	Егіндер	Аттар	Пештер
І. Нелердің?	Қаздардың	Егіндердің басы	Аттардың жалы	Пештердің мойны
Б. Нелерге? Қайда?	Қаздарға	Егіндерге	Аттарға	Пештерге
ІІІ. Нелерден? Қайдан?	Қаздардан	Егіндерден	Аттардан	Пештерден
Т. Нелерді?	Қаздарды	Егіндерді	Аттарды	Пештерді
Ж. Нелерге? Қайда?	Қаздарға	Егіндерге	Аттарға	пештерге

**Септеулер төрт түрлі:**

1. Сөздің соңғы бұуыны жұуан болса, септеуі де ж ұ у а н болады.
2. Соңғы бұуыны жіңішке сөздің септеуі де ж і ң і ш к е болады.
3. Соңғы дыбысы қатаң сөздің септеуі де қ а т а ң н а н басталады.
4. Соңғы дыбысы ұйаң сөздің септеуі де ұ й а ң н а н басталады.

104. **Жұмыс.** Жоғарғы үлгіге қарап, мына сөздердің айағын септендер. Сан есімге *неше?* деген сұрау қойындар.

Ұста, Инженер, оқытушы, жылқы, зауыт, камсамол, кітап, жақсы, ұзын, алыс, бір, бес, алты.

**§ 24. Тәуелдеу түрдің септеулері**  
**Септелу үлгісі.**

*Жекеше:*

	1 ж а қ	2 ж а қ	3 ж а қ
<i>А. Нем? Нең? Несі?</i>	бөркім	бөркің	бөркі
<i>І. Немнің? Неңнің? Несінің?</i>	бөркімнің	бөркіңнің	бөркінің
<i>Б. Неме? Неңе? Несіне?</i>	бөркіме	бөркіне	бөркіне
<i>ІІІ. Немнен? Неңнен? Несінен? Қайдан?</i>	бөркімнен	бөркіңнен	бөркінен
<i>Т. Немді? Неңді? Несін?</i>	бөркімді	бөркіңді	бөркін
<i>Ж. Немде? Неңде? Несінде? Қайда?</i>	бөркімде	бөркіңде	бөркінде

*Көше:*

	1 ж а қ	2 ж а қ	3 ж а қ
<i>А. Нелерім? Нелерің? Нелері?</i>	бөрктерім	бөрктерің	бөрктері

<i>І. Нелерімнің? Нелеріңнің? Нелерінің?</i>	бөрктерімнің	бөрктеріңнің	бөрктерінің
<i>Б. Нелеріме? Нелеріңе? Нелеріне? Қайда?</i>	бөрктеріме	бөрктеріңе	бөрктеріне
<i>Ш. Нелерімнен? Нелеріңнен? Нелерінен? Қайдан?</i>	бөрктерімнен	бөрктеріңнен	бөрктерінен
<i>Т. Нелерімді? Нелеріңді? Нелерін?</i>	бөрктерімді	бөрктеріңді	бөрктерін
<i>Ж. Нелерімде? Нелеріңде? Нелерінде? Қайда?</i>	бөрктерімде	бөрктеріңде	бөрктерінде

### Ортақ түрі

	1 ж а қ	2 ж а қ	3 ж а қ
<i>А. Неміз? Неңіз? Несі?</i>	бөркіміз	бөркіңіз	бөркі
<i>І. Неміздің? Неңіздің? Несінің?</i>	бөркіміздің	бөркіңіздің	бөркінің
<i>Б. Немізге? Неңізге? Несіне? Қайда?</i>	бөркімізге	бөркіңізге	бөркіне
<i>Ш. Немізден? Неңізден? Несінен? Қайдан?</i>	бөркімізден	бөркіңізден	бөркінен
<i>Т. Немізді? Неңізді? Несін?</i>	бөркімізді	бөркіңізді	бөркін
<i>Ж. Немізде? Неңізде? Несінде? Қайда?</i>	бөркімізде	бөркіңізде	бөркінде

105. **Жұмыс.** Тәуелдеу түрде мына сөздерді септендер:  
Етік, кітап, дәптер, ойыншық.

### § 25. Есімдіктер.

Төменгі сызықтың екі жағындағы сөйлемдерді салыстырындар.  
*Мұрат, жолдастар* деген сөздердің орнына қандай сөздер ұсталған.

1. Қысты күні <i>Мұрат</i> жылымға құлады.	Қысты күні Мұрат жылымға құлады.
2. <i>Мұрат</i> сұуға бата жаздады.	Ол сұуға бата жаздады.
3. <i>Мұратты</i> жолдастары көрді.	Оны жолдастары көрді.
4. <i>Жолдастары</i> Мұратты шығарып алды.	Олар Мұратты шығарып алды.

Сөйлем ішінде *мен, сен, ол, біз, сіз, сіздер, олар*, сықылды сөздер зат есімнің орнына ұсталады. Мұндай сөздерді е с і м д і к т е р дейді.

*Мен, біз, біздер* – б і р і н ш і ж а қ есімдігі.

*Сен, сіз, сіздер* – е к і н ш і ж а қ есімдігі.

*Ол, олар* – ү ш і н ш і ж а қ есімдігі.

Бірінші жақ – *мен, біз*, екінші жақ – *сен, сіз, сендер*, үшінші жақ – *ол, олар* болып саналады.

106. **Жұмыс.** Төменгі әңгімені оқып, ішінен есімдіктерді теріп жазыңдар.

### Балалар бесігі.

Жібек жеңешем зауытты жұмыс қылады. Ол зауытқа сағат сегізге келеді. Оның емшекте қызы бар. Күнде жұмысқа бара жатып жеңешем қызын балалар бесігіне береді. Жеңешем қызына қайғырмайды. Оны балалар бесігінде күтеді, оған тамақ береді.

Менің әжем де зауытты жұмысшы. Менің де емшекте інім бар. Оны да әжем ертеңгісін балалар бесігіне апарды. Кешке оларды жеңешем мен әжем ала қайтады.

### § 26. Етістіктің жіктелуі.

107. **Жұмыс.** Үш нүкте орнына керек етістік жазыңдар.

Қызыл әскер, тракторшы, малшы.

(Кім қалай айтады?)

Қызыл әскер тракторшіге: – Мен Кеңес одағын ..., сен трактор..., ол (малшы) мал...

Малшы қызыл әскерге: – Мен мал... сен Кеңес одағын... ол (тракторші) трактор...

Тракторші малшыға: – Мен трактор..., сен мал..., ол (қызыл әскер) Кеңес елін...

К е р е к с ө з д е р :

Мен қорғаймын.  
Сен қорғайсың.  
Ол қорғайды.

Мен бағамын.  
Сен бағасың.  
Ол бағады.

Мен жүргіземін.  
Сен жүргізесің.  
Ол жүргізеді.

Жоғарғы жұмысты өзгертіп *мен, сен, ол* орнына *біз, сіз, сіздер, олар* деп көпше түрін ұстаңдар. Үш нүкте орнына төменгі етістіктерді ұстаңдар:

Біз қорғаймыз.  
Сіз қорғайсыз.  
Олар қорғайды.

Біз бағамыз.  
Сіз бағасыз.  
Олар бағады.

Біз жүргіземіз.  
Сіз жүргізесіз.  
Олар жүргізеді.

Бірінші, екінші, үшінші жақ есімдік пен (*мен, сен, ол, біз, сіз, олар*) қосылғанда етістікке жалғау жалғанады.

Етістік айағының үш жаққа жалғануын **жіктелуу** дейді.

Етістіктің түбірі екінші жақ бұйрық рай болып саналады: *қорға, бақ, жүргіз.*

Мен зауытта т ұ р м ы н. Мен зауытта т ұ р д ы м. Мен зауытта т ұ р а р м ы н. Мен зауытта і с т е й м і н. Мен зауытта і с т е д і м. Мен зауытта

і с т е р м і н. Мен сапқозда жұмыс қыламын. Мен сапқозда жұмыс қылдым. Мен сапқозда жұмыс қылармын.

Етістіктің үш шағы бар: **осы шақ, өткен шақ, келер шақ.**

Осы шақтың етістік іс осы шақта (кезде) болып жатқанын көрсетеді. Өткен шақтың жалғауы іс өткен кезде болғанын көрсетеді. Келер шақтың жалғауы іс, оқыйға келешекте боларын көрсетеді.

### Жіктеу үлгісі.

#### Осы шақ.

*Жекеше:*

Мен тұрмын	Жүрмін	Отырмын	Жатырмын
Сен тұрсың	Жүрсің	Отырсың	Жатырсың
Ол тұр	Жүр	Отыр	Жатыр

*Көпше:*

Біз тұрмыз	Жүрміз	Отырмыз	Жатырмыз
Сіздер тұрсыздар	Жүресіздер	Отырсыздар	Жатырсыздар
Олар тұр	Жүр	Отыр	Жатыр

#### Осы шақ (келер шақ мағнасында да ұсталады)

*Жекеше:*

Мен жетемін	Барамын	Айтамын
Сен жетесің	Барасың	Айтасың
Ол жетеді	Барады	Айтады

*Көпше:*

Біз жетеміз	Барамыз	Айтамыз
Сіздер жетесіздер	Барасыздар	Айтасыздар
Олар жетеді	Барады	Айтады

Сөйлемнің мағынасына қарай осы шақ, келер шақтың орнына ұстала береді. Мен үшінші бөлімде оқыймын (осы шақтық мағнасы бар). Мен ертең газет оқыймын (келер шақ мағнасында). Мен үйден келемін (осы шақ мағынасы бар). Мен кешке мектепке келемін (мұнда келер шақ мағнасында).

### Келер шақ

*Жекеше:*

Мен тұрамын	Берермін	Айтармын	Кесермін
Сен тұрарсың	Берерсің	Айтарсың	Кесерсің
Ол тұрар	Берер	Айтар	Кесер

Көпше:

Біз тұрармыз	Берерміз	Айтармыз	Кесерміз
Сен тұрсың	Берерсіз	Айтарсыздар	Кесерсіз
(Сендер тұрар- сындар)	(Берерсіңдер)	Айтарсыңдар	(Кесерсыңдар)
Олар тұрар	Берер	Айтар	Кесер

**Өткен шақ.**

Жекеше:

Мен тұрдым	бердім	айттым	кестім
Сен тұрдың	бердің	айттың	кестің
Олар тұрды	берді	айтты	кесті

Көпше:

Біз тұрдық	бердік	айттық	кестім
Сіз тұрдыңыз	бердіңіз	айттыңыз	кестің
(Сендер тұр- дыңдар)	(бердіңдер)	(айттыңдар)	(кестіндер)

Екінші жақ жалғауы «ң» мен жазылады: тұрсың, тұрдың, тұрасың, тұрарсың, тұрдыңыз.

Үшінші жақтың көпше, жекеше жалғауы бірдей.

Екінші жақ көпше үш түрлі: сіз тұрдыңыз, сіздер тұрдыңыздар, сендер тұрдыңдар. Әуелгі түрі сыпайылық үшін жекеше күйінде де ұстала береді.

Жіктеу жалғаулары төрт түрлі:

1. Түбірі жұуан болса, жіктеулері де жұуан болады.
2. Түбірі жінішке болса, жіктеулері де жінішке болады.
3. Түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, өткен шақ жіктеуі қатаңнан басталады.
4. Түбірден соңғы дыбысы ұяң болса, өткен шақ жіктеулері де жұуаннан басталады.

110. **Жұмыс.** Төменгі етістіктерді жіктеңдер.

Жаз, қайт, же, іш, істе, оқы, сұрт.

Болымсыз етістіктерді жіктеңдер:

Жүрме, алма, ішпе, жақпа, жазба, үзбе.

111. **Жұмыс.** Төменгі әңгімені көшіргенде осы шақты келер шақ, сонан соң өткен шақ қылып жазыңдар.

**Жаңа тұрмыс.**

Біз жаңа тұрмыс орнатамыз. Тұрмысымызды жақсартамыз. Жеке шаруалар қалқозға кіреді. Қалада, қалқозда, сапқозда талай асқаналар ашылады. Әйелдер ошақ басынан құтылады.

## § 27. Көмекші етістік.

1. Мен мектепте оқыймын.	1. Мен мектепте оқып жүрмін.
2. Мен мектепте оқыдым.	2. Мен мектепте оқып жүрдім.
3. Сен мектепте оқыдың.	3. Сен мектепте оқып едің.
4. Олар трактор алды.	4. Олар трактор алып келді.

Қатарынан ұстаған бір неше етістікті қосар етістік дейді. Қосар етістік тек бір мағынаға ие болады: сатып алады, оқып отыр.

Қосар етістіктің өзгермейтіні негізгі етістік аталады. Бұл қосар етістіктің түп мақсатын көрсетеді.

Қосар етістіктің көмекшісі жіктеледі. Көмекші етістік қосар етістіктің шағын, жағын, көпше, жекешесін, болымды, болымсызын, мағынасы өзгеруін көрсетеді.

112. **Жұмыс.** Қосар етістіктерді үш шақ, үш жақ, болымды, болымсыз, көпше, жекеше түрлері мен жіктендер.

Алып кел, сатып ал, қайтып кел, барып кел.

113. **Жұмыс.** Кестенің сол жағындағы үлгіге қарап, *жүгір, ақ* деген етістіктер қасына етістік тауып жазыңдар. Көмекші етістік қосар етістікке қандай жанама мағына бергенін байқандар.

Құс ұшты	Бала жүгірді	Су ақты
Құс ұшып кетті	Бала жүгіріп кетті	Су ағып кетті
Құс ұшып келді	Бала жүгіріп...	Су ағып...
Құс ұшып өтті	Бала жүгіріп...	Су ағып...
Құс ұшып жүрді	Бала жүгіріп...	Су ағып...
Құс ұшып кірді	Бала жүгіріп...	Су ағып...
Құс ұшып болды	Бала жүгіріп...	Су ағып...

113. **Жұмыс.** Төменгі мақаланы оқып, жалаң етістікті бір бөлек, қосар етістікті бір бөлек теріп жазыңдар. Көмекші етістіктің астын сызыңдар.

## Өзен тасуы.

Қар кетіп жатыр. Қар сұулары өзенге құйып жатыр. Мұз бетін қызыл сұу қаптап кетті. Ертеңіне мұздың көбесі сөгілді. Түсте мұз астынан сұу көрінеді, мұз көтерілді, жарыла бастады.

Кешке сең жүре бастады. Сең кейде топтанады, кейде тарайды, кейде бұуылады. Кейде үрккен қойдай бытырап жөнеледі. Сең үстіне қыспақта сең ырғып мінеді. Сең мен аралас ағаштар да, қыстай үйілген көң де, күдірейген дөңбектер де жосып барады.

Балалар детсйметірге бөлінген тақта мен сұудың өскенін өлшеп жүр. Сұу сабасынан 4 метір көтерілді. Өзен сабасынан асып кетті. Көпке шейін өзен сабасына түспеді.

### § 28. Болымсыз «МА» мен сұрау «МА?»

Етістік түбіріне қосылып жазылған **-ма** мен етістік пен есімдіктерден соң келетін бөлек жазылатын сұраулы *ма?*-ны салыстырындар. Олардың айырмашылығын байқандар.

- |                      |                          |
|----------------------|--------------------------|
| 1. Сен онда барма    | 1. Сенде кітап бар ма?   |
| 2. Сен қат жазба     | 2. Қазыр қыс па, жаз ба? |
| 3. Мен мұны жазбадым | 3. Мен мұны жаздым ба?   |

Етістік түбіріне қосылған жұрнақ **-ма (-ме, -ба,-бе, -па,-пе)** етістіктің болымсыз түрін тұуғызады. Түбір мен бірге жазылады.

Етістік пен есімдер соңынан тұратын сұрауы *ма?* (*ме, ба-бе, па-пе*) сұрауды көрсетеді, сөзден бөлек жазылады.

112. **Жұмыс.** Көшіргенде болымсыз етістіктерді *ма (ме, ба-бе, па-пе)* астын бір, сұрауды көрсететін сұраулы *ма? (ме, ба-бе, па-пе)* астын екі сызындар.

Жыңғыл мен мал айдама, кендір мен мал байлама. Сен мүзейде болдың ба? Қараша үйге қар жұкпайды (сыйырдың мүйізі). Ол мұнда отырмады ма? жамаулары болсада жамауы білінбейді (шұбар мал). Сен менің кітабымды көрмедің бе? Ел жатса да, енекем жатпайды (сыйырдың мүйізі). Бала сабақтан қайтпады ма? Күлдір жарғағым, қартайғанша тозбайды (кұлак).

## Т Ө Р Т І Н Ш І Ж Ы Л

### §1. Оқу басталды.

Дем алыс бітті. Мектепке жыйналдық. Бөлімге бөліндік. Біз төртінші бөлімде оқыймыз.

Сабақтан соң бөлім жыйылысы болды. Жыйылыста үшінші бөлімді сатсыйалдық жарысқа шақырмақшы болдық. Мынадай шарт қойдық: сабаққа кешікпейміз; сабақтан қашпаймыз; сабақты жақсы оқып, быйыл бірінші басқышты бітіреміз; қабырға газетін мезгілінде шығарып тұрамыз.

**1. Жұмыс.** Жоғары мақалада неше бөлім бар? Әр бөлімге қандай сүгрет салуға болады? Сол сүгрет астына не деп жазар едіңдер? Әр бөлімде неше сөйлем бар?

Бір қосақ ойды көрсеткен сөйлемдер абзатс аталады. Абзатста бір неше сөйлем болады.

Әр абзатс, әр жаңа басталған текс азатты жолдан басталады. Азатты жол деп жолдың сол жақ шетіне жеткізбей шегінтіп жазған жолды айтады.

**2. Жұмыс.** Кітаптан бүгін оқыған әңгімелерінде неше абзатс барын біліңдер. Әуелгі екі абзатсын көшіріңдер де, абзатста азатты жолдан бастаңдар.

### §2. Аңызды, сұраулы, лепті сөйлемдер.

Қалқоз құрылысын мейлінше ұлғайту үшін не керек? Мұның үшін алды мен қалқозшылардың әбден жеткілікті, егіске қолайлы жері болуы керек.

Бұл сіздерде бар ма? Иә, бар. Барлық жақсы жер мүлде қалқоздарға берілгені белгілі.

Мұның үшін, қалқозшылар трактыр мен, мәшіне мен пайдалана алуы керек.

Бұлар сіздерде бар ма? Иә, бар. Мұның үшін ақырында қара шарууаға адам жана қаржы жәрдемін үкімет аямай беру керек. Жау таптың қалдыктарына қалқоздарды іріттірмеу керек.

Сіздерде сондай үкімет бар ма? Иә, бар. Оның аты жұмысшы-қара шарууа Кеңес үкіметі.

(Сталиннің 1933-ж. 19-побіралда екпінді қалқозшылардың одақтық сйезіндегі сөзінен).

**3. Жұмыс.** Жоғарғы Сталин сөзінің ішінен соңында жауабы тұрған сұрауларды көшіріп жазыңдар. Сұрау соңынан жана жауабын жазыңдар.

Дауыстап әуелі сұрауын, онан соң жауабын оқыңдар.

Сұрауды қандай дауыс пен, оған берілген жауапты қандай дауыс пен оқығандарыңды байқандар.

Сұраулы сөйлем айағында қандай белгі, жауап берген сөйлем айағында қандай белгі тұр?

Мағнасында сұрауы бар сөйлемді сұраулы сөйлем дейді. Ішінде жай мағлұматы бар сөйлемді аңызды сөйлем дейді.

Сұрауы сөйлем ішінде қайда? қашан? қайдан? не? кім? қандай? қалай? неше? нешінші? неге? сыйақты сұрау сөздер йә ма? (ме, ба-бе? па-пе?) деген сұрау демеуі болады.

Сұраулы сөйлемде дауыс көтеріңкі айтылады. Аңызды сөйлемнің айағында дауыс бәсеңдейді.

Сұраулы сөйлем айағында сұрау (?), аңызды сөйлем айағында ұлы тыныстық (.) қойылады.

4. **Жұмыс.** Көшіргенде сөйлеміне қарай сұраулықты ия ұлы тыныстық қойындар.

- Сен жұмысшысың ба
- Иә, мен жұмысшымын
- Қайда істедің
- Қарағандыда істедім
- Қанша жыл жұмыс қылдың
- Бір жыл
- Неге кеттің
- Қызылға әскерге шақырылдым.

5. **Жұмыс.** Берілген жауаптарға қарай лайықты сұраулы сөйлемдер жазындар.

- .....
- Күмбійбі Жаңғабыл келіні.
- .....
- Жыйырма бесте.
- .....
- «Жантас» қалқозында .
- .....
- Сүт пермісінде сауыншымын.
- .....
- Иә, екпіндімін.

6. **Жұмыс.** Қалқоздарың егін жыйнау науқанын өткізуді тууралы сұраулар тізіңдер. Науқан қалай ұйымдастырылғанын, не жыйылып болғанын, не әлі жыйылмағанын ілгеріде не істемекші екенін сұраңдар.

7. **Жұмыс.** Қызыл әскерде құттықтаған сөйлемдерді оқып шығындар. Бұлардың айағындағы лептік (!) нені көрсетеді?

Қызыл әскер, командір, сайасы қызметкер жолдастар! Кеңес үкіметіне қарсы соғыс қаупын бір мүйнет те ұмытпандар! Жасасын Кеңес одағының күшті, қаһарман қызыл әскері! ОКР (в) ОК.

Жұмысшы-қара шаруа Қызыл әскерінің жауынкерлеріне, камандірлеріне, сайасы қызметкерлеріне сәлем!

Отанымыздың жұмысшылары бес жылдықты төрт жылда еңсере орындап, Қызыл әскерді отан қорғаудың жаңа құралдары мен құралдандырып жатыр. Бұл құралдардың тілін жете біліп, жау жағадан алайын десе, отан алдында өз міндеттеріңді орындау, жолдастар, сендердің жұмыстарың.

Жолдастар! Ленин тұуын, коммунизм үшін күрес тұуын жоғары ұстандар! Жасасын қаһарман Қызыл әскер жана оның бастығы, оның төңкерісшіл соғыс кеңесі! Сталин.

Айтұшының сезімін (қууану, таңдану) иә бұйрығын, үндеуін, өтінішін көрсеткен сөйлемді *лепті сөйлем* дейді.

Лепті сөйлем көтеріңкі дауыс пен айтылады.

Лепті сөйлем айағына лептік (!) қойылады.

**8. Жұмыс.** Сөйлемдерді көшіргенде айағына тийісті тыныс белгілерін қойындар.

Аз болса да жақсы болсын. Ленин.

Өктәбір балалары – жас пийәнерлер, мектепте пролетарлық тәртіпті күшейтіндер.

Егіннің бітіктігі жаңа малдың сүттілігі үшін күресіндер.

ОКР (в) ОК.

Кеңестер одағындағы еңбек-даңқтың, намыстың, құрметтің, ерліктің ісі Сталин.

Келешек – адал еңбектікі М. Гөркій.

Ауқатты, мәдениетті қалқоз тұрмысы үшін күресіндер.

Трақтыр мен көмбайын тілін біліңдер.

Сатсыйалдық мектепті оқындар

Сатсыйалдық жарыс пен екпінділік тұуын жоғары көтеріңдер

ОКР (в) ОК.

**9. Жұмыс.** Мысалды біреуің жазушы, біреуің шегіртке, біреуің құмырсқа болып оқындар. Аңызды, сураулы, лепті сөйлемдерді дауыс ырғағын келтіріп оқындар.

### Шегіртке

(Крыйлоп)

Шырылдауық шегіртке ыршып жүріп ән салған. Көгалды құуып гөләйт-тап, қызық пен жүріп жазды алған. Жазды күнгі жапырақтың бірінде тамақ, бірінде үй. Жапырақ кетті, жаз кетті, күз болған соң кетті күй. Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ, өкінгеннен не пайда? Сұуыққа тоңған, қарны ашқан, ойын қайда? Ән қайда? Оны менен тұрмайды: қар көрінді, қыс болды. Сауықшыл сорлы бүкшійді. Дым ақ қыйын іс болды. Секіруу қайда? Сүрініп, қабағын қайғы жабады. Саламда жатып дән жиған, құмырсқаны іздеп табады. Селкілдеп келіп жығылды. Айағына бас ұра: «Қарағым, жылт, орын бер! Жаз шыққанша асыра!» – «Оның жаным, сөз емес, жаз өтерін білмеппе ең? Жаның үшін еш шарууа ала жазда қылмаппа ең?» – «Мен өзіндей шаруашыл жұмсақ ійлеу үйлі ме? Көгалды құуып ән салып, өлеңнен қолым тийді ме?» – «Қайтсін, қолы тимепті! Өлеңші, әнші, есіл ер, ала жаздай ән салсаң, селкілде де бйлей бер!».

(Абайдың аудармасы)

10. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдер соңынан тйісті тыныс белгілерін (ұлы тыныстық, сұраулық жана лептіктерді) қойып көшіріңдер.

1. Ленин қайда Көмпартыйа ішінде, ішінде де сағат сайын ісінде.

2. Жалқаулыққа салынбай кел, балалар, оқылық.

3. Балалар, оқуға бар, жатпа қарап

Кйініп жұуыныңдар шапшаңырақ

Шақырды тауық мана алда қашан

Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

4. Ой балалар, балалар, ойналық та күлелік,

енді оқуға жүрелік.

5. Ол не зат ноқаттай боп қалықтаған

Сұуретін көк әлемі анықтаған

Емес пе көкте жүзген бала бүркіт

Аққуу ма көк аспанды шарықтаған.

(Айырпылан)

## § 2. Сөйлем мүшелері

11. **Жұмыс.** Жалаң сөйлемді бір бөлек, жайылма сөйлемді бір бөлек көшіріңдер.

Күн қысқарды. Түн ұзарды. Күн сұуытты. Шөп сарғайды. Құс жылы жаққа кетті. Кейде қар да жауады. Адамдар қысқа дайарланды.

12. **Жұмыс.** Көшіргенде сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің астын бір, тұрлаусыз мүшелерінің астын екі сыз.

Қысқа қарай жаз еске түседі. Жазды күні бір қыдырғаным еске түседі. Шөп үстінде шық мөлтілдейді. Қоңыр салқын жел бетке тйеді. Дөң сыртынан күлімсіреген күн көтеріліп келеді. Көкпеңбек аспан көк жиек пен ұштасады. Айнала қалқоз, жалтыраған көл, көл бетінде қалқыған қайық – бәрі алақандағыдай көрінеді. Төбеде бозторғай шырылдайды.

13. **Жұмыс.** Ірі басылған сөздер мен оларға байланысты сөздерді теріп жазыңдар. Ірі басылған сөз қандай сұрауға жауап беретінін байқаңдар.

К ө к көйлекті жеңешем көлбең, көлбең етеді (түтін). Жол үстінде і й л і қайыс (жылан). Қ а р а ш а үйге қар жұқпас (сыйырдың мүйізі). К ө к ылағым көгенде жатып семірді (қауын). Екі тері, екеуіде к е н тері (жер, аспан). Б і р і н ш і сабақ ана тілі. Е к і үйге бір көсеу (сыйырдың тілі).

Сөйлем басқа мүшелерінің белгісін, санын, сан ретін анықтайтын сөзді анықтауыш дейді.

Анықтауыш *Қандай? Қалай? Қайтып? Не қылған? Неңе? (қанша?) ненің? Кімнің? Несінің? Қай? (Қайсы?)* деген сұрауларға жауап береді. Көбінесе сын есім анықтауыш болады.

14. **Жұмыс.** Көшіргенде анықтауыштың астын бір сызыңдар да жанына жақша ішіне сұрауын қойыңдар.

*Үлгі:* Бірінші (несінші?) бірігеді.

Біз екінші бірігадіге сұусын әкелдік. Төрт мәшіине кең табанды шауып келеді. Алда жаңа мәшіине зырылдап келеді. Көк шөп жыйылып құлап жатыр. Орылған шөп арасынан тағандар құрттарды теріп жүр. Сол шабындық арасында қызыл гүлдер, сары жоңышқалар, көк бйдайық, боз батгауық көрінеді. Әр жерде кошкыл жалбыз ербййеді.

Екінші бірігаді бірінші бірігаді мен жарыста. Кеше бірінші бірігаді бәйгі алған. Бүгін екінші бірігаді намыстанып қызұу жұмыс қылып жатыр.

**15. Жұмыс.** Көшіргенде септеу сұрауларына жауап беретін байандауышты толықтыратын тұрлаусыз мүшелердің астын сызындар, ірі байқанған сөздер қандай сұрауға жауап беретінін байқаңдар.

Үлгі: Арыстандай толғанып, жалын **көкке** бойлайды.

### Зауытта.

Арыстандай толғанып жалын көкке бойлайды. Толғатқандай темір пеш салады бебеу- ойбайды. Жарқ-жүрк еткен, шойын шоқ қ а з а н д а қайнап бітеді. Бөренедей темір от тербеліп т е с к т і өтеді. Бәріне де ж а н - ж а қ т ы ң осындай оттар болады. Тегістік деген ұлы ү й г е осылар ш е г е н і соғады.


Байандауышты толықтыратын тұрлаусыз мүшені *толықтауыш* дейді.

Толықтауыш септеу сұрауларына (*неге? кімге? қайда? неден? кімнен? қайдан? кіммен? қашан? нені? кімді? кімде? неде? қай кезде?*) жауап береді.

Толықтауыш сөйлемде байандауыш пен байланысады.

**16. Жұмыс.** Төменгі сөйлемдер мүшелерінің байланысын көрсетіп төрткіл ішіне жазыңдар. Толықтауыштың үстіне сұрауын қойыңдар.

Үлгі:



Мен сабақта болдым.

Біз мектептен қайттық.

Біз мектептен үйге келдік.

Біз мектептен үйге бойау әкелдік.


Қалқозда аптамабiл бар.

Қалқоз аптамабiл алды.

Қалқоз зауыттан аптамабiл алды.

Оқытушы бізге дүкеннен кітап әкелді.

17. **Жұмыс.** Байланыстарын көрсетіп, сөйлем мүшелерін төрткіл ішіне таратып жазыңдар.



### Қалқоз не үшін керек.

Қалқоз жеке шарууаларды біріктіреді. Қалқоз қара шарууаларды жоқтықтан, кедейліктен, қайыршылықтан құтқарады. Қалқоз кедейлердің, орташалардың күшін біріктіреді. Қалқоз кедей шарууаларды байлардың қанауынан құтқарады. Қалқоздың шарууасы тәртіп пен жүреді. Қалқоз мәшійнеге жол ашады. Мәшійне жұмысты өнімді, жемісті қылады.

### § 3. Қаратпа сөз.

*Жолдастар, Ленін тұуын жоғары ұстандар!*  
 Ленін тұуын, *жолдастар*, жоғары ұстандар!  
 Ленін тұуын жоғары ұстандар, *жолдастар!*  
*Жер жүзінің* пролетаріайаты, бірігіндер!  
 Әңгіме кімге қаратып айтылғанын көрсететін сөзді сөйлем ішінде *қаратпа сөз* дейді.

Қаратпа сөз бір сөзден де көп сөзден де құралады.

Қаратпа сөз сөйлемнің басқа мүшелері мен байланыспайды. Сондықтан:

1) қаратпа сөз сөйлем басында тұрса, соңынан тыныстық қойады.

*Балалар, серуенге жүрейік!*

2) сөйлем ортасында тұрған қаратпа сөздің екі жағы кіші тыныстық пен қоршалады.

Енді, *балалар, серуенге жүрейік!*

3) сөйлем соңындағы қаратпа сөздің алдынан кіші тыныстық қойылады да сөйлем соңынан ұлы тыныстық леп йә сұрау белгісі қойылады.

Серуенге жүрейік, *балалар!*

*Мен, сен, ол, біз, сіз, олар* сыйақты есімдіктер еш қашанда қаратпа сөз болмайды.

Қаратпа сөз атау түрінде тұрады.

**18. Жұмыс.** Қаратпа сөзді сөйлемнің ортасына қойып көшіріңдер.

Пійәнер, пролетарийатқа қызмет қылу міндетінді қашанда ұмытпа!  
Бажак, құлып тұжырнайының міндеті қандай? Апа, ертең біз серуенге ба-  
рамыз. Нұрқан, енді саған сөз беріледі. Ағай, міні сізге қат бар. Балалар,  
Ленін бұрышын жасайық!

**19. Жұмыс.** Көшіргенде тыныс белгілерін қойыңдар.

Сен неге жүйрік атым кісінейсің  
Таңға қарсы алға бас қарысып жолдастар  
Ойан қарғыс таңба басылған  
Жаланаһ, аһ, құл қайрат қыл

Әйт шүү ала атым  
Кім сендерді балалар сүйетұғын  
Жолдастар сабақ басталды  
Қалқозшы жолдастар егіске күз қар тоқтатыңдар.

**20. Жұмыс.** Мыналар жайында қаратпа сөзі бар сөйлемдер тауып жа-  
зыңдар:

1. Жолдасыңнан оқуға кітап сұра. 2. Жолдастарыңа тазалық сақта  
деп үгіт айт. 3. МОПР мүшелеріне жарна төле деп өтін. 4. Оқытұшыға  
класта неге болмағаныңды айт. 5. Жыйылыс бастығынан сөз сұра. 6.  
Шығарушыға қабырға газетіне сөз жазғаныңды айт.

#### § 4. Қыстырма сөз.

*Жаңылмасам*, былтыр Алматыда алғашқы қар 12-нөйәбірде жауып еріп  
кетті.

Сөйлемде төтеннен кийліккен ойды көрсететін йә ойды көзеп жіберуу  
үшін ұсталатын сөзді *қыстырма сөз* дейді.

Қыстырма сөз бір сөзден де көп сөзден де құралады.

Қыстырма сөз сөйлем мүшелері мен байланыспайды, сөйлем мүшесі  
болмайды; алып тастаса сөйлемдегі орны ойсырамайды. Сондықтан:

1) Сөйлем басындағы қыстырма сөзден соң кіші тыныстық қойылады.

*Жаңылмасам*, сені мен былтыр Алматыда көрдім білем.

2) Сөйлем ортасындағы қыстырма сөздің екі жағы кіші тыныстық бел-  
гісі мен қоршалады.

Сені мен былтыр, *жаңылмасам*, Алматыда көрдім білем.

Мағанасы тым алыс йә көп сөзден құралған қаратпа сөздің екі жағы  
жақша мен қоршалады:

Қарақай (*жер аты*) мал бағуға қолайлы жер.

**21. Жұмыс.** Көшіргенде қыстырма сөзді тауып кіші тыныстық пен йә  
жақша мен қоршаңдар.

Мұнан төрт жыл бұрын 1931-жылы мен алғаш мектепке келдім. Мен  
әрийне мектепке кіргеніме қуандым. Қараймын құрбыларым пійәнер бо-  
лып жатыр. Есембійке пійәнер бажағы қыз мені пійәнерге тартты. Сол  
жылы мектепке алғаш кірген жылы мен де пійәнерге жазылдым.

## § 5. Төл сөз.

Бұлжытпай айтылған біреудің сөздерін *төл сөз* дейміз.

Айтқанда төл сөз өзгеше дауыс пен айтылады да, жазғанда екі жағынан тырнақша мен қоршалады.

Төл сөз бір сөзден де, көп сөзден де, сөйлемнен де құралады.

1. Сөйлемде төл сөздің алдында тұрған бөгде сөзден соң екі нүкте қойылады.

*Ленін айтқаны: «Еңбек етпеген адам тамақ жемесін».*

2. Төл сөзден соң тұрған бөгде сөздің алдынан кіші тыныстық қойылады.

*«Еңбек етпеген адам тамақ жемесін», деген Ленін.*

3. Төл сөздің екі жағында тұрған бөгде сөздің алдыңғысынан соң екі нүкте, соңғысының алдынан кіші тыныстық қойылады.

*Ленін: «Еңбек етпеген адам тамақ жемесін», деген.*

22. **Жұмыс.** Көшіргенде бөгде сөздерді төл сөзден соң келтіріңдер де соған лайықтап тыныс белгілерін қойыңдар.

Қандоқтыр: «бағөнде бос орын жоқ», деді. Мілійсенер жұртқа: «ретке тұрыңдар», деді. Біреу ышқынып: «Өрт Өрт» деп айқайлады. Әжем – «Тамақ ішелік», деді. Бажақ бізден: «Кім екпінді?» деп сұрады.

23. **Жұмыс.** Төл сөздері бар сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып көшіріңдер.

Ленін оқы, оқы, оқы деген. Оқы, оқы, оқы деген Ленін. Ленін айтқаны оқы, оқы, оқы. Оны қой қасқыр айтты ол жасырмас жеп едім бір ылағын өткен күзде. Қаптесер келіп айтты көр тышқанға бір қабар жайылып тұр жер жаһанға. Күн болып біздерге де көз ашатын, қор болыпты мысық залым арыстанға. Есіркегіш екенсің дейді шілік онша сорлы емеспін, тартпа күйік. Қанденге бір ійт кездей боп дейді әдінді білсеңші. Піл мен ұрысар сыйқың жоқ, мазақ болмай қой, көрші!

Бір сөйлеушінің сөзінен соң екінші сөйлеушінің сөзі келіп отырса, тырнақша орнына әр сөйлеуші сөзінің алдынан сызықша қойылады.

– Мұрат неге ернің томпайды?

– Шекпенімді күйдіріп алдым.

– Неге тігіп алмайсың?

– Ійнем жоқ.

– Тесігі үлкен бе?

– Жалғыз жағасы қалды.

24. **Жұмыс.** Тыныс белгісін өздерің қойыңдар.

Аман ба

Аман ақ

Не әкелесің

Отын әкелемін

Мұның пішен көрінеді ғой

Көріп тұрсаң несіне сұрайсың

25. **Жұмыс.** Көшіргенде төл сөздің тыныс белгілерін тауып жазыңдар. Өртел атын не қойамыз? деді жыйылыс ағасы Ыбыраш.

«Төңкеріс» қойсақ қайтеді.

Дұрыс ақ!

Пәлі, міне жаңа табылды! деп көп шұу етті.

Жыйылыс бастығы

Бұған қарсы бар ма? деп сұрады.

Қарсы жоқ! деген айқай естілді.

## § 6. Бір дүкес сөздер.

Қазағыстан өзендері: Есіл, Нұра, Ертіс, Іле, Тобыл, т.т. (тағысын тағылар).

Есіл, Нұра, Ертіс, Іле, Тобыл – Қазағыстан өзендері.

Сөз таптарының бір келкі түрі мен айтылған бір топ сөзді *бір дүкес* сөздер дейді.

Бір дүкес сөздер арасына *кіші тыныс* қойылады.

Жалпылауыш сөздер бір дүкес сөзден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден соң *екі нүкте* қойылады. Бір дүкес сөзден соң тұрған жалпылауыш сөздер алдынан сызықша қойылады. Жалпылауыш сөздер екпінді, шұбыртпа сөздер бәсең дауыс пен үзіліп-үзіліп айтылады.

26. **Жұмыс.** Бір дүкес сөздердегі тыныс белгілерін қойып көшіріңдер.

Қазағыстан ірі таулары мыналар Алтай Сауыр Тарбағатай Ала тау Қара тау Мұғалжар т.т. Алтай Сауыр Тарбағатай Алатау Қаратау Қазағыстан таулары. Ауыл шаруашылық құралдары трактор көмбайн егін мәшійне шөп мәшійне т.т. трактор көмбайн егін мәшійне шөп мәшійне т.т. ауыл шаруашылық құралдары.

## § 7. Көп нүкте.

Айтып келе жатқанда сасқаннан, қысылғаннан, біреу кес-кестегеннен ой кілт үзіледі. Бір йә бір неше сөз айтылмай қалады.

Ой кілт үзілген жерде *үш нүкте* (...) қойылады.

Сөйлем кілт үзілген жерде дауысы көтеріңкі шығады.

27. **Жұмыс.** Сөйлем кілт үзілген жерді дауыс ырғағына келтіріп оқыңдар.

– Келген жұмысыңды айта отыр, шырағым! – деді Қазаңғап.

– Неге шақырғанын...

– Мен білемін.

– Білсеңіз айта...

– Айтсам сені оқуға жібереді.

– Мені қайда...

– Алматыға жібереді.

– Ағатай, баруға қаржым...

– Жоқ болса, казна береді.

28. **Жұмыс.** Төменгі әңгімені дауыс ырғағына келтіріп оқындар. Сонан соң сөйлем үзілген жеріне үш нүкте қойып көшіріңдер.

- Отағасы, сізге айтарлық
- Сөзің болса сонра кел
- Тағы келүүге қолым
- Қазір менің де қолым тіймейді.
- Тіймесе де бір ауыз
- Жарты ауыз тындауға да уақытым жоқ.

### § 8. Көп бастауышты сөйлем.


Өрісте бетеге, шағыр, бозғонақ, балауса, ійзен жайқалып тұр.

Жайылымда жылқы, сыйыр, қой, түйе жайылып жүр. Есембай, Борамбай, Күмбійке және Тұрсымбек көбелек жыйнады.

Сөйлемде бір неше бастауыш бола береді. Оқығанда ондай бастауыштардың арасына дауыс сәл кідіріп өтеді де, жазғанда араларына *кіші тыныстық* қойылады.

Соңғы бастауыштан бұрын келген *және, тағы* деген сөздер алдынан кіші тыныстық қойылмайды.

29. **Жұмыс.** Төрткілдегі сөздерді жолға тізіп, сөйлем қылып жазыңдар, керек жеріне кіші тыныстық қойыңдар.



30. **Жұмыс.** Көшіргенде сөйлемдегі бастауыштардың астын сызыңдар керек жеріне кіші тыныстық қойыңдар.

Бала шал кемпір қалқозда ауыр жұмыс қылмайды. Құлыпта сауық кеші байандама кійно болады.

Жалпы көкне жалпы асқана және балалар бесігі қалқозшы әйелдерді ошақ басынан құтқарады. Кеңес зауыттарында аптамабіл де трактірге айырпылан да танкі де парауыз да жасалады. Жем Жайық Еділ Терек және Құура өзендері Каспійге құйады. Қарағай шырша арша ақ қарағай тағы

қара қарағай қашан да жасыл болады. Қалқоз бен сапқоздың жоспарын толтырды.

### § 9. Көп байандауышты сөйлем.

Комбайн егінді *орады, баулайды, басады, сұуырады, қаптайды*. Сағат *жүреді, шықылдайды және мезгілді көрсетеді*.

Бала *оқыйды* да *жазады*.

Бір сөйлемде *бір неше байандауыш* бола береді. Оқығанда ондай байандауыштардың арасына дауыс сәл кідіріп өтеді де жазғанда араларына *кіші тыныстық* қойылады.

Соңғы байандауыштан бұрын келген «және» деген сөз алдынан кіші тыныстық қойылмайды.

Екі байандауыш арасындағы *да (де, та, те)* соңынан кіші тыныстық қойылмайды. Бірақ *да (де, та, те)* қайталаса, қайталаған сайын соңынан кіші тыныстық қойылады.


Құлын секіреді де шабады.



Бөктергі ұшады, қалықтайды, қонады және жүреді.



31. **Жұмыс.** Төрткілдегі сөздергі жолға тізіп, сөйлем қылып жазындар да керек жеріне кіші тыныстық қойындар.





32. **Жұмыс.** Оқып, тыныс белгілерін орнына қойып көшіріңдер.

Өзен ағады сарқырайды. Мектеп те кәперетіп те пошта да біздің көшеде тұрады. Кенеттен бір нәрсе шұулады гүуледі сыртылдады. Мектепте біз жазамыз оқыймыз санаймыз сұурет саламыз. Кійөскіде газет те оқуу құралы да кәлендер де кітап та сатылады.

### § 10. Тұрлаусыз бір келкі мүшелі сөйлем.

1. Сөйлемде *бір сұрауға жауап беретін бір неше тұрлаусыз мүшелер* де болады. Оқығанда бұлар арасына дауыс сәл кідіреді де жазғанда кіші тыныстық белгісін қойылады.

Көрініске біз *дйаграм, плакат, сүгрет, қарта, мөдел* әзірледік.

2. Мұндай сөздердің соңғысынан *бұрын және, тағы* деген сөз тұрса, *және, тағы* алдынан кіші тыныстық қойылмайды.

Көрініске біз *дйаграм, плакат, сүгрет қарта* жана *мөдел* әзірледік.

3. Бір келкі екі мүше ортасында тұрған *мен (пен, бен)* демеуінің алдынан кіші тыныстық қойылмайды.

Қалқозға біз *трактыр* мен *тырма* әкелдік (71-бетті қара).

33. **Жұмыс.** Көшіргенде бір сұрауға жауап беретін сөйлемнің бір келкі мүшелерінің астын сызыңдар.

Балалар кітабын, қарындашын, қаламын, дәптерін алып мектепке келді.

Қалқоз бйдайын, тарысын, сұлысын және арпасын септі. Қалқозшы қаладан жұмыстан келді. Бала мектепке сабаққа кетті.

34. **Жұмыс.** Керек тыныс белгісін қойып көшіріңдер.

Қалқозшылар базарға қауын қарбыз картоп және қыйар әкелді. Екпінділер жұмысты тез жақсы дұрыс орындады. Тауды тасты төбені жазықты қар басты.


Бір сұрауға жауап беретін сөйлемнің бір неше мүшелерін *бір келкі мүшелер* дейді.

35. **Жұмыс.** а) көшіргенде тыныс белгілерін қойындар, б) жаратылыс бұрыштарың тұуралы жазындар.

Жаратылыс бұрышымызда торғай шыбышқ ақ тыйын кірпі кесіртке қарлығаш көкек үш табан екі шортан екі шабақ және коңыздар мен көбелектер. Бізде бұршақ арш сұлы күмбағыс бйдай да бар. Жандықтарды торда шыныда шетенде ұстаймыз. Өсімдіктер жашікке күршекке қалайыға отырғызылған. Біз бұларды ынта мен күтеміз, бақылаймыз, асыраймыз.

Қалқозға біз трактыр мен тырма әкелдік.

Ақ, қызыл және көк гүлдер көрдік



## § 11. Құрмалас сөйлемдер.

*Жай сөйлемдер:*

1. Күн шықты. Жарытылыс тербенді.
2. Мен ерте тұрдым. Мен салқын сұу мен жұуындым.
3. Ол айтты. Мен тыңдамадым.

*Құрмалас сөйлемдер:*

1. Күн шықты да жаратылыс тербенді.
2. Ерте тұрып, мен салқын сұу мен жұуындым.
3. Ол айтса да мен тыңдамадым.
4. Ол айтты, бірақ мен тыңдамадым.

Бір неше жай сөйлемнен құралған сөйлемді *құрмалас сөйлем* дейді. Құрмалас сөйлем ішіне кірген жай сөйлемдердің мағналары бір-бірі мен байланысты болады.

Құрмалас сөйлем арасында *да, және* тұрса, мұның алды-артынан кіші тыныстық қойылмайды. Құрмалас сөйлем арасында *бірақ* тұрса, мұның алдынан кіші тыныстық қойылады.

**36. Жұмыс.** Соңғы жай сөйлемдерді жұптап қосып, құрмалас сөйлем жасаңдар. Құрмалас сөйлем арасын ыңғайына қарай *да (де, та, те), және бірақ* деген сөздер мен қосыңдар.

Найзағай жарқ етті. Күн күркіреді. Әпрел бітті. Ағаштар әлі жапырақтанған жоқ. Балалар үйі жақсы жерде тұр. Жанында өзен жоқ. Әскерге бұйрық берілді. Қосым жорыққа шықты. Жаңа тұрмыс жайнап келеді. Ескі тұрмыс қырап жатыр. Мен мектепке бардым. Онан қайтып келдім. Мен кеткім келді. Күн кеш болды.

## § 12. Салалас (құрмалас) сөйлем.

*Жай сөйлемдер:*

1. Сен келдің. Сен мені кійноға әкеттің.
2. Мен сабақ оқыдым. Мен қат жаздым.
3. Бұлттан жаңбыр да жауады.  
Бұлттан қар да жауады.  
Бұлттан бұршақ та жауады.

*Салалас сөйлемдер:*

1. Сен келдің де ол мені кійноға апармады.
2. Мен сабақ оқыдым да сен қат жаздың.
3. Бұлттан не қар жауады, не жаңбыр жауады, не бұршақ жауады.  
Бұлттан йә қар жауады, йә жаңбыр жауады, йә бұршақ жауады.

**Бір біріне тең сөйлемдер қосылұуын салалас сөйлемдер дейді.**

Салалас сөйлемдер арасы *да (де, та, те), және, бірақ, не, әлде, йә* деген сыйақты сөздер мен қосылады.

Салалас құрмалас сөйлемдер арасын қосатын *да, және, не, әлде, йә* алды артынан бір айтылса, әр қайтарылғанда алдынан кіші тыныстық қойылады.

Құрмалас сөйлемді қосып тұрған *бірақ* алдынан ылғый кіші тыныстық қойылады.

**37. Жұмыс.** Төменгі жай сөйлемдерді қосып салалас сөйлем жасаңдар. Салалас сөйлемдер арасына ретіне қарай *да, (де, та, те), не, әлде, және, бірақ* деген сөздердің біреуін қойып отырыңдар.

Қонрау соғылды. Балалар шұулап асқанаға жөнелді.

Алыстан Қызыл әскер көрінді. Мүзіке марш күйін тартты.

Аңшылар қасқыр көрді. Қасқыр өлтіртпей кетті.

Күндіз жолдасым байандама жасады. Кешке ол сақынада ән салады.

Бүгін күн жауады. Күн жаумайды.

Біз соғыс тілемейміз. Жауға қарсы тұрұға әзірміз.

**38. Жұмыс.** Салалас сөйлемдердің қалған жерін толтырып көшіріңдер.

Жазғытұр сезіледі, бірақ ұзақ... Шақырұу алып едік... біз... Біз кеше сабақ оқыдық және бәріміз мәшйіне трактыр стансасына... Кешке не жыйылыс болар, не сауық кеші... Бүгін сыйыр әлде бұзаулар, әлде...

### § 13. Сабақтас сөйлемдер.

*Жай сөйлем:*

1. Мен бүгін ерте тұрдым. Мен салқын сұу мен жұуындым.
2. Сен кешке маған кел. Сонда екеуміз сабақ оқыймыз.
3. Ертеңгісін мен бардым. Сол кезде сен үйде болмадың.
4. Мен бүгін ерте тұрдым. Мен салқын сұу мен жұуындым. Мен шөй іштім. Мен мектепке келдім.

*Сабақтас сөйлемдер:*

1. Бүгін ерте тұрып, мен салқын сұу мен жұуындым.
2. Сен кешке маған келсең, екеуміз сабақ оқыймыз.
3. Ертеңгісін мен барғанда сен үйде болмадың.
4. Бүгін ерте тұрып, салқын сұу мен жұуынып, шай ішіп, мен мектепке келдім.

Құрмалас сөйлемнің ішіне кірген жай сөйлемдер тең болмай, біріне бірі бағынып тұрса, мұны *сабақтас* дейді.

Сабақтас сөйлемдердің соңғысы *басыңқы* болады. Басыңқы сөйлем жеке ұсталса да толық сөйлем болып шығады.

Сабақтастың басқа сөйлемдері *бағыныңқы* болады. Бағыныңқы сөйлем өз алдына жеке сөйлем бола алмайды, тек басыңқы сөйлемге қосылып тұрады.

Бір сабақтас сөйлем ішінде басыңқысы тек біреу болады, бағыныңқысы елде нешеу бола береді.

Басыңқы сөйлем артында, бағыңқы сөйлемдер алдында тұрады.

**39. Жұмыс.** Көшіргенде басыңқы сөйлемнің астын сызындар.

Ауқатты болам десе, қалқозшылар адал еңбек етуі керек. Егінді көп салу мен іс бітпейді. Оны бағып, арам шөбін құртуу шарт. Ауыспалы егістің текнійкесін білмей, егін шығымы оңбайды. Ауылда өтірік белсенділер құрымай дұрыс еңбек бөлүү болмайды. Шаруаның тілін біліп, адал еңбек істеп, өтірік белсенді мен бай-құлақ қалдығын мүлде құртқан күнде ғана қалқозшылар шын бақытты бола алады.

## § 14. Бағыныңқы сөйлемдер түрі.

*Бағыныңқы жағғы:*

1. Күн ыстық болғандықтан (Бұл өз алды тыйанақты сөйлем бола алмай тұр. Барлығы жыйналып «түстік» деген байандауышты анықтайды).

2. Жаңбыр көп болып, (мұнда да солай).

3. Бізге сабак беретін (мұнда барлығы жыйналып мұғалым деген бастауышты анықтайды).

4. Біз қызыл бұрышқа барғанда (бәрі жыйналып түгел басыңқының байандауышын толықтырып анықтап тұр).

*Басыңқы жағғы:*

Біз сұға түстік. (Мұнда: неліктен деген толықтауыш сұрауына жауап беріп отыр).

Егін бітік шықты. (Мұнда да солай).

Мұғалым келді. (Мұнда анықтауыштың «қандай» «не қылатын» деген сұрауына жауап беріп тұр).

Газет оқыдық. (Қашан деген бағыныңқының сұрауына жауап беріп тұр).

Бір сөйлем түгелі мен анықтауыш бола береді. Мұндай анықтауыш сөйлемді *анықтауыш бағыныңқы сөйлем* дейді. Мұны бағындырып тұрған сөйлемді *басыңқы сөйлем* дейді. Толықтауыш бағыныңқы сөйлем де болады.

Анықтауыш бағыныңқы сөйлем жай анықтауыш сөздің сұрауларына жауап береді.

Бағыныңқы анықтауыш сөйлем әлде нешеу болса, жапсарларына кіші тыныстық қойылады. Жалғыз бағыныңқы анықтауыш пен басыңқы сөйлемнің жапсарына кіші тыныстық еш қашанда қойылмайды.


*Жаз лагірде ойнап жатқан, соғыс тетігін жақсы үйренген. Кеңес елін жаудан қорғайтын Қызыл әскер қалаға қайтты.*

**40. Жұмыс.** Көшіргенде бағыныңқы анықтауыштың астын сызып тйісті тыныстықтарын қойындар.

Қалқоз егісіне жәрдем берген жұмысшылардың бірігадісі мектепке келді. Ең алғаш ауылға кійно көрсеткен сол жұмысшылар болды. Кійноны жұрт тамашалап көрууден жалығатын емес. Кеше кійно болғанда құлыпқа адам сыймай кетті. Кійноның ең жақсы сауық екенін Ленін бабай айтқан болатын.

41. **Жұмыс.** Бағыныңқы басыңқының қай мүшесін анықтап тұрғанын көрсетіп, әр қайсысын төмендегідейкестеге таратып жазыңдар.

Үлгі: Қалаға барып қайтқан менің әкем.



Жазғы тұры балалар отырғызған терек өсті. Жыйылысты ашып, бай-андаушыға сөз беріп, төр аға отыра кетті. Қалада оқып ауылға қызмет етеміз. Мен барғанда, ол үйде жоқ болды.

42. **Жұмыс.** Төрткіл ішіндегі сөйлемдерді таратып жолға жазыңдар.





43. **Жұмыс.** Төрткіл ішіндегі сөйлемдерді реттеп жолға жазыңдар, керек жеріне кіші тыныстық қойыңдар.



44. **Жұмыс.** Көшіргенде бағыныңқы анықтаушы сөйлемдер жапсарына кіші тыныстық қойыңдар.

Күн ұзарып  
 қар еріп  
 Сұу сайларға толады  
 Бұл қай кезде болады?  
 Шөптер пісіп  
 Күн ысып  
 Қалқоз пішен орады  
 Бұл қай кезде болады?

Жауып жаңбыр  
Жер сабыр  
Шөп жапырақ солады.  
Бұл қай кезде болады?

### § 15. Тыныс белгілерін қайта пысықтау.

45. **Жұмыс.** Көшіргенде төл сөзді қаратпа сөзді, лепті, сұраулы құрмалас сөйлемдерді байқап, тйісті тыныс белгілерін қойындар.

#### Кйно.

Алғашқы кезде жанды сүгреттен үркті. Жастар бала-шаға малшы ғана келіп үлкендер әйелдерін жібермеп еді. Сүгретті көріп келгендер ауыздарын аңқыйта көздерін бажырайта жұртты таңырқата сөйлеген соң қыз келіншектердің делебесі қозды.

Ойпырмай бізде көрейікші жеңеше десіп жүрді.

Барсақ кәйтер екен.

Жібере ме

Жасырынып кетейік

Сүтінді пісірген соң келе ғой жеңеше

Қыз қатындары кеткен ійелері оларды алып келууге іздеп шығысты. Бірақ ұрысудың орнына сүгрет қарап олар тұрып қалатын болды. Сол шұбырғаннан жұрт іңірде кйно ашыларда кйноға қарай шұбыратын болды.

46. **Жұмыс.** Бұл да жоғарғыдай.

#### Іңгеннің ботасын сүйуі.

Жар жағалай қыдырып

Тал бүршігін сыдырып

Жегізер күнім бар ма екен

Кекре біткен қара ойға

Көлбетер күнім бар ма екен

Түйе аунаған шаңдаққа

Аунатар күнім бар ма екен

Ұйықтап жатқан жерінде

Қабырғадан тістелеп

Қақ төсіннен ійіскелеп

Ойатар күнім бар ма екен.

(Қалық өлеңі)

47. **Жұмыс.** Бұл да жоғарғыдай.

Құлақтандыруу.

Бүгін марттың 15-де кешкі сағат 16-да 4 класта

**жалпы жыйылыс болады.**

Күн тәртібі:

1. Париж комууна күнін өткізуу тўуралы.
  2. Ағымдағы мәселелер.
- Оқушылар мен оқытұшылар тегіс келүүге міндетті.

**48. Жұмыс.** Тыныс белгілері мен жолдарын дұрыс көрсетіп, өздерің құлақтандыруу жазындар.

**49. Жұмыс.** Оқып тыныс белгілерін түсіндіріңдер, Протокол қалай жазылатын үлгісін байқаңдар.

**Мектеп жыйылысының мәжіліс қаты № 8.**

1934-ж. 20-мартта.

Мәжілісте болғандар: 1 бөлімнен 32, 2 бөлімнен 30, 3 бөлімнен 29, 4 бөлімнен 25 бала, оқытұшылардан: Есеңгелді ұлы, Омар ұлы, Қазанғап келіні жана Айтжан қызы келді.

Жыйылыс бастығы:

Қазанғап келіні.

Қатшы:

Омар ұлы.

*Күн тәртібі:*

1. Мектеп жері тўуралы.
2. Ағымдағы істер.

*Қаралды:*

1. Мектеп жері тўуралы (байандаушы мектеп бастығы Қазанғап келіні).
2. Ағымдағы істер: а) жазғы тұрғы дем алыс тўуралы.

*Қаулы қылынды:*

1. Мектеп жері екіге бөлінсін де, жартысына егін, жартысына бақша салынсын:

а) ертеңнен бастап тұқым тазартууға үш адам сайлансын, олар Ермек, Жібек, Сәлем.

б) түзетілген құралды ұстадан алұуға Айтжан қызы Жаңғабыл, Борамбай барсын. Жұмыс кезінде де құралға көз салұу осыларға жүктелсін.

ш) көлік жайын қалқоз басқармасы мен сөйлесуу мектеп бастығына тапсырылсын.

2. Ағартуу кәмесереті көрсеткен кезде дем алыс болсын.

Жыйылыс бастығы:

(Қазанғап келіні)

Қатшы:

(Омар ұлы)

50. **Жұмыс.** Өз жыйылыстарыңның мәжіліс қатын жазып үйреніңдер.

51. **Жұмыс.** Қол қат ішіндегі тыныс белгілерін түсіндіріңдер. Қол қаттың үлгісін байқаңдар.

### Қол қат.

1934 жылы 22 март. Мектептің пешін қайта салып бергенім үшін пешші мен, Есембай ұлы, мектеп бастығынан отыз (30) сом алдым.

Қол қойдым: (Есембай ұлы).

52. **Жұмыс.** Қол қат жазыңдар. Қол қатта *жылы, күні, кімнен, не жана не үшін* алынғаны көрсетілісін, қол қойылсын.

53. **Жұмыс.** Төменгі өтініштегі тыныс белгілерін түсіндіріңдер. Өтініш арыз қалай жазылатынын байқаңдар.

«Алға» қалқозының басқармасына  
№ 1 ауыл азаматы  
*Қылышбай ұлы Мақамбеттен*

### Өтініш.

Мені қалқозға мүше қылып алуыңызды өтінем.

Жасым 30-да, қызыл әскерде болдым, өзім кедеймін, үйімде бес жаным бар, өзімді қоспағанда үшеуіміз жұмысқа жараймыз. Мынадай дақументтер қосып бердім 1/... 2/... 3/...

Қол қойдым... (Қылышпай ұлы)

1934 жыл, 5 әпрел.

54. **Жұмыс.** Мына теменің біріне өтініш жазыңдар.

1. Орта мектепке кірүүге.
2. Қалқозға мүше болуға.
3. Ағартуу бөлімінен оқуға жіберүүге.

Өтінішті былай жазыңдар: әуелі ұзын жолға кімге берілгендігі, оның астына қағаздың оң жақ шетіне таман кімнен берілгендігі, орталыққа «өтініш» деген сөз, мұнан соң ұлы тыныстық қойылсын. Азатты жолдан не өтініш екені айтылсын. Онан соң тағы азатты жолдан өз тұраңдағы айтқың келген мағлұмат жазылсын. Өтініш соңына тіркелген дақументтер айы, жылы көрсетіліп, қол қойылсын.

55. **Жұмыс.** Қаттағы тыныс белгілерін түсіндіріңдер. Қаттағы қаратпа сөзді, қаттың үлгісін байқандар.

*Сүйікті ағай, Еснай!*

Мен төртінші бөлімді оқып жүрмін. Оқуымыз жақсы. Кітап, қағаз, қалам, дәптер, қарындашымыз жеткілікті. Мектебімізде жаратылыс бұрышы, мектеп жері, жұмыс бөлмесі бар. Жұмыс бөлмесінде ағаш, темір, қайыс ұсталық құралдары бар. МТС жана депоға кейде пәлійтеқнікелік еңбек өткізүүге барып тұрамыз.

Әжемнің әкемнің дені сау. Ағатай ау, онда, Алматыда, оқуларың қалай? Жазып жібер.

Әжемнен, әкемнен сәлем.

Інің Мергембей

1934 жыл, 15 әпрел.

56. **Жұмыс.** Жолдастарыңа, басқа мектеп балаларына, басқа жердегі аға йә апаларыңа қат жазыңдар. Қаттың басына кімге арналып жазылған қаратпа сөзі жазылады. Онан соң қатта айтайын деген ой жазылады. Соңынан сәлем айтылып қол қойылады, айы, жылы көрсетіледі.

### **§ 16. Қара сөз бен айтылған сөйлемдегі сөздердің тұратын орындары.**

Байандауыш қайда тұратынын байқандар.

Бала мектепке келді.

Қалқоз еңбек күніне қарай табысын бөлді.

Қысқа қарай мал жүнінің асты түбіттенеді.

Алматы – Қазағыстан астанасы.

Қара сөз бен айтылған сөйлемде байандауыш *сөйлемнің ең соңында* тұрады.

57. **Жұмыс.** Төменгі әңгімеден байандауыш сөйлемнің қай жерінде тұрғанын табыңдар. Көшіргенде байандауыштың астын сызыңдар.

### **Гүудок.**

Жұмысшылар тұрған жерде гүудок шақырады. Гүудок құлдыққа шақырмайды.

Бұрын жұпыны мәстіріскөйде жұмыс қылғанда, біз жұмысты бетбетіміз бен бастадық. Бұл күнде ертеңгі сағат сегізде неше мың адам үшін гүудок айқайлайды. Енді біз жұмысты бытырап бастамаймыз. Біз енді жұмысты бірден бастаймыз.

Неше мүліен адам бір мезгілде қолына балға алады. Балғаның алғашқы дүрсілі бірден шығады. Гүудок күйі не күй? Бұл бірлікке шақырған ертеңгі күй.

(Ә. Гестеп)

58. **Жұмыс.** Өздерің бес сөйлемнен тауып жазыңдар. Олардың байандауышы айағында тұрсын.

Төменгі сөйлемдерді салыстырыңдар. Анықтауыш қайда тұратынын байқаңдар.

Мен *жақсы* (қандай?) кітапты оқыдым.  
Мен кітапты *жақсы* (қалай?) оқыдым.

Анықтауыш анықталатын сөздердің нақ алдында тұрады.

Мысал: *партийаның он алтыншы сүйезі.* (Он алтыншы партия сүйезі емес).

*Партийаның XVII кәңперенсесі* (XVII партия кәңперенсесі емес).

Мен *қымбат* (қандай? анықтауыш) кітапты алдым. Мен кітапты *қымбат* (қалай? толықтауыш) алдым.

59. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерді көшіргенде анықтауыш астын бір сызыңдар, анықталатын сөз астын екі сызыңдар. Анықтауыштың орнын алмастырып қараңдар, мағнасы не қылар екен?

Үлкен қалаларда үлкен үйлер болады. Мен атқа шапшаң міндім. Сен жаман кітапты оқыдың. Ағам жылдам от арба мен келді. Белсенді жұмысшылар іске кірісті.

60. **Жұмыс.** Төменгі сөйлемдерде анықтауыштың орны алмасқаннан сөздің мағнасы қалай өзгергенін түсіндіріңдер.

Мектеп *ағаш* үйде тұрады. Мектеп үй *ағаш* сағып алды. Бұл *темір* төбе екен. Бұл *төбе* темір екен. Бұл мал сапқозы. Бұл *сапқоз* малы. Ол *егін* қалқозы. Ол қалқоз *егіні*. Жерде бойау өсімдігі бар. Кәперетіпте *өсімдік* бойауы бар.

61. **Жұмыс.** Өздерің ішінде анықтауышы бар бес сөйлем тауып жазыңдар. Анықтауышты анықталатын сөздің алдына қойыңдар.

*Кәйтін? Нағын? Қалай?* деген сұрауларға жауап беретін толықтауыштар қандай сөздің тіке алдына тұратынын байқаңдар.

Ат жүкті мықшыйып (*кәйтін?*) тартты.

Мен бақшадан жайау (*қалай?*) келдім.

Құрғақ отын пеште лаулап (*нағын*) жанды.

*Кәйтін? Нағын? Қалай?* деген сұрауларға жауап беретін толықтауыш байандауыштың тіке алдында тұрады.

62. **Жұмыс.** Көшіргенде толықтауыштың астын бір, байандауыштың астын екі сызыңдар. Соңынан жақша ішіне сұрауын қойыңдар.

Мен егін арасынан жолды әрең таптым. Байандамашы байандамасын түсінікті жасады. Алыста от арба зымрап келеді. Құлын енесінің соңынан

кісінеп шапты. Гүүдук ертеңгісін қатты айқайлады. Бала кітапты арзан алды.

**63. Жұмыс.** Өздерің толықтауышы бар бес сөйлем тауып жазыңдар. Оларды байандауыштың тіке алдына қойыңдар.

Төменгі сөйлем ішінен *нені? кімді?* деген сұрауларға жауап беретін табыс жалғаудағы толықтауыш қандай сөздің алдына тұратынын байқаңдар.

Жазды күні біз *құлынды (нені?)* жақсы күттік.

Жазды күні біз *құлынды* күттік.

Біз құлыпта *газетті (нені?)* дауыстап оқыдық.

Біз құлыпта *газетті* оқыдық.

*Кімді? Нені?* деген сұрауларға жауап беретін *табыс жалғаудағы толықтауыш* байандауыштың алдында тұрады. Қыймыл толықтауыш болмаса, байандауыштың тіке алдында тұрады.

**64. Жұмыс.** Төменгі сөйлемдер ішінен табыс жалғаулы толықтауышты, қыймыл толықтауышын байандауышты қатарынан теріп жазыңдар.

*Үлгі:* Сабақты ынталы оқыды.

Үлкендер ересектер мектебінде сабақты ынталы оқыды. Біздің екпінділер орақ кезінде жұмысты құнтты істеді. Біз жазды күні сайдан бұлдірген тердік. Сауыншы сыйырды сауып өргізді. Қалаға барғанда мен айырпылан көрдім. Жазды күні біз торғайдан егінді қорыдық.

**65. Жұмыс.** Өздерің табыс жалғаудағы толықтауышы бар бес сөйлем тауып жазыңдар. Ол толықтауышты өзінің тұратын орнына жазыңдар.

Бастауыш байандауыштан, қыймыл толықтауыштан, табыс жалғаудағы толықтауыштан бұрын келеді. Бірақ басқа толықтауыш пен пысықтауыштардың алды артынан тұра береді.

*Мысал:* Біз кеше ауылдан қалаға келдік. Кеше біз ауылдан қалаға келдік. Ауылдан кеше біз қалаға келдік.

**66. Жұмыс.** Төмендегі сөйлемдерде бастауыштың орнын түрліше өзгертіп, көшіріңдер.

Біз екпінділік жана сатсыйалдық жарыс пен бес жылдықты орындаймыз. Мемлекет қарызын таратқуға біз жәрдем береміз. Бірігәді қалқозға трақтыр әкелді. Кеше біз серуенге барып келдік.

**67. Жұмыс.** Өздерің бес сөйлемнен тауып жазыңдар. Бастауышының орнын түрліше өзгертіп көріңдер.

Шығыс жана барыс жалғауда тұрған толықтауыштардың қайсысы бұрын тұратынын байқаңдар.

Мен үйден мектепке келдім.

Бірігәді егістен қырманға бау тасыды.

Бір сөйлемде қатар келсе, шығыс жалғаудағы толықтауыш барыс жалғаудағы толықтауыштан *бұрын тұрады*.

68. **Жұмыс.** Шығыс жана барыс жалғаудағы толықтауыштарды қатарынан теріп жаз.

*Үлгі:* Белестен белеске.

От арбаның түтіні белестен белеске тұтасып келеді. Ереуілшілер көшеден көшеге созылды. Түркісіп Ташкеннен Ноуосібірге шейін созылды. Жұмысшылар түстен кейін кійноға барды. Біз сабақтан соң асқанаға барамыз. Бала арбадан жерге түсті.

69. **Жұмыс.** Ішінде шығыс жана барыс жалғаулы толықтауыштары бар бес сөйлемнен тауып жазыңдар. Шығыс жалғауды барыс жалғаудан бұрын қойыңдар.

Тек осы нәрсе ғана болды, басқа нәрсе болмады дегенді көрсететін сөз байандауыштың нақ алдына қойылады.

*Мен кеше таудан қалаға келдім.*

1. Басқа күн емес, тек кеше келгенді көрсетүү үшін былай дейміз.

*Мен таудан қалаға кеше келдім.*

2. Басқа орыннан емес, тек таудан келгендікті көрсетүү үшін былай дейміз:

*Мен кеше қалаға таудан келдім.*

3. Басқа кісі емес, тек мен келгенімді көрсетүү үшін былай дейміз:

*Кеше таудан қалаға мен келдім.*

70. **Жұмыс.** Сөйлемдердің ішіндегі сөздерін, жоғарғыдай байандауыш алдына түрліше қойып, мағнасын өзгертіп көріңдер.

Кеше қалқоз даладан қырманға астықты тасып болды. Мана мен жыйылыста сөз сөйледім. Мұрат сабақты жақсы білді. Жыйылыста Жамал бастық болды. Сағат сегізді мен үйден сабаққа келдім.

71. **Жұмыс.** Өздерің бес сөйлемнен тауып, сөздерін түрліше байандауыштың алдына қойып жазыңдар.

### § 17. Сөз тұғызү. Түбір, жұрнақ, дәнекер, жалғау.

Сұу		Бөл	
сұушы	сұудың	бөлме	бөлемін
сұулық	сұуға	бөлім	бөлесің
сұулы	сұуды	бөлік	бөледі
сұусыз	сұудан	бөліс	бөлдім
сұуық	сұуда	бөлүү	бөлдің
сұудыр		бөлек	бөлді
сұулас			бөлшек
сұула			бөлгіш
сұуар			
сұуат			

Сөйлегенде сөз өзгергеніне қарасақ, сөздің екі жігі барын көреміз: *өзгермейтін* жана *өзгеретін* бөлімдері.

Өзгермейтін бөлімі сөздің түпкі мағнасын көрсетеді. Сөздің бұл бөлімін *түбір* дейді.

Сөздің өзгеретін бөлімін *жалғау* дейді.

Жалғау екі түрлі: *жұрнақ* жана *дәнекер жалғау*.

Жұрнақ түбірден жаңа мағаналы сөз тұуғызады сұуат, сұулық.

Дәнекер жалғау сөйлемдегі сөздердің арасын байланыстырады: *сұға, сұудың*.

*Септеу* жана *жіктеу жалғаулары* дәнекер жалғауға жатады.

**72. Жұмыс.** Түбірді, жұрнақты, дәнекер жалғауды бөліп көрсетіңдер.

*Үлгі:* қыз-ар-ды, қыс-та-ды, ор-ақ-қа, тар-ақ-тың.

Қызарды, қыстады, ораққа, тарақтың, малшыға, лениншілге, жұмысшыны, сатсыйалдық, жазуға, үйүүге, сыйлыққа, базардың, шегеледі, толық, тазалыққа, тұтқа, тұтқыш.

Бір сөзде әлде неше жұрнақ болуға мүмкін.

*Жұс-та-у, ег-ін-дік, Ленин-шіл-дер*, бірақ тек бір ғана дәнекер жалғау болады (*балаға*).

Түбірге әуелі жұрнақтар қосылады, сонан соң дәнекер жалғау қосылады (*аң-шы-лық-тың*). Дәнекер жалғаудан соң сөзге ештеме қосылмайды.

Сөздің түбірі, жұрнағы, дәнекер жалғаулары бірге жазылады.

**73. Жұмыс.** Түбірлес сөздерді бір ыңғай теріп жазыңдар.

*Үлгі:* Іс, істе, ісші, ісмер, іскер, істеуші, іске, іссіз, істің.

Айт, үй, ұйқы, сөз, жаз, қой, үй, ій, ой, айтыс, үйүү, ұйықта, сөйле, жайла, қозы, ұлан, айтүү, үймелеу, ұйқышыл, сөзшен, қозғайды, жайлайды, жайлау, жай, айтқак, үйілмеген, ұйқысыз, сөйлем, сөйлеу, қойлы, ұлақ.

**74. Жұмыс.** Етістікке бір ыңғай жұрнақ қосып жаңа мағналы сөздер тұуғызыңдар.

1. Төменгі сөздерге **ын (ін)** жұрнақтарын қосыңдар.

Шап, жау, кел, ек, жек, тек, ақ, тық, шық, тік.

*Үлгі:* шап – шабын.

2. Төменгі сөздерге **үү (үү)** у жұрнағын қосып жаңа мағналы сөз тұуғызыңдар.

Жаз, күл, сұра, тарт, кес, сана.

*Үлгі:* жаз – жазүү.

3. **Ұу (үү)** у-ға тынған сөздерге **шы (ші)** жұрнағын қосып, кесіпті, мамандықты көрсететін сөз тұуғызыңдар.

Оқуу, оқытүү, тігүү, алүү, берүү, сұрау.

*Үлгі:* Оқуу – оқушы.

4. Төменгі етістіктерге **ым (м)** жұрнағын қосып жаңа мағналы сөз тұуғызындар.

Бөл, бер, кел, ал, кет, іш, қайнат, өл, жүр, сөйле, күзе, жайыл, тын.

Үлгі: Бөл – бөлім.

Төменгі етістіктерге **ық (қ), ік (к)** жұрнағын қосып жаңа мағналы сөз тұуғызындар.

Жар, төз, аш, жап, күй, түкір, бұйр, қый, жыр, қаз, жаз, ой, түс, ұш, құс, қасқыр.

Үлгі: Жар – жарық.

Етістікке **ыс (іс) с** жұрнағын қосып жаңа мағналы тұуғызындар.

Айт, бөл, жүр, соқ, шық, ек, отыр, жат, қара, ал, бер, тын, өр.

Үлгі: айт – айтыс.

76. **Жұмыс.** Есімдер түбіріне бір ыңғай жұрнақтар қосып жаңа мағналы сөздер тұуғызындар.

1. Төменгі сөздерге кесіпті, мамандықты көрсететін **шы (ші)** жұрнағын қосындар.

Етік, бөрк, ер, үй, пеш, тас, мәшіне, жылқы, мал, жұмыс, қалқоз, егін, сұу, трактыр, аң, балық.

Үлгі: етік – етікші.

2. Төменгі сөздерге **лық (лік), дық (дік), тық (тік)** жұрнақтарын қосып жаңа мағналы сөз тұуғызындар.

Бала, орын, бас, жақсы, жаман, көп, аз, екі, үш, ауыз, мұрын, тер, жас, күн, түн, ай, әділ.

Үлгі: бала – балалық.

3. **Шыл (шіл)** жұрнағын қосып жаңа мағналы сөз тұуғызындар.

Ленін, Маркс, Дарбійн, төңкеріс, аң, өзім, кір, көп, ұлт, ат, ұйқы, сұу.

Үлгі: Ленін – Леніншіл.

4. **Лы (лі) ды (ді) ты (ті)** жұрнағын қосып жаңа мағналы сөз тұуғызындар.

Бала, сұу, құм, тау, қой, жылқы, астық, мал, қаруу, жол, өзен, зауыт.

Үлгі: бала – балалы.

5. **Сыз (сіз)** жұрнағын қосып жаңа мағналы сөздер тұуғызындар.

Сұу, от, отын, жол, тау, орман, дамыл, жел, құм, түгін, қаруу, бұлт, май.

Үлгі: сұу – сұусыз.

76. **Жұмыс.** Көшіргенде сөздердің түбірін, жұрнағын, дәнекер жалғанын сызықша мен бөліп жазыңдар. Сөз тек жалғыз түбірден тұрса, оны бөлмей ақ жазыңдар.

*Лгі:* Бұу мәшійне, құрыш шойын, қыздырады дұуман тойын.

**Тoқұу пәбiрiгiнде.**

Бұу мәшійне, құрыш шойын,  
Қыздырады дұуман, тойын;  
Бұу қайнатат, салып ойнақ.  
Бійік, бійік қара мойын  
Көкке тіп-тік созған мойын.  
Түтін көкке ұшады өктеп,  
Бұудак, бұудак түйіле.

Қатар, қатар ұршықтары,  
Зырылдайды тұмсықтары.

Бұлтылдап жіп бұлшықтары  
Ўзбей қыл жіп қылшықтарын,  
Шыйратады жымыпқаны.  
Ерсіл- қарсы шапқан марыш,  
Қызығамын бійіне.

(Сәкен)

77. **Жұмыс.** Бұл да жоғарыдағыдай.

**Түрксіп.**

Тауды тіліп, тасты бұзып,  
Тамшылатып ашшы тер;  
Жан жүрмеген, жан баспаған,  
Жан көрмеген тасты жер;  
Қырдан асып, белді басып,  
Жолды салған қандай ер?  
– Ол қайратты, ол қажырлы,  
Қайтпас қайсар жұмыскер.

(Асқар)

78. **Жұмыс.** Тыныс белгілерін орнына қойып көшіріңдер.

Ой балалар балалар  
Жылы жылы жел соқты  
Жылғалардан сұу ақты  
Қаңқыл қаңқыл қаз кепті  
Жер қарайды жаз кепті

Желкілдейді көк майса  
Желіндейді мал жайса  
Сапқоз МТС қалқозшы  
Егіндерін айдапты.

Ой балалар балалар  
Ойналық та күлелік  
Қос басына мінелік


(Ілійас)

## Үшінші жыл.

§ 1. Сөйлемдегі сөздердің байланысы .....	3
§ 2. Зат есім .....	5
§ 3. Жалпы есім .....	8
§ 4. Етістік .....	10
§ 5. Етістіктің болымды, болымсыз түрлері .....	13
§ 6. Жалаң сөйлем. Бастауыш пен байандауыш .....	14
§ 7. Жайылма сөйлем. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері .....	16
§ 8. Жеке мағналы жаңа жеке мағнасыз – демеу сөздер .....	19
§ 9. өздің түбірі мен жалғауы .....	20
§ 10. Қос сөздер .....	25
§ 11. Дауысты жана дауыссыз дыбыстар .....	27
§ 12. Үндестік заңы .....	29
§ 13. Ілгерінді ықпал .....	31
§ 14. Екі дауыстының ортасында «п», «к», «к»-ның «б», «г», «ғ»-ға айналуды .....	32
§ 15. «н» дыбысының «н» жана «м»-ға айналуды .....	33
§ 16. Бір неше сөзден құрылған кісі атының бірге жазылуды .....	34
§ 17. Сөз айағында «б», «д», «г», «ғ», дыбыстарының келмеуі .....	35
§ 18. <b>Ұу, үу, ый, ій</b> емлесі .....	35
§ 19. Сан есім .....	37
§ 20. Сын есім .....	38
§ 21. Есімдердің тәуелдеу түрі .....	40
§ 22. Есімдердің көпше, жекеше түрі .....	41
§ 23. Есімдердің септелуі .....	42
§ 24. Тәуелдеу түрдің септелуі .....	45
§ 25. Есімдіктер .....	46
§ 26. Етістіктің жіктелуі .....	47
§ 27. Көмекші етістік .....	51
§ 28. Болымсыз «ма» мен сұрау «ма?» .....	52

**Төртінші жыл.**

§ 1. Аңызды, лепті, сұраулы сөйлемдер .....	54
§ 2. Сөйлем мүшелері .....	59
§ 3. Қаратпа сөз.....	61
§ 4. Қыстырма сөз.....	63
§ 5. Төл сөз.....	64
§ 6. Бір дүкес сөз.....	65
§ 7. Көп нүкте.....	66
§ 8. Көп бастауышты сөйлем.....	67
§ 9. Көп байандауышты сөйлем.....	68
§ 10. Тұрлаусыз бір келкі мүшелі сөйлем .....	70
§ 11. Құрмалас сөйлемдер.....	72
§ 12. Салалас сөйлем .....	73
§ 13. Сабақтас сөйлемдер .....	74
§ 14. Бағыныңқы сөйлемдер түрі.....	75
§ 15. Тыныс белгілерін қайта пысықтау.....	79
§ 16. Қара сөз бен айтылған сөйлемдегі сөздердің тұратын орындары.....	83
§ 17. Сөз тұуғыззу.Түбір, жұрнақ, дәнекер жалғау .....	87



Жер жүзінің пұрылтарыяты, бірігіндер!

ШОНАН ұлы ТЕЛЖАН

# Жаңалық

(Әліппе)

ҚАЗАҒЫСТАН БІЛІМ КЕҢЕСІ 1 БАСҚЫШ МЕКТЕПТЕ  
ҰСТАУ ҮШІН ҰНАТҚАН.

VI басылұуы

Шонанов  
Букварь «ЖАНАЛЫҚ»  
6-е исправленное издание

Қазағыстан баспасы 1931









А

Ана



Ана, А, Ана!  
А!

АНА  
А-на



МАМА, БАЛА.  
МА-МА, А, МАМА! А!  
МАМА, БАЛА АЛ!  
АНА, НАН АЛ.  
1 БАЛА, 2 НАН  
2 БАЛА I II

1 2  
БА-ЛА            МА-МА  
Б-А-Л-А        М-А-М-А



АТА



АЛА АТ

АТА, АНА, МАМА, БАЛА.

1. АТА. 2 БАЛА. 3 АЛМА.

АТА АТ АЛ.

АНА АЛМА АЛ.

БАЛА 3 АЛМА АЛ.

АТА 2 АТ АЛ.

АТА 4 АЛМА АЛ.

А-ТА          А-Т-А

I	II	III	IV
1	2	3	4

1 + 1 = 2	I + I = II
2 + 1 = 3	II + I = III
3 + 1 = 4	III + I = IIII



МАЛ ДАЛАДА  
АТ – МАЛ.

МАЛ: АТ, АТАН, ТАНА.


МАЛ ДАЛАДА.

БАЛА МАЛДА.

АТАМ МАЛДА.

АТАМ – АДАМ.

МАМА АТАМА АЛМА АЛ.



5



АЛТЫ 6

БАЛА АНАМА БАЛ АЛ.  
АНАМА 4 АЛМА 2 НАН АЛАМ.

БАЛА АЛТЫ: АМАН, АЛМА, АЛДАН, БАЛ.  
АЛМАНЫ АТАМА АЛ.  
БАЛДЫ АНАМА АЛ.

МЫНА АЛТЫ АЛМАНЫ АНАМА АЛ.  
АНА АТТЫ АТАМА АЛ.

АЛ-ТЫ. А-Л-Т-Ы.

$$4 + 1 = 5$$

$$5 + 1 = 6$$

$$1 + 2 = 3$$

$$2 + 2 = 4$$

$$3 + 2 = 5$$

$$4 + 2 = 6$$

$$\text{II} - \text{I} = \text{I}$$

$$\text{III} - \text{I} = \text{II}$$

$$\text{III} - \text{I} = \text{III}$$


$$6 - 1 = 5$$

$$5 - 1 = 4$$

$$4 - 1 = 3$$

$$3 - 1 = 2$$

$$2 - 1 = 1$$



ОН



ТОН

МЫНА ТОН – АЛА ТОН.  
ТОТАН – БАЛА.

БАЛА ТОН АЛ.  
ОЛ АЛА ТОН АЛАДЫ.

ТОН МАЛДАН БОЛАДЫ.  
АЛА ТОН АЛА МАЛДАН БОЛАДЫ.  
АТАМ АНАМА АЛА ТОН АЛДЫ.

БО-ЛА-ДЫ. Б-О-Л-А-Д-Ы.

$$6 + 1 = 7$$

$$7 + 1 = 8$$

$$8 + 1 = 9$$

$$9 + 1 = 10$$

$$10 - 1 = 9$$

$$9 - 1 = 8$$

$$8 - 1 = 7$$

$$7 - 1 = 6$$



ТА-РЫ



НАР

Тары далада. Нар далада. Далада тары мол.  
Ала тары да болады.  
Бала тары орады. Атам, анам, апам тары орады.  
Адамдар тары орады.

Та-ры.

Т-а-р-ы.

$$3 + 2 = 5$$

$$3 + 3 = 6$$

$$5 - 3 = 2$$

$$6 - 3 = 3$$

$$2 + 3 = 5$$

$$4 + 2 = 6$$

$$3 = 2 - 5$$

$$6 - 2 = 4$$

Аз.

Таз.

Бала озар.  
Атадан бала озар.  
Ораз алма алар.  
Ораз базардан алма алар.  
Бала таза алма ал.  
Бала таза бол.

Та-за

Т-а-з-а

*Таза бол*



### Қалқоз.

Атам, анам, апам қалқозда. Қалқоз қаладан орақ, орамал, қалам, ара, арба, мата алады. Қала қалқоздан нан, тары, мал, алма, қарбыз, тамақ алады.

Қал-қоз.  
Қ-а-л-қ-о-з

*Қалқоз бол!*



Ата сабан салады.

Қалқозда адам бар.  
Қалқозда сабан мол.  
Қалқоз сабан салады.  
Ол астықты мол алады.  
Қалқоз ол астыққа алмастырып арба, сабан, орақ, сабын алды.

Са-бан

С-а-б-а-н

А а, Б б, Т т, М м, Н н, Р р, Ы ы, С с, Л л, Қ қ, О о, Д д.

$1 + 4 = ?$

$2 + 3 = ?$

$6 - 1 = ?$

$6 - 4 = ?$

$2 + 4 = ?$

$4 + 2 = ?$

$6 - 2 = ?$

$6 - 5 = ?$

$2 + 3 = ?$

$5 + 1 = ?$

$6 - 3 = ?$

$6 - 6 = ?$



Енесін емеді

Мал ертемен қорадан өреді. Ертемен мал балалары енесін емеді.

Мал артынан атам ереді. Атама есен ат береді.

Атам қара атқа мінеді. Ертемен балалар сабаққа барады.

Сабақ артынан балалар атама барады.

Е-не. Е-н-е.

Сыз. Сіз. Қыз. Кіз. Сыр. Сірі.

Е е, М м, Н н, Р р, А а, Б б.



Мектеп.

Міне мектеп. Мектеп сырты ақ, төбесі көк. Мектеп қасында тал, терек, емен өседі. Оларды балалар еккен. Ел мектепке көп көмек көрсетеді. Ел мектепке отын береді. Бұларды мектепке көлікпен алып келеді.

Мек-теп. М-е-к-т-е-п.

Он. Өн. Қон. Көн.

Ор. Өр. Тор. Төр.

К к. Д д. І і. П п.

*Мектепке көмек бер!*



Сұлы



Құлын

Қалқоз мектепке сұлы салып берді.  
Қалқоз адамдары сабан салды.

Балалар тырмалады.  
Сұлы бітік болды.  
Мектеп сұлысына көп құрал, кітап алды.  
Мектепте құрал көп.  
Мектепте кітап көп.

$1 + 6 =$

$4 + 3 =$

$7 - 1 =$

$7 - 4 =$

$2 + 5 =$

$5 + 2 =$

$7 - 2 =$

$7 - 5 =$

$3 + 4 =$

$6 + 1 =$

$7 - 3 =$

$7 - 6 =$



Тірәктір жер жыртады.

Тірәктір мықты. Тірәктір жер жыртады.

Тірәктір астық тартады.

Тірәктір басқа да жұмыс қылады. Қалқозда тірәктір көп.

Тірәктір жерді әрі жылдам, әрі көп, әрі жақсы жыртады.

Тірәктір жеке адамға қымбат. Тірәктірді біріксе, қалқоз болса алады.

Әкем де, әжем де қалқозда

**Ә-ке. Ә-к-е.**

**Ә ә. Ж ж**

*Бірік, тірәктір ал!*



Күз.

Жаз өтті, күз жетті. Ел астық пен күземді алып болды. Дала сұр. Күн-де ертемен тұман болады. Жұрт қора-қопсыны түзеп жатыр. Жұрт қысқа әзірленіп жатыр.

Ү-зік. Ү-з-і-к.

Түр. Түр. Түс. Түс. Ұр. Ұр.

З з, Ү ү.

*Күз қысқа әзірлен!*

$1 + 7 =$

$5 + 3 =$

$8 - 1 =$

$8 - 5 =$

$2 + 6 =$

$6 + 2 =$

$8 - 2 =$

$8 - 6 =$

$3 + 5 =$

$7 + 1 =$

$8 - 3 =$

$8 - 7 =$

$4 + 4 =$

$8 - 4 =$



Айақ



Ай

Күз айлары: сентәбір, өктәбір, нойабір.

Бір жылда он екі ай бар. Бір айда отыз күн бар.

**Күн аттары мыналар:**

- |                    |                    |
|--------------------|--------------------|
| 1. <i>Сембі</i>    | 5. <i>Сәрсембі</i> |
| 2. <i>Жексембі</i> | 6. <i>Біісембі</i> |
| 3. <i>Дүйсембі</i> | 7. <i>Жұма</i>     |
| 4. <i>Сійсембі</i> |                    |

**Күн аттарын жаттап ал!**

**Ай-ақ. А-й-а-қ.**

**Ж ж. Й й. Қ қ.**

*Кіімді, төсекті, бөтен нәрселерді үйде сілікпе, тазалама.  
Далада тазала.*



Қарға

Қарға, қарға қарғалар!  
Қар үстінде жорғалар.  
Қанды көрсе үймелер.

**Қар-ға. Қ-а-р-ғ-а.**

*Біз – кедей баласы, кедейді жақтаймыз.*

**Айман жұмбағы.**

Айман екі сөзден қатарлап жұмбақ айтты:

От	Өт	Әскер	Асқар
Ал	Әл	Тәк-гәк	Тақ-тақ
Ұр	Үр	Нәзік	Назым
Тыс	Тіс	Бәле	Бала

Мен ойлап таптым:

Ор	Өр	Мәсі	Маса
Тон	Төн	Дәмі	Дамыл
Тұр	Түр	Әбіл	Дабыл
Сан	Сән	Мәнеш	Манша

*Сендер қандай сөз ойлап табасыңдар?*

*Бұрын байлар, молдалар, ақ сүйектер, кедейді, жұмыскерді езді!*

$1 + 8 =$

$5 + 4 =$

$9 - 1 =$

$9 - 5 =$

$2 + 7 =$

$6 + 3 =$

$9 - 2 =$

$9 - 6 =$

$3 + 6 =$

$7 + 2 =$

$9 - 3 =$

$9 - 7 =$

$4 + 5 =$

$8 + 1 =$

$9 - 4 =$

$9 - 8 =$



**Жалау**

Өктәбір төрті – Қазағыстанда үлкен той. Бұл күні қазақ мемлекеті құрылған. Тойға мектебіміз әзірлене бастады.

Біз қызыл тұу алдық. Жалауға мынадай ұран жаздық:

**Жасасын өктәбір төрті**


Ауыл, қалқоз адамдарымен қосылып той тойладық.

**Жа-лау. Ж-а-л-а-у.**

**Ү ү.**

*Ауруу астан: жаман астан сақтан.*

Қарта лото №1



<i>Балға</i>	<i>Балта</i>	<i>Ара</i>
<i>Бәкі</i>	<i>Біз</i>	<i>Тістеуік</i>

*Мұны бұлай ойнайды:*

*Алты бала сөздерді кесіп алады. Сөздерді араластырады. Бір бала алақанына сөздерді жасырып тұрады. Басқалары айтады. Тапқан бала атымен сүгіретін жабады. Таппаған бала жазады.*



**Шана**



**Ешкі**

*Шана мен қашан жүреді?*

*Шана мен жазды күні жүре ме?*

**Ешкі**

**Ешкі қойды бастаған.  
Қойды артына тастаған.  
Сойса саны қалақтай.  
Сауса сүті бұлақтай.  
Тастан тасқа секіріп,  
Ойнағанын қайтесің.**

**Жауын жауса қозғалып  
Шек! десе де ійесі,  
Болмағанын қайтесің.**

*Жұмбақ: шій түбінде шығыршық (жылан)*

**Екі қолда неше саусақ бар?  
Он саусақ сүгіретін сал.  
Екі айақта неше башпай бар?**

$1 + 9 =$	$10 - 1 =$
$2 + 8 =$	$10 - 2 =$
$3 + 7 =$	$10 - 3 =$
$4 + 6 =$	$10 - 4 =$
$5 + 5 =$	$10 - 5 =$
$6 + 4 =$	$10 - 6 =$
$7 + 3 =$	$10 - 7 =$
$8 + 2 =$	$10 - 8 =$
$9 + 1 =$	$10 - 9 =$

**Мен ондамын. Қарындасым менен 3 жасы кіші, қарындасым нешеде?**

**Күн сәрсембі. Жұмаға неше күн қалды? Сембіден неше күн өтті.**

**Жұмбақ:**

*Кішкене қана бүкіргі,  
Бүтін қырлы жүгірді (арық)*

Манар мынадай ойын жасап, қатармен де, төмен қарай да оқуды жақсы көреді:

а	н	а
н	а	р
а	р	а

Сен де осындай ойын жасап көр.  
Екі серкеде мүйіз нешеу?  
Екі адамда аяқ нешеу?  
Екі құста аяқ нешеу? Тырнақ нешеу?  
Екі аяқтыларды ата!  
Төрт аяқтыларды ата!

*Ешкі сүтті, түбітті көп береді.*

Ж Ү Ғ



Кеңсе

Мектеп жанында ауыл кеңесі бар. Кеңестің кеңесі жаңа үйде. Кеңес бастығы Іңкәр жеңешем. Кеңесті еңбекшілер сайлайды. Сайлауға байлар, молдалар, атқамінерлер қатыспайды.

*Еңбекшілер жауы – байлар, молдалар, ақ сүйектер, атқамінерлер.*

*Мақал:           Өлеңді жерде өгіз семіреді.  
                      Өлікті жерде молда семіреді.*



Өгіз

**Бұл қай мал?**

*Сәйгелді түйсе мөңкіген.  
Оқыра түйсе жөңкіген.  
Ала бас жіп естірген.  
Мұрнын тұра тестірген.  
Құйрығында шоғы бар.  
Жапалап тышқан боғы бар.  
Саздар жерге таптаған.  
Үй арасын боқтаған.*

1. Ымыртта, ала көленкеде оқыма, жазба, жұмыс қылма.
2. Жүгіргенде, жатқанда, жұмыс қылғанда мұрныңмен дем алып үйрен.
3. Терлеп отырып салқын ауаға шықпа.
4. Мойныңды жылыға үйретпе.

**Һ һ. Г г. Ы ы. Ж ж. Қаһарман.**

**Есеп.**

Үйде екі бала бар. Шай үстінде әжесі бала басына екі түйір қанттан үлестіреді. Неше түйір қант үлестірді?

Әр үйде екі баладан 3 үйде неше бала бар?

4 аттың неше құлағы бар? Неше тұяғы бар?

Бес арбада неше терте (жетек) бар?

$$2 \times 2 =$$

$$2 \times 3 =$$

$$2 \times 4 =$$

$$2 \times 5 =$$

Әр қалқозда үш тірәктірден, 2 қалқозда неше тірәктір бар?

Бір ат күніне 3 шелек сұу ішеді, 3 ат күніне неше шелек сұу ішеді?

Әр балада 3 қаламнан болса, 3 балада неше қалам болады?

$$3 \times 2 =$$

$$3 \times 3 =$$

Екі арбада неше дөңгелек бар?

Екі қолда неше саусақ бар?

$$4 \times 2 =$$

$$5 \times 2 =$$

*Шөп, жапырақ сарғайды. Ағаш жапырағы түсті. Жапалақ-жапалақ қар жауа бастады. Адам қалың шапан, күпі, байпақ кійетін болды. Арық малға пішен салатын болды.*


**Бұл қай кезде болады.**

Жауып жаңбыр,  
Жер сабыр,  
Шөп, жапырақ солады.  
Бұл қай кезде болады?

Мақал:        Жаз шанаңды,  
                 Қыс арбаңды сайла.

*Құлақты қатты йа ұшты нәрсемен шұқыма. Құлақ ішіне еш  
нәрсе тықпа; ішін, сыртын таза ұста.  
Жұған соң ішін әбден сүртіп құрғат.*

## Қарта лото № 2



<i>Қой</i>	<i>Сыйыр</i>	<i>Түйе</i>
<i>Ат</i>	<i>Ійт</i>	<i>Мысық</i>

## Ойнауы бұрынғыша.

4 асықты 2 балаға бөліп бер. Неден тійеді?

10 қап астықты 2 арбаға бөліп сал. Арбада неше қаптан болды?

Бала 8 тійінға 2 дәптер алды. 1 дәптер неше тійін тұрады?

3 арбада 6 жетек (терте). 1 арбада неше жетек?

$4 : 2 =$

$6 : 3 =$

$6 : 2 =$

$9 : 3 =$

$8 : 2 =$

$3 : 3 =$

$10 : 2 =$

$4 : 4 =$

*Мақал: есеп білмеген – есек.*

## Дәмеш қаты.

*Сүйікті әжекем!*

*Денім сау. Бүгін құуанышым қойныма сыймай жүр. Бүгін барлық әріпті үйреніп болдық. Енді не сөз болса да жазам, оқый алам.*

Балаң Дәмеш

1929 жылы, декәбірдің 20.

**Пылақатымыз.**

Кітапты күт!

*Кітап – адамның досы!*

*Кітапты жыртпа, кірлетпе!*

*Оқуу білмегендерге кітапты естіріп оқы!*

**Баспа әліппе.**

А а, Б б, Ш ш, Ж ж, Д д, Е е, Ә ә, Г г, Ғ ғ, Һ һ,  
І і, Й й, К к, Л л, М м, Н н, Ң ң, О о, Ө ө, П п,  
Қ қ, Р р, С с, Т т, У у, Ұ ұ, Ү ү, З з, Ы ы.

**Жазба әліппе.**

А а, Б б, Ш ш, Ж ж, Д д, Е е, Ә ә, Г г, Ғ ғ, Һ һ,  
І і, Й й, К к, Л л, М м, Н н, Ң ң, О о, Ө ө, П п,  
Қ қ, Р р, С с, Т т, У у, Ұ ұ, Ү ү, З з, Ы ы.

## Саусақ санау.

## Жұмбақ.

Бірім – бірім;  
 Екім – екім;  
 Үшім – үшім;  
 Төртім – төртім;  
 Бесім – бесім;  
 Алтым – алтым;  
 Жетім – жетім;  
 Сегіз – сегіз;  
 Тоғыз – тоғыз;  
 Оным – оным;  
 Он бірім;  
 Оны тапшы  
 Ай-күнім!

## Шешуу.

Бір дегенің – білеу;  
 Екі дегенің – егеу;  
 Үш дегенің – үшкі;  
 Төрт дегенің – төсек;  
 Бес дегенің – бесік;  
 Алты дегенің – асық;  
 Жеті дегенің – желке;  
 Сегіз дегенің – серке;  
 Тоғыз дегенің – торқа;  
 Он дегенің – оймақ;  
 Он бір – қара жұмбақ.

*Саусақ санап жұмбақ айтыңдар:*

*Бір қолда неше саусақ бар?*

*Екі қолда неше саусақ бар?*

*Қолдың сүгіретін салыңдар!*

## Үй іші

*Біздің үйдің адамдары: әкем, әжем, шешем, атам, ағам, інім, апам, мен.*

*Біздікі қалқоз мүшесі. Қалқоз мүшелерімен бірге әкем егін салады, пішен шабады, қала шығады, егін шабады, қора түзетеді. Әжем балалар алаңында бала күтеді. Шешем үй қарайды, ұршық ійіреді, малға жабуу істейді. Атам қалқозда – ер-тұрманды, қамыт-доғаны жамайды, қайыс ійлейді. Балалар сабаққа барады. Апам алаңдағы балаларға кийім тігеді, ший орайды, ойуу ойады.*

*Үйде неше еркек, неше әйел бар?*

*Өз үйлерің адамы нешеу, не істейді?*

*Мақал: балалы үй – базар.*

## Саулық сақтау

1. Ауыздан сүйме, ауызыңнан сүйгізбе.
2. Басқа адам орамалымен беті-қолыңды сүртпе.
3. Басқа адаммен бір аяқтан, бір қасықпен ас жеме.
4. Мerez, қотыр сықылды аурұулы үйге барма, онан ас жеме, аяқ табағына жолама.
5. Асты қолыңмен жеме.

## Сылдырмақ

Бүлдірген беті бөбектің,  
қолында отыр сылдырмақ.  
өзі сақ-сақ күледі,  
Сылдырмақтай сылдырлап.  
тоқтап тыңдар тұрат та,  
сөйлеп қойат былдырлап.  
Секіріп-секіріп түседі,  
шұнаңдаған құлдырлақ.  
Атасы қарық-қарық күледі.  
«күр, құлыным күр-күр»-лап.  
Бөбектің егер қолынан  
түсе қалса сылдырмақ  
Әлімжан – аға болмысы  
сылдырмақты сылдырмақ;  
ең болмаса бауқаусыз  
басып кетіп сындырмақ.

*Бұл өлең сөз бе, жай сөз бе?  
Өлең екенін неден білдіңдер?  
Білетін өлеңдеріңді айтыңдар.*

**Мақал:** Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар.

## Түгендеуіш

Балалар тізімін мектепте жарға іліп қойған. Әкеміз аты түгел жазылған. Өз атымыздың бас әрпі қойылған. Келген бала өз тұсына + келмеген бала тұсына тұжорнай – қойады.


## Түгендеуіш

№	Әкесі мен өз аты	сембі	жексенбі	дүйсенбі	сійсенбі	сәрсенбі	бійсенбі	жұма
1	Айап ұлы О.	+	+	+	+	+	+	д
2	Аман ұлы Қ.	+	+	+	+	+	+	е
3	Қадан ұлы Г.	+	+	+	+	+	+	м
4	Бақан ұлы Ш.	+	-	+	+	+	+	а
5	Бейімбет ұлы А.	+	-	-	-	+	+	л
6	Шонан ұлы Ж.	+	+	+	+	+	+	ы
7	Шоқан ұлы Ж.	+	+	+	+	+	+	с
8	Дәндібай қызы Р.	+	+	+	+	+	+	к
9	Дәуеш ұлы Т.	+	+	+	+	+	+	ү
10	Еден қызы К.	+	+	+	+	+	+	н

**Жұмыс:** *Түгендеуіш жүргізіңдер.*

**Есеп.**

Омар бір дөңгелек сызды да ортасынан бөлді. Дөңгелек жартысын кара мен бойады, енді бір жартысын ақ қалдырды.



Жартыны былай етіп  $\frac{1}{2}$  жазды. Бүтін дөңгелекте неше жарты. Жарты қалай жазылады?

Гүлсімнің  $\frac{1}{2}$  табақ қағазы бар. Апатайы тағы жарты табақ қағаз берді.

Гүлсімнің қағазы қанша?

Әжесі екі балаға бір кәмпітті бөліп берді. Әр бала қаншадан алды?

Айжанның бір құрты бар еді. Жеңешесі жарты құрт берді. Айжанның құрты қанша болды?

$$\frac{1}{2} + \frac{1}{2} =$$

$$1 + \frac{1}{2} = 1\frac{1}{2}$$

$$\frac{1}{2} + 1 =$$

$$2 + \frac{1}{2} = 2\frac{1}{2}$$

$$\frac{1}{2} + 2\frac{1}{2} =$$

$$3 + \frac{1}{2} =$$

### Оқыймын

*Ашамайлап тай байлап,  
Тай терлетсем «бай-бай»-лап,  
Азырақ ағат іс қылсам,  
Әуліккен әкем айқайлап.  
Әзірге әке-ау аман бол!  
Жол болсын! – де – оқыймын.*

*Оқығанда кім болам?*

*Табыма ай-күн болам.*

Ілійас.

**Мақал:** Оқыған – жарық,  
Оқымаған беті – көн жарық!  
Білегі жұуан, бірді жығады,  
Білімі жұуан мыңды жығады!  
«Оқы, оқы, тағы оқы!»

(Ленін)

### Жалпы оқуу

Қалқоз мектеп жасындағы балаларды тегіс оқытуға қаулы қылды. Әуелі баланың есебін алды.

Мектепке ең жақсы үй берді:

Қаладан кітап алдырды. Кәперәтіптен балаларға жылы кийім, етік алып қойды. Жаңадан екі оқытушы алдырды. Үйі алыс балаларды мектепке көлікпен тасыйтын болды. Түсте балаларға ыстық тамақ беретін болды. Осы қалқоз баласы тегіс оқыйды. Балалар қалқозда жұмыс жасайды. Қалқоздың малын күтеді, мәшіине-саймандарын тазартып, қымтап күтеді. Қора-қопсы оңдасады.

### Құлақтандыруу

#### ҚҰЛАҚТАНДЫРУУ

Бүгін сабақ соңынан  
**оқушылардың жалпы жыйылысы болады.**

Тарап кетпендер.  
Жыйылыс II кіласта болады.

**Кәмітет**

*1928-жылы декәбір 5.*

#### ҚҰЛАҚТАНДЫРУУ

Жолдастар!

**Мектеп жыйылысы болады.**

Ертең ата-аналарыңды ерте келіңдер.

**Кәмітет.**

*1928-жылы декәбір 22.*

### Жалпы жыйылыс

Сабақ басталарда кейде бор болмай қалады. Кейде сүрткіш жоқ. Кейде тақта беті айғызданып тұрады. Немесе парталар дұрыс тұрмайды.

– Бұл жарамайды, тәртіп жасау керек, – дедік. Бір күні Нұрмаш бәріміз тәртіпші сайлауға жыйылдық. Әбішті жыйылысқа аға қылдық. Бірауыздан Мұратты тәртіпші сайладық. Жыйылыста кеңесіп мынадай ереже шығардық.

#### **Тәртіпшінің міндеті**

1. Бор, сүрткіш дайарлау.
2. Тақтайды тазалап қойуу.
3. Демалыс кезінде желдеткіш ашуу.
4. Орындықтардың орында тұрууын қарау.
5. Келмеген балаларды түгендеуішке жазып қойуу.

### Күн шыққанда

Мал масайрайды өрісте.  
Ауыл-қалқоз бәрі істе.

Тұр көкешім күн шықты.  
 Малда ағаң, әкең егінде.  
 Тәтең кергіш керүүде.  
 Ійірді апаң ұршықты.  
 Қалыпсың ұйықтап, қарағым.  
 Қалады-ау сенің сабағың.  
 Жұуын, жүгір мектепке.  
 Ашасың көзді мектептен.  
 Аласың білім кітаптан.  
 Боласың адам мектепте.

Ілійас.

### Мектеп тәртіптері

Бес бала бірігіп мектеп тәртібін жазып әкеліп, жалпы жыйылысқа салған. Жыйылыс тәртібі жақсы жазылған деп қабыл алған. Тәртіп үлкен емес. Болғаны 5 бұуын, ол мыналар:

- 1) Біздің мектептегі әрбір оқушы – қостың мүшесі.
- 2) Қостың мүшесі шкіммен ұрысып қағыспайды.
- 3) Тұжырнай болудан қашпайды.
- 4) Тұжырнай бір жұмаға сайланады.
- 5) Тұжырнайдың міндеті:  
 қыласты сыпыру,  
 ауаны тазалау,  
 ортақ дәптерді жүргізуу.

Үлкен балалар тәртіпті жақсылап көшіріп жарға іліп қойды. Тәртіпті бәріміз де орындап жүрдік.

*Жұмбақ:*

*Ақ сандығым ашылды,  
 Ішінен жібек шашылды (күн)*

#### Кіластағы нәрсе тізімі

10 парта.	10 сүгірет.
1 орындық.	2 шам.
1 үстел.	1 термометір.
1 қара такта.	1 барометір.
1 ішқап.	1 сағат.
2 қарта.	
<b>Кіласком.</b>	

**Жұмыс:** *Кіластағы нәрсе тізімін жасап жарға іліңдер.*

### Оқушы қызға

*Білім алып белсеніп  
 Бер әйелге елдегі.  
 Көксегені жерленіп*

*Таза білім сендегі.  
Апа-сіңдің ауылда  
Сағынады келші деп  
Бар білімін бауырға  
Зарығады берсе деп.*

Орман ұлы.

### Тазалық кемесііесін сайладық

Кіласымызда тазалық болмады. Еденде қағаз жыртылып жағады. Балалар ылас айағын сүртпей кіріп еденді былғайды. Кей бала еденге түкіре салады.

Тазалықшы сайлау керек болды. Жыйылыс жасап Салықты, Жәмій-ләнi, Кәтезді тазалық кәмесііесіне сайладық.

Ертеңіне кәмесііе тазалық жайында кіласқа пылакаттар қақты.

1. *Ерте жат, ерте тұр. Ұйқыңды әбден қандыр.*
2. *Ұйықтағанда басыңды бүркеме.*

*Жойылсын қалың мал!  
Жойылсын көп қатын алғу!  
Жойылсын надандық!  
Жасасын әйел теңдігі!  
Жойылсын настық!*



**Пйенер бол**

Бол пйенер кәсамол!  
Жетекші олар жарыққа.  
Сілкін, сіңлім, көкке өрле!  
Шық шығандап жарыққа.

Сәлкен.

## Пылакаттар

1. Тамақтың алды-артынан қолыңды жәууып, аузыңды шайып жүр!
2. Тырнағыңды, шашыңды өсірме!
3. Тырнағыңды кемірме!
4. Ертең тұрғанда, кешке жатарда беті-қолыңды жәууып жат!

1. Үй ауасын тазартып тұр!
2. Шаңды дымқыл шүбірекпен сүрт.
3. Жйіи шомыл.
4. Көйлекті жйіи алмастыр.
5. Үйдегі нәрсені далаға жайып алып тұр.
6. Йіденге түкірме!

## Дыйағырам

Кіласымызда 10 қыз, 9 еркек бала бар еді. Соған дыйағырам салдым. Оны бұлай істедім: әр балаға арнап дәптерімнің бір сызығын алдым. Қызға бір бөлек, еркек балаға бір бөлек дыйағырам салдым. Сонда төменгі дыйағырам болып шықты.


Қыз бала.


Еркек бала.

**Жұмыс:** *Сендер де 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 дегі балалар нешеу екенін санап, жасына қарай дыйағырам салыңдар.*

### Қызыл отау

Қызыл отау – бұл отау,  
Көпке білім беретін.  
Көрдің бе әне ілінген,  
Ленін ата сүгіретін.

Мынау гәзет, журнал ғой –  
Леніннің тасқан бұлағы.  
Анау кітап сыңсыған –  
Тұрмысыңның құралы.

Аттан түсте үйге кір,  
Отауға кіріп білім ал.  
Адаспайсың жолыңнан,  
Отаудан сұрап біліп ал.

Жақан.

**Сұрау:** Қызыл отауды көргендерің бар ма? Көргендерің қызыл отауда не, кім барын айтыңдар.

Қызыл отаудың не пайдасы бар?

### Ай аттары

Күз айлары: сінтәбір, өктәбір, нөйәбір.

Қыс айлары: декәбір, ғынұуар, небрал.

Жазғытұр айлары: март, әпрел, май.

Жаз айлары: үйен, үйел, ағыс.

Бір жылда неше ай?

Үстіміздегі қай ай?

Жылдың қай мезгілі?

Ай аттарын жаттап алыңдар.

Сұуда мұз бар,

Жерде қар.

Боран борап соғады.

Бұл қай кезде болады?

### Қазағыстан үлкен тойы.

Патша кезінде қазақ еңбекшілерінің басында бйлік жоқ еді; Қысымшылық пен зорлықтан көз ашпайтын еді. Сондықтан олар патса үкіметіне қарсы талай көтерілген. Патша үкіметі көтерілісті басып тұрған. Патсаға қарсы қазақ еңбекшілерінің ең соңғы үлкен көтерілісі 1916-жылы болды.

Ресей жұмысшылары мен кара шаруа және салдаттары 1917-жылы патшаны тактан түсірді. Кеңес үкіметі орнады. Төңкерісті бастаған кәмүнес партьйасы. Кеңес үкіметі бұрын езілген елдерге бостандық берді. Қазақ еңбекшілері өз алдына мемлекет болды. Ол күн өктәбірдің 4-і. Сонан бері Қазағыстан өктәбір 4-ін жылда майрам қылады.



Кеңестер одағының мемлекеттік таңбасы (геріп)

### Өктәбір мыйрамы

1917-жылға шейін елді байлар бйлеген. Оларды патша қолдаған. Байлар мен патша қосылып еңбекшілерді қатты езген. Қалық шаруасы жүдеген. Бәлшебектер бастығы Ленин болып, ескі үкіметті құлатқан. Үкімет жұмысшылар мен қара шаруа қолына көшкен. Ресей мемлекеті содан бері кеңес мемлекеті атанды. Содан бері жер қара шаруа қолында, пәбірлік-зауыт жұмысшылар қолында, әр елдің бас бйлігі өзінде.

Бұл нөйәбірдің 7-де болған. (Ескіше өктәбірдің 24). Сонан бері бұл күн үлкен мыйрам болады.

*Жасасын өктәбір төңкерісі!*

### Өктәбір мыйрамын қалай өткіздік

*Мыйрамды қалай өткіземіз деп жыйылыс жасадық. Ағай бізге мыйрам жайын түсіндірді. Сонан соң әркімге жұмыс бөліп бердік.*

*Кіласты ажарладық, ұрандар жаздық. Орақ-балға таңбасын салдық. Мыйрам күні елмен бірге тху алып жүрдік, төңкеріс жырларын жырладық. Кешке үлкен балалар сауық кешін қойды. Оған әке-шешелеріміз жыйылды.*

### Той күн

Бүгін, бүгін, бүгін дала.  
 Мұндай ма еді бұрын дала.  
 Көкте күні сәуле ашып.  
 Көкке шарпып нұрын дала.  
 Кедей асты. Кенелісті.  
 Жұрт ұстады. Сөзді шешті.

Жерді кесті. Малды үлесті.  
Әйел азат. Әдет бітті.  
Бадырақтан сәбет шықты.  
Жас арманы оқуу болды.  
Дала көшті. Дала толды.

### Бұл қай мезгіл

Күн қысқара береді, ел отты ерте жағады. Ауа салқын бола бастайды. Шөп құурады. Ағаштың жапырағы сарғайып, сыбдыр-сыбдыр жерге түсе бастайды. Құстар тізбектеліп жылы жаққа кетеді. Сұуыр, тыйын сыкылды аңдар інге, ағаштың құуысына кіреді. Құрт-құмырысқалар ійлеуіне, тастың, қабықтың арасына тығылады. Адамдар үйін қымтап, жылы киім әзірлей бастайды, отын молайтады, шөп үйеді, азық жыйнайды.

*Бұл қай кез? Табыңдаршы,  
сүгіретін салыңдаршы.*

### Ұршық

Оймышты ұшқат ырғай сап  
ұршығым сені қолға алам.  
Ұршығым – ұшқыр нар тайлық,  
жез быйдалы жел майам.  
Сабын – сындар сым сырық.  
Жібiң жібек қылдырық.  
Басың жұмыр жұдырық.  
Жүгіресiң – бұлдырық.  
Қыла ма жалғау жарлылық.  
Қыла ма дiлгер жүз азы.  
Екiлен, зырла ендi, ұршық.  
Йiрейiн быйазы.

Ілiяс.

*Еңбек етсең ерінбей,  
Тойады қарның тіленбей.*

*Жұмбақ: ақ күшігім жүгіре-жүгіре бұуаз болды.*

### Қойан байғұс


Қабағын түйген ызғарлы, жаңбырлы күз келді. Қойан байғұс қысқа азық жыйа алмай қалды. Жүгіріп қарағанның арасына барды. «Сұуық» ерте түсті. Тауға қарай зымырады. Тауға жете алмай, моланың ығына жата қалды. Ар жағында қойшы жүр еді. «Айт!» дегенде қойанның зәресі ұшып кетті. Ылдыйға түсіп өзекпен жөнелді.

Қойан байғұста дамыл жоқ. Жаудан бір қорықса, жаңбырдан тағы қашады.



Құлағын қысып, көзін сығырайтып, аспанға қарайды. Аспан түнеріп, жаңбыр жауып тұр.

- 1) Қойан не жейді?
- 2) Адамға қойанның қандай пайдасы, қандай залалы бар?
- 3) Үй қойанының тағы қойаннан қандай басқалығы бар?
- 4) Үй қойанының қандай пайдасы бар?
- 5) Қойанды қалай аулайды?




От арба


Арғырар арба шырқырар  
Түйелердей тіркелер,  
Келіншектей бүркенер,  
Дөңгелек арба зырқырар.  
Қалаларың құжынар.  
Жапанда жауап ілектір.  
Телгірам, ірәдй, телепон...  
Дыңылдасар тілсіз өн...  
Сыбырласар жансыз тіл.

## Баласын сүйу

Қой сүйеді баласын: «қоңырым» деп,  
Іштеңені білмеген момыным деп.



Сыйыр сүйер баласын: «торпағым» деп,  
Қараңғыда баспаған қорқағым деп.




Түйе сүйер баласын: «тайлағым» деп,  
Жабұу жапса жарасқан жайнағым деп.



Ешкі сүйер баласын: «ылағым» деп,  
Тастан тасқа секірген шұнағым деп.



Жылқы сүйер баласын: «шұбарым» деп,  
Жүгірууден жазбаған тұлпарым деп.



*Мал балаларын сендер жақсы көресіңдер ме?  
Қай төлді қалай күтесіңдер?  
Малды ұрып сабау дұрыс па?*

### Ауа календары

Бір жеті ішіндегі күн аттарын білдік. Жеті күнді төменде көрсеткендей жаздық. Астынан тағы бір көз қалдырдық. Бос көзге ауа ырайының таңбасын салып отырдық.



Шықты  $\Omega$ , жаңбырды  $\circ$ , қырауды  $\square$  таңбаладық. Ашық күнді таңбасыз қалдырдық. Сонда календарымыз мынадай болды.

1-күн	2-күн	3-күн	4-күн	5-күн	6-күн	7-күн	8-күн	9-күн	10-күн	11-күн
$\Omega$			$\circ$	$\square$						

**Жұмыс:** *он күндік ауа календарын жасап отырдық. Жеті айағында ауа өзгерісін есептеп жазып қойыңдар.*

### Мәйек

Бірікпесек оңбаймыз,  
Бірге қоныс қонбаймыз.  
Бытыраймыз сыйыспай,  
Бірігіп мал бағыспай;  
Бірге егін салыспай,  
Бірге пішен жыйыспай,  
Береке, өнім болар ма, –  
Быж-тыж шаруа оңар ма.  
Оңбаймыз ғой ұйыспай...

Дедік тағы ау-дестік, –  
Ұйымдастық кеңестік,  
Болалық деп кәлектіп.  
Қаулы қылып бір күнде,  
«Қалқоз сайоз» дейтінге,  
Мәлімдедік, дәйектеп.  
Үміт етіп бұдан көп,  
Ұйытқы болар ма екен деп,  
Атандырдық «Мәйек» деп.

### Ауа дәптері


Өктәбір 20-да мұз қатты.  
Өктәбір 28-де тоң қатты.  
Өктәбір 30-да алғаш қар жауды.  
Алғаш қардан соң жылқы мен қойды сұуаруу қойылды.  
Нөйәбір 5-де ұуақ мал қолға қарады.

**Жұмыс:** *сендер де осындай дәптер жасап алыңдар.  
Ауадағы өзгерісті жазып отырыңдар.*

### Өрмек

Бес аспабың дайын боп,  
құрылсын мосың, өрмегің.  
Өрмектен өнер шығаршы,  
Түрлендіріп өрнегің.

Адарғы жіпті айырып,  
Жалаңдасып қылышың.  
Арқауың жібін ағытып,  
Күзеуің жылдам жылжысын,



Үш тағанды мосылы,  
Аспабы сай өрмегің  
Өрмек өрнек төгілтіп  
Тамылжысын еңбегің!

Жақан.

- 1) Қол өрнек өнімді ме, тоқыма пәбрігінің жұмысы өнімді ме?
- 2) Қолдан өрмек тоқып жүнді бүлдіруу дұрыс па?

**Жұмыс:** *өрмек құралдарының мәделін салыңдар! (Саздан йа қағаздан)*

*Әжелерің тоқығар өрмектің ұзыны неше метір, неше күн тоқыған, жүсірілген, ййірілген, қанша күн кеткен? Есептеп шығарыңдар. Мәшійне мен ййірсе жылдам бітпес пе еді? Әжең мәшійне ұршық алдырмас па?*

### Ауа дәптері

Сембі, 24-нойабір.

Ертеңгісін бүкеу болды. Түсте күн ашылды. Шұуақ болды. Кешке алғаш боз қырау түсті.

**Жұмыс:** *ауа дәптерін жасап отырыңдар. Шық қандай күні, қырау қандай күні, тұман қандай күні түсетінін байқаңдар.*



### Тірәктір

Бент бұрады, күш алды.  
Тірәктір кеп, тіс салды.  
Қара жерді қаусыра.  
Па шіркіннің жыртысын!  
Айналдырды, қыртысын,  
қыр қозғалды, даусынан...  
жөңкеріліп жөн қалсын,  
төңкеріліп жер қалсын,  
қайшыла қайрат қайшыла!

### Қарта лото

Мына сөздерге қарта лото жасаңдар.

### Лото № 3

Бйдәй, тары, сұлы, арпа, кәртоп, қарбыз, қауын, кәпісте.

**Лото № 4**

Шам, самауырын, қазан, ошақ, шелек, қауға, сабан, мес.

**Лото № 5**

Соқа, сабан, тырма, сеператыр, егін мәшійне, кійім мәшійне, шөп мәшійне, тырантас.

**Не байқадық**

Күзге қарай бөз шөптер кұурайды.  
Бұлар құмақтау жерде өседі.  
Алабота, жұусан, сораң, ашшы шөптер күз піседі.  
Бұлар қатаң, сортаң жерге шығады.  
Ашшы шөпті мал жаз жемейді, піскен соң күзді күні жейді.  
Қысқа қарай мал жүні қойұланады. Қысқа қарай қойан, қасқыр ағарады, қардан байқалмайды.  
Жерге тоң түссе сыйыр арықтай бастайды.  
Тоқсанға шейін жылқы мен қой семіре береді.  
Тоқсан алдында ел соғым сойып алады.

**Жұмыс:** *сендер де осындай нәрселерді байқап отырыңдар.*

**Тәлім-ау!**

Ей тәлім-ау!  
Талма қалқам,  
еркем, марқам,  
сен – жанған шам,  
сен – атқан таң,  
қарашығым, жаным-ау!  
Беу, гүлдей-гүлдей  
гүлдей-гүлдей,  
күн мен бірдей,  
гүлжан-ау!

Сәбійт.

**Жұмыс:** *әнге салып қосылып айтып көріңдер!  
Тағы білетін өлеңдерің бар ма?  
Білетін өлеңдеріңді қосылып айтыңдар.  
Осы өлеңде неше жол?  
Жолында неше бұуын?  
Неше жол бір ұйқас?  
Ұйқастың астын сызыңдар.*

## Боран

Қалшылдаған қатты айаз.  
 Боран борап үреді.  
 Сары белді шапақтап  
 Сотқар жел сыр-сыр жүреді.  
 Қарсы келген қан бетті  
 Тілімен өткір тіледі.  
 Сығырайып анау ауыл тұр  
 Шақырып шамы күледі.

Әуелбек.

**Жұмыс:** бұл өлеңнің әр жолында неше бұуын бар? Жол айағындағы ұйқас сөздерді көшіріп жазыңдар. Неше жолдан соң ұйқас сөздер келеді? Боранды өз таңбасымен ауа календарына жазып қойыңдар.

### Қала мен ауыл

Мектебіміз жанында қалаға баратын үлкен жол бар. Күнде жұрт қалаға мал, отын, пішен, астық, соғым терісін алып өтеді. Қаладан ауылына шай, қант, мата, орақ, шалғы, мәшійне-құрал алып қайтады.

Біздің қалқоз қалаға соғым терісі мен бйдай апарып кәперетіпке берді. Бүгін ол қаладан тауар, егін құралдарын, кітап, қалам, қағаз, қарындаш алып келді.

**Сұрау:** Қала ауылға не береді? Ауыл қалаға не береді? Бірісіз бірі тұра алады ма?



### Тас шешей

Жын қаққандай долданып

сұу жұлқына соғады.  
салдыр-күлдір күлдірлеп  
сұудан боран борады.  
Қалбақтап қалақ бұлқынса  
бұрқақтайды бораны.  
Тас сырылдап ойналып  
Бірін бірі жонады.  
Тас ұршықтың тесігі  
мамадан бийдәй сұрады.  
Майда, мапа мамық ұн  
тас толғата тұады.  
Сырғыта айдай ақ ұнды,  
қап құндаққа құады.  
Сабаққа ійне дайындан,  
Қарадым қабың толады.  
Ағызып ағын тұсынан,  
Шайнап беріп өсірген,  
Асыраған анаң кім?  
– Тас шешей сол болады.

Ілійәс.

**Жұмыс:** *түсінбеген сөздеріңді теріп жазыңдар. Тас шешеу кім?  
Тийірменге барып көргендеріңді байандаңдар.*

### Зауытта

Қабат-қабат салынған,  
бұлың-бұлың болат үй.  
Електір шамы жағылған,  
мәшінеде қоңыр күй.  
Дөңгелектер дүрілдейт,  
ұршықтар ойнап бйілеп бйі.

Арыстандай толғанып,  
жалың көкке бойлайды.  
жолбарыстай жанданып,  
темір күз тербеп толғайды.  
Қолы-басы күйелеш,  
онымен жұмысшы ойнайды.

Бөренедей темір от  
тербеліп тесікті өйеді.  
Сол бөрене ұзарып  
жіптей ұзақ кетеді.  
Мәшіне шеге шығарып  
зырылдап зырқ-зырқ етеді.

Ілійәс.

### Сәуле

(Орыстың «кәмсамолкә дүүнә»  
деген әніне салынады).

Біздің Сәуле оқыйды оқуу.  
Кесте тігіп, білет тоқуу.  
Ей!.. Сәуле, Сәуле-Сәулежан,  
Даусың шырқап салсайшы ән!

Біздің сәуле жайнаған гүл,  
Білім алып жүр жылма-жыл.  
Ей!.. Сәуле, Сәуле-Сәулетай.  
Сіңліңді тарт, құшақ жай!

Кәмсамолкә Сәуле болған,  
Жалшы әйелге Сәуле қорған.  
Ей!.. Сәуле, Сәуле-Сәулежан.  
Сен бақытты, сенде сән!..

Асқар.

### Еңбекшілер ұраны

Ойан, қарғыс таңба басылған  
жалаңаш аш құл, қайрат қыл!  
Қайнап баста ақыл ашынған  
майданға қанды айдап тұр.

Қыйратамыз ескі жалғанды.  
Жаңа тұрмыс орнатамыз.  
Жарылқаймыз жарлы қалғанды,  
дәулеттен сонда татамыз.

Бұл біздің ең ақырғы,  
ең күшті зор майдан.

Дүние еңбекшілімен  
табылар бар пайдан.

Бостандықты бізге ешкім бермес  
патса да, бай да, батыр да.  
Бостандық бізге көктен келмес,  
алармыз күшпен ақырда.

Ал енді жойам десең құрдықты  
тамағым болсын десең тоқ,  
қорғанбай күпілдет көрікті,  
темірді қызған кезде соқ.

Бұл біздің ең ақырғы,  
ең күшті зор майдан.  
Дүние еңбекшімен  
табылар бар пайдан.

Біздер бүкіл дүние жалшысы,  
біз еңбекшілер таптары,  
жерге қожа болуу еркіміз,  
арамтамаққа жоқ бәрі.

Ал егер найзағайы шартылдап  
қаптаса жауыз дүнийесін,  
бізге де жарық күн жаркылдап,  
түсірер нұрлы сәулесін.

Бұл біздің ең ақырғы,  
ең күшті зор майдан.  
Дүние еңбекшілімен  
табылар бар пайдан.

А	А	А	А
Б	Б	Ш	Ш
Ж	Ж	Д	Д
Е	Е	Ә	Ә
Г	Г	Ғ	Ғ
Н	І	І	Й
Й	К	К	Л

Л	М	М	М
Н	Н	Н	Ң
О	О	Ө	Ө
П	Қ	Қ	Р

Р	С	С	-
Т	Т	Т	Ұ
Ұ	У	У	Ү

Ү	З	З	Ы
Ы	Ы	-	-
ба	бе	бо	бұ
бұ	бө	бі	бә
ша	ше	шо	шұ
шұ	шө	ші	шә
жа	же	жо	жұ

жү	жө	жі	жә
да	де	до	дұ
дү	дө	ді	дә
де	ді	дә	ға
ғы	бы	шы	жы
ды	ке	кү	кө
кі	кә	-	-

ма	ме	мо	мұ
мү	мө	мі	мә
мы	на	не	нұ
ні	ны	ла	ле
лі	па	пы	пі
қа	қо	құ	қы
ра	ре	рі	ры

са	се	со	сұ
сү	сө	сі	сы
сә	та	те	то
тұ	тү	тө	ті
ты	за	зо	зы

qazaq қаңа alıbbesınıñ kindik kәmıjteti

341. 342

t. conan ulь.

# „қаңаһьқа“ çetekci.

qazaqıstan basbasь.

qazaq қаңа alıbbe kindik kәmıjteti  
bastıroan.

Т. Шонан ұлы

«жаңалыққа» жетекші.

қазағыстан баспасы  
қазақ жаңа әлібе кіндік кәмітеті бастырған

Т. Шонан ұлы

## «жаңалыққа» жетекші

## Әліббе мазмұны.

Декабыр айындағы демалысқа шейін бала әліббені бітіріу керек. Сондықтан әліббеге і бөлім программаның күзгі және қыс басындағы материал кірді. Сүйтіб әліббеге кірген матерыйал мыналар: үй іші, мектеб. мектеб тәртгібі, күзгі жұмыс бен жаратылыс, қысқа қамданыу, қыс басы. Салғаннан әліббе үй ішінен басталады.

**Әліббе әдісі.** Әліббе бүтін сөз әдісінің бір тарауымен жазылды. Салғаннан бша йа бүтін сөз, йа қысқа сөйлем бердік. “а” бір дыбыс болса да, қазақша мағыналы сөз. Сол сыйақты “і”, “у” да мағыналы сөз болсада, ім-ләміз кеселінен әзір оларды бүтін сөз қатарында көрсетіуге болмады. Бүтін сөз әдісін балаларға арнаб өзгеріткенде дыйдақтыкеның: **“бір жолы бірақ қыйындық бер”** дегені есімізде болды. Бір сабақта тек бір дыбыс әріб қосылыб отырды. Онан соң дыбыс әріб, бұуын, сөз жағына мынадай әдіс ұсталды:

1) Әліббеның алдыңғы жағына тілімізде ең жйі кездесетін дыбыстар қойылды. Сонда сөз, сөйлем құрау оңай болады. Оның ішінен таңбасы оңайрағы ілгерірек қойылды: сонда балаға жазуу жеңілірек болады.

2) Қыйындығына қарай әуелі екі дыбысты ашық бұуын (дауысты дыбыс бұуын соңында *a-na*), сонан соң екі дыбысты бітеу бұуын (*am*), онан соң ортасы дауысты бұуын (*nan, mal*), соңынан төрт дыбысты бұуын көрсетілді (*қарт, төрт*).

3) Сөзге келсек, әуелі бір бұуынды сөз (*a*), онан соң екі бұуынды сөз (*a-na*), соңынан үш бұуынды сөз (*a-na-ma*), ең артынан көб бұуынды сөздер көрсетіледі. Сөз алдында әліббені өткенше балаға өзін, йа сууретін көрсетерлік деректі сөздер алыуға тырыстық. Бір балаға салғаннан *араз, зор* сыйақты дерексіз сөз беріуге қарсымыз. Үйіткені **баланың ойы – деректі ой**. Онан соң біз қыймылды көрсететін (*ал, бел*) йа түсті – сынды, санды көрсететін сөздерді (*ақ, қара, қысқа, ұзын*) алдық.

4) Сөз бен сөйлем алғанда, жоғарғы дыйдақтыке әдісінен басқа, білім ордасының програмы және реплексологиенің мынадай заңы есімізде болды: адам қайталаған нәрсеге тез жаттығады. Сөзді алсақ мысалы мынадай: *маң, маң, маң басқан, шұдаларын шаң басқан.*

*дыбыс, сөз, бұуын, сөйлем жағынан жоғарғыларды ескеріу – оқытушылардың міндеті.*

**Оқытушылардың міндеттері.** Біздің әліббемізді қолданған оқытушылар мынаны ескерсін:

1) Әліббе матерыйалы білім ордасының комплекс програмына қарай тізілген. бірақ қай әріб-дыбыс тұсында қандай комплекс, қандай тақырыб оқылуын ғана әліббе көрсетеді. *Ал комплексті толық түсіндіріу – оқытушының міндеті.* Мысал: әліббе басында *ана, мама, АТА* деген сыйақты сөздер бар. Бұларды оқығарда оқытушы баланың үй іші жайынан сұраб, әңгіме ішіне *ата, ана* деген сөздерді келтіріуге болады.

2) Сол сыйақты **к** дыбысына келгенде мектеб жайы әңгіме болуға орынды. осы сыйақты *қысқа сұрау, қысқа әңгіме мен оқытушы жаратылыс жайынан да, қоғам тұрмысы тұралы да толығырақ білім беріб отырыуы керек.* Бірақ білім баланың түсінігіне шағын, оңай болсын.

3) Бірте-бірте балаға салыстырыб айырмашылығын табарлық матерыйал беріле барсын. Мысал: *ұзын, қысқа, ұзынырақ, қысқарақ, бййк, ала-*

са, бййгірек, аласарақ, аз, көб, азырақ, көбірек, алыс, жақын, алысырақ, жақынырақ сыйақты.

4) Әр сабақта оқытыушы әдісін, жұмыс тұтын құбылтыб отырсын. Жаңа дыбысты анықтаб өзін айыт – бала естісін. Оны тағы балаға айытқыз – тілі жатықсын. Жазыб көрсет – көзі шалсын. балаға жаздыр – қолы дағдылансын. Ол әрібті қағаздан ойдыр. Шырпыдан жасат, саздан ійлет, плакатқа жаздыр – бала құрал ұстауға, іс істеуге жаттықсын.

5) Әліббеміздің әр жерінде есеб де бар. Ол есеб оқытыушыға тек жөн сілтейді. Бір әріб тұзындағы есеб бітпеді деп, келесі дыбысты оқытбай отырма. Санды да өз ауанымен оқыта бер. Сан ілгері кетсе, есеб үйретбей тағы қараб отырма.

6) Оқытыушы әліббенің құлы болмасын. Әліббедегі сөз өзгермейтін өлі сөз. сондықтан оқытыушы әліббені тек үлгіге алыб, кезінде балаға қызғылықты, тұрмысқа жақынырақ сөз алыб отырсын. *Оқытыушы әліббенің арқандаулы бұзауы болмасын, істің жаратыушы ұстасы болсын.*

7) Біз әрібтің жазба түрін 12 сабақтан соң көрсеттік. Бірақ жазба әрібті онан ерте йа кеш көрсетуі оқытыушының еркінде. Әйтсе де тым ерте көрсетудің пайдасы болмас. Үйіткені жазбаның балаға жазуы қыйын болады. *Жазба түрі көрсетілгенше бала әрібті басба түрімен жазады.*

**Баланың қолын жазуға жаттықтырыу.** Мектебке бастаб кіргеннен оқыу мен қатар балаға жазу керек. Жазуға дағдыландырғанда ең алды мен әріб, йа әрібтің бөлшек сызықтары үйретілмесін, бала өз еркі мен сүгірет салсын. Сүйтіб жазуға баланың қолы бірте-бірте жаттықсын. Бала текемет айналасындағы ійректі, орамал жійегіндегі дөңгелекті, бау, айақ қаб, шій, сандық тыс сыйақтылардағы оңай ойыуларды салыб дағдылансын. Жапырақ сыйақтыларды айнала сызсын, сүгіретін салсын. Сүгірет салдырғанда *балаға тік сызықтан гөрі дөңгелек, ійрек сызықтар оңайлығы есте болсын.*

Осылай сүгіреттен бастағанда: 1) баланың қолы қарындаш-қалам ұстауға жаттығады, 2) бала өзінше сүгірет салдым деб көңілденеді, іске ынтасын салады, іске ынталандыру істің жемісті болуына кепіл, 3) балалар мағынасыз, қызықсыз, тайақты жол толтырыб жаза беріуден құтылады.

Үлгіге біз әліббе басында осындай өрнектер көрсеттік. Оқытыушы онан басқа, баланың көз алдындағы нәрседегі өрнектерді салдырыуға ерікті.

Баланың қолы жаттығыб тез жеңіл қозғалғанда барыб әрібтің жазба түріне түсіріу жөн.

Ійрек сызықты ойыулардан соң көлбеу, қыйғаш, тік сызықты нәрселердің, үшкүл, төрткүл сыйақты нәрселерді сыздырыуға болады.

Нені салса, оны салсын, баланы тыйма, қайта қостаб қой. Сонда бала табқырлыққа дағдыланады, жұмысқа ынталы болады.

Осындай сүгіреттер екі жол арасына салынсын: соңыра бала жолға түзіу жазуға жаттығады.

Алғаш кезде, екі-үш айға шейін, бала сүгіретті де, басқа жазууды да қарындашпен қана тындырсын: сыйа ылас, қаламұш түртіншек болады. табылса сүгіретті бойлаулы қарындашбен салған да дұрыс.

Салған ійректерден құраб бір нәрседегі өрнек шығартыу есте болсын. Мысал: ійрек, қошқар мүйіз, дөңгелектен құраб текемет түрін шығаруы сыйақты.

Балаға сызығы көб, йа жолының арасы тар тетрат берме: баланың көзіне зыйан, жазыуға қолайсыз. Балаға арасы бір сантиметрден сызылған, қыйғаш сызығы жоқ тетрат бер. Әрібті о жол мен бұ жолға жеткізіб ірі жазғыз. Жаңа әліббеге осындай тетрат қолайлы. Мысал:

*ана, аға, ата, апа, жеңге.*

Бала алғашқы кезде басбаша, соңынан қолы жаттыға келе жазбаша жазады.

**Сабақ іреті.** Сабақ неден басталыб, немен тыныу іреті мынадай болады:

1) Әліббедегі сүгірет қаралады, йа сабаққа ылайықтаб оқытыушының өзі салыб әкелген сүгіреті қаралады.

2) Сүгірет жайында қысқа әңгіме болады: бұл баланың тілін ұстартыб, сабаққа әзірлеуге керек, мысалы сүгерет **АТА** болсын.

3) Оқытыушы тақтаға сүгіреттің атын жазады (*ата*).

4) Ол сөз оқылады.

5) Оқылған сөзді балалар дәбтеріне көшіреді.

6) Көшірген сөзін балалар әліббе кітабынан тауыб оқыйды, тағы басқа таныс сөздерін тауыб оқыйды.

7) Сүгірет жайынан балалар әңгіме айтады, ішіне әліббеде басылған сөзді кыстырады.

8) Жазылған сөзді бір бала тақтаға кесбе әліббеден құрайды.

9) Оны қалған балалар өз әліббесі айағындағы кесбе әліббесінен кесіб алыб құрайды.

10) Ол сөз бұуынға бөлінеді, балалар алдарындағы кесбе әліббеден құралған сөзінде бұуындайды.

11) Балалар әр бұуынды бөлек оқыйды.

12) Сөз ішіндегі таныс әрібтер-дыбыстар айрылады, таныс емес жаңа дыбыс-әріб бөлініб шыға келеді.

13) Жаңа дыбыс балалардың атының басынан (мысал: “а”-ны “а-дай” деген бала атының басынан табтырыб атау сыйақты), басқа таныс сөзден табтырыб, сол табқан сөздің сүгіретін салғызыб, астына бас әрібін жазғыззады.

Жаңа әріб көрсетілген сайын кімнің өз аты, кімнің әкесінің аты жаңа әріб-дыбыстан басталғаны ізделіб отырады, жаңа атының бас әрібі жазылыб отырады. Атының бас әрібі шықбаған балалар күнбе күн атымыз қашан шығады деб асығыб ынталаныб отырады. Баланың үйренген әрібі көбейген сайын атының таныс әрібтері жазыла береді (бұуын, бұуыннан да артық болыб). Таныс емес дыбыс келген жерге сызық койса болады (мысалы: “адай” орнына “ада” деб жазған сыйақты).

14. Жаңа дыбысы бар бұуын бөлінеді, ол бұуын әліббе айағындағы бөлек көрсетілген бұуындардан кесіб алынады.

15. Жаңа бұуын жардағы қағазға жабсырылады.

16. Кесбе әліббеден сөз құралыб жазылады: оны балалар кесбе әліббесінен құраб тетратына көшіреді.

**Імлаға үйретіу.** Балаға імлә үйретіу жайы былай болады: балаға таныс емес сөзді жаздырыу керек емес. Баланың тетратына жазылатын сөздер йа тақтаға, йа кесбе әліббе мен дұрыс жазылған болсын. балаға қата жазылған сөз көрсетілмесін. Анық айтылған, анық жазылған, анық оқылған сөздер ғана тетратқа, плакатқа, сүгірет астына жазылсын. Імлә үйреніу үшін кітабтан көшірткен де теріс емес.

**Бұуын ойыны.** Әліббе айағында кесбе бұуын берілген. Оқылған бұуын кесіп алынып, бұуыннан балалар сөз құрастырып ойнайды. Онан соң оқылған бұуын ірі жазылып керегеге үлкен ақ қағазға бірінің астына бірі жабысырылып отырады. Сабақ арасындағы дем алыста балалар жардағы бұуынды табысып ойнайды. Ойнау іреті былай: *бала* деген сөздің алдыңғы бұуынын таб. Табқан бала айтқан балаға жұмбақ айтады: *қала* деген сөздің алдыңғы бұуынын таб. *Қаланы қола* қылып шығар. Онан әрі де осы ірет бен ойнала береді. Бірақ бұуын ойынына салынып, басқа жұмысқа кесел болмасын.

**Кесбе әліббе.** Адам баласы әлі күнге шейін кесбе әліббеден артық балаға қат танытатын құрал табқан жоқ. Кесбе әліббе тұрған жерде жақсы оқытушыға кітабша әліббенің керегі жоқ. Кесбе әліббе мектебте төрден орын алып, көп ұсталыу керек. Біздің қазақтың надан мұғалімдері кесбе әліббені кесбестен табағымен йа жарға іліп қойады, йа жасырып қойады!

Кесбе әліббеден бала бұуынмен сөз құрайды – мұның өзі жазыу, тек әзір әріббен жазыу. Бала күнде кесбе әрібтен сөз, бұуын құрап отырыу керек.

Сонда бала әрі жазыуға үйренеді, әрі оқыуға дағдыланады, әрі табқырлыққа жаттығады, әрі бұуын мен дыбысты айрып құнығады.

Жаңа әліббе мен екі кесбе басылып: бірі қатты қарта басатын қағазға алыстан көрінерлік ірі әріббен өз алдына бөлек басылып отыр; мұның нарқы 12 тыйын. Мұны әлі келсе әр бала сатып алсын, қолында ұстасын. Бала қолында болса да, болмаса да бұл кесбе әліббені мектеб 3-4-ден ұстасын. Бөтен бір нәрсесін қойа тұрса да, мектеб кесбе әліббе алсын. Енді бір кесбе әліббе “жаңалықтың” айағында. Керегінше кесіп алып балалар мұнан сөз, бұуын құрап отырыу керек. Бұл әліббе жұқарақ қағазға басылған, жаңа әрібі де ұғағырақ. Кітаб соңындағы кесбе әліббемен балалар парталарының үстінде отырып сөз құрайды: қатты қағазға қатырып алып, қарташа үлесіп алысып, әркім шыққан әрібінен сөз құрап та ойнасады.

Үлкен кесбе әліббені ұстай біліу керек. Әліббе балаға тегіс көрінетін жерде тұрсын. Оның ұшыын бір неше газетті біріктіріп желімдейді. Ол желімделген газеттердің жийегіне қатты қағаз тығылады. Осы қатты қағазға тағы қатты қағаздан 20 шақты тайыз қалталар тігіледі. Сол қалталарға көріндіріп әрібтер қойылады. Әр қалтаға әр әріб салынады. Бұл қалталар йа жарға ілінеді, йа тақта қасына ілінеді. Демалыс кезінде балалар мұнан сөз, бұуын құрап ойнайды.

Мұндай қалтаға салыудың орнына кесбе әрібтерді жәшікке салса тіпті жақсы. Онда жәшік бұлай істеледі: бір жәшік ішінде әріб басына бір ұйа істеледі. Ұйаның табаны бірінен бірі бийік басқыштанып тұрады. Ұйа арасындағы тақтайлар әрібтен аласарақ болады: ішіне салған әріб көрініп тұрады.

**Ауа календері.** Әліббенің әр жерінде ауа календері бар. Бірақ ауаны бақылатыу бала мектебке кірген күннен басталыу керек. Алғаш кезден баланы ауаның шартты таңбаларын дұрыс салыуға үйретіу керек. Шартты таңбалар “жаңалықта” көрсетілген. бірақ алдыңғы кезде балалар тек жауынды, бұлтты, ыстық-сұуықты, желді ғана таңбалап байқап отырса болады. Мектебтен шыққанша бала ауаны бақылауын қоймасын. Қысқа қарай, әрйіне, айаз, қар, мұздақ сыйақтыларды да бақылау керек. Бара-бара 10 декабыр, 15 дек., деген сыйақты жазыулар араласады. Рим сыйпырын

үйренген соң айды 20/і, 2/і сыйақты жазуға үйретіу керек. Ауа календерін жасап отырыуға тетраттың жоғарғы бұрышында арнаулы орын болсын.

Тетраттан басқа, керегеге іліулі жалпы календер болсын. бұған да балалар кезектесіп ауа жайын таңбалап отырсын.

**Әліббедегі лото ойыны.** Әліббенің әр жерінде *лото ойыны* дегендер бар. Лотодағы сүгіретті екі түрлі ойнауға болады:

1) Балалар кітабтан сүгіреттен кесіп алып қаргаша үлестіреді. Кімге қай сүгірет шықса, сол сүгіреттің атын жазады, сүгірет жайында әңгіме айтады, жана сол сүгіретті тетратына салады.

2) Яа пәлен сүгірет шыққан бала пәлен істейді деб, ұпай салысыб ойнайды. Сүгірет жоқ лотоны ойнағанда да солай болады.

## а

**Үлгі сабақтар.** **а** дыбысымен таныстыруу үшін оқытыушы мынадай әңгіме айтады:

– Адай деген кішкене бала оқыуға келібі. Оқытыушы адайдан атың кім? деб сұрабты. Адай сасыб қалыбты, атын айтыу орнына **а** дебті. оқытыушы атың кім? деб тағы сұрабты. адай тағы **а** дебті. Осы әңгімені әр балаға қайтарыб айытқызады. **а**-ға зейін салыб, а-ны анық айытқызады.

– Балалар, мен адайша **а** дейін, сендер менің ауызым қалай ашылғанын қарандар? Оқытыушы **а** деб, ауызын **а** айытқанда ашыб тұрады.

– **а** дегенде ауызымды қалай аштым, тілімді не кылдым? Енді өздерің менің ауызымдай қылыб ауыздарыңды ашыб **а** деңдер.

Балалар а-ны дұрыс айтыб, ауызын дұрыс ашыб болған соң, оқытыушы “жаңалықты” ашыб, кітаб басында **а** деб ауызын ашыб тұрған баланың сүгіретін көрсетеді де сұрайды:

– Мына адай ауызын не деб ашыб тұр?

– **а** деб ашыб тұр. оқытыушы теріс қараб **а** дейді де сұрайды:

– Не есітіндер?

– **а** есіттік?

– Немен **а** есітіндер?

– Құлағымызбен **а** есіттік.

Сол жерде оқытыушы құлақ бен есіткенді дыбыс деб айтады деб түсіндіреді. енді оқытыушы балаларға қараб **а** дейді. Сонан соң **а** дегенде ауызымды не кылдым деб сұрайды. Балалар ауызыңды аштың деб жауап береді.

Оны қайдан білдің? – көрдік. Балалардың да **а** деб ауызын ашқызады да, **а** ны естіуге де, айтыуға да болады деб түсіндіреді. Сонан соң кітаптағы сүгіретті ашыб, не көресіндер деб сұрайды. Балалар **а** деб тұрған адайды көреміз дейді. Оны қайдан білдіңдер? – сүгіреттен көреміз.

Оқытыушы:

– А-ны естіуге де болады, айтыуға да болады, **а** ны айытқан баланың сүгіретін көріуге де болады. А-ны жазуға да болады. Мен мына қара тақтаға **а** деб жазайын. Оқытыушы балаларға қолының қалай жүргенін көрсетіп тұрыб, **а** ның тасқа басқан таңбасын салады. Балаларға тақтадан **а** деб оқытады.

- **а** деб тетраттарыңа жазыңдар.
- **а** деб екі жол арасына жеткізіб, үлкен қылыб жазады.
- Не жаздыңдар. оқыңдар!
- **а а а а**
- Мынау не? (оқытушы кесілген **а** ны көрсетеді).
- **а**
- Мұнда келіб, мына жәшік ішінен **а**-ны кім табады?
- Балалар шығып жәшіктегі кеспе әліббеден **а**-ны тауыб, көрсетіб жана оқыйды.
- Балалар, кітабтарың соңындағы бетті ашыб **а**-ны табыңдар (балалар “жаңалық” соңындағы кесбе әліббеден **а**-ны табады, оқыйды.)
- Балалар, сол **а**-ны кесіб алыб шырпының қабына салыб қойыңдар (балалар істейді).
- Балалар, кітабтарыңды ашыб, адайдың астына қарандар, не деген жазыу бар?
- **а.**
- Адай (оқытушы алдыңғы **а**-ны созыб айтады).
- Адай алдында не естійсіңдер?
- **а** естійміз.
- Балалар, өз аттарыңды атаңдар, кімнің атының басында **а** бар?
- Ағаш аты **а**-ға басталады. (**а**-ға аты басталған балалар менің атым **а**-ға басталады деб табысады).
- **а**-ға аты басталған балалар аттарың басын жазыңдар. балалар **а** деб жазады. Енді әкелерінің аты **а**-ға бастала ма, соны табтырыб жаздырады (өзі, йа әкесі аты **а**-ға басталған балалар құуаныб қалады. **а** шықбаған балалар, біздің бас әрібіміз қашан шығады деб күтіб ынталаныб отырады). Манағы кесбе әліббеде көрсетілген **а** жарға іліб қойылады. Осымен бір күнгі сабақ бітеді.

## а н а.

Келер күні оқытушы **а**-ны балаларға көрсетіб, оқытыб болыб, бұлай сабақ бастайды:

Балаларға “жаңалықтағы” баласын ұстаб отырған анасының сүгіретін көрсетеді. Сүгірет жайынан қысқа әңгіме қылыб, баласын ұстаб отырған ана екенін түсіндіреді. Сонан соң ана кім екені түсіндіріледі. Енді балалардың қайсысының анасы барлығы сұралады; аналарының аттары аталады (бұл баланың үй ішімен танысыуға керек. Сабақты бала, мектеб, үй іші деген комплекске келтіріу үшін керек). Сонан соң оқытыушы **ана** деген сөзге тоқтайды. **Ана** деген сөзді ашыб созыб айтады, сүгіретін көріуге болатынын да айтады. Қара тақтаға басба әріббен ірі қылыб, балаларға көрсетіб тұрыб, ана деб жазады. Балалар **ана** деб оқыйды. Оқығанын тетратына көшіреді. Көшіргенін балалар оқыйды.

Енді оқытушы созыб, бұуын ашыб, **а-на** дейді де балалардан сұрайды:

- **а-на**, алдында не естіледі?
- **а** естіледі.
- **ана** (соңғы **а**-ны созыб) ең соңында не естіледі?
- Соңында да **а** естіледі.

– Мына тақтадағы ана деген жазыу басындағы **а**-ны көрсетіндер! (балалар көрсетеді).

– Айағындағы **а**-ны көрсетіндер! (балалар көрсетеді).

– Ана дегенде неше **а** бар? – (екі **а** бар).

– Қай жерінде? (басында, айағында).

– **ана** екі **а** ортасында не естіледі?

– **Н** естіледі (балалар **ЫН, НЫ, НЕ** естийміз деуге де мүмкін. Онда оқытушы таза **Н** айтқызам деб әуреленбесін: бәрібір **Н** дауысты дауыс қосылмай таза айтылмайды. Қысқасы қай дауыссыз дыбыс болса да йа алдына, йа артына дауысты дыбыс қойылмай таза айтуға келмейді. Сондықтан әңгіме баланың дауыссыз дыбысты таза айтуында емес, сөз йа бұуын ішінде басқа дыбыс арасында тұрғанда есіте ғана біліуінде. Солай болғансын, қазақ дыбысының ыңғайына қарағанда **НЫ, НЕ** ден, **ЫН** дегені көбірек айтқызыу жөнiрек болар. Бірақ бұл шарт емес. Дұрысы дауыссыз дыбысты дауысты дыбыспен бұуын ішінде тұрғанда естірте біліу).

Онан соң оқытушы тақтадағы ана ішіндегі **Н** жазыуын көрсетеді. Мұнан соң балалар жәшіктегі кесбе әліббеден **Н** табады; артынын балалар “жаңалықтағы” кесбе әліббеден **Н** тауыб ойыб алады. Енді кесбе әліббеден тақтаға ана деген сөз құралады да оқылады. “Жаңалық” айағындағы кесбе әліббеден де балалар ана құрастырыб оқыйды. Мұнымен сабақтың алдыңғы бөлімі бітіб, енді бұуын айыртыб басталады.

Оқытушы **а - На** деб бөліб, ашық созыб айтады да, балалардан неше бөлдің деб сұрайды. Балалар екі бөлдік дейді.

– Әуелгі бөлім не?

– **а**.

– Соңғы бөлім не?

– **на**.

– Әуелгі бөлімді сен айт! Соңғы бөлімді сен айт! (балалар айтады). мұнан соң оқытушы **бөлім** орнына **бұуын** деу де болатынын түсіндіреді.

– **а** неше дыбыс? – бір дыбыс.

– на неше дыбыс? – екі дыбыс.

– Қандай, қандай? – на.

Енді на бұуыны кешегі **а** қасына жарға ілінеді.

Мұнан соң кімнің аты на-мен басталатыны ізделеді (на–*зыйма, на-зым, на – рымбет* сыйақты). Аты на-мен басталған балалар атының бас бұуынын жазады, кесбе әрібтен құрайды.

енді “жаңалық” ашылыб, онан:

**ана, а-на.**

**аңа, а, ана!**

**а!** деген сөздер оқылады. Мұнда а-на бұуынға бөлінгенде, бұуын арасына сызық қойылатыны түсіндіріледі. ана, а, ана!– дауыстаб шақырыу екені. **а!** жауаб беріу екені айтылады.

Осымен бүгінгі сабақ бітеді. Әрі тағы оқытам десе, **ана**-да 3 әріб екенін санатып білдіріп, 3 сыйпырын жаздыруға болады. Үш нокат, мәсі сыйақты нәрселердің сүгіретін салғызып, астына 3 деб жазғызыуға болады.

## мама.

Кеше жарға ілінген **а на** аңғартылған соң, әуелі балаларға “жаңалықтағы” баласын емізіб отырған әйелдің сүгіреті көрсетіледі. Сүгірет жайынан қысқаша мынадай әңгіме болады:

– Сүгіретте не салынған? – анасы баласын емізіб отыр.

– Сендердің аналарың бар ма? – бар.

– Кішкене бөпелерің бар ма? – бар.

– Бөпелерің емшек емгісі келгенде не деб сұрайды? – **Мама** деб сұрайды. сүгіреттегі ананың **Мама**сын көрсетіңдер! – балалар көрсетеді.

**Мама**-ның сүгіретін көрмек түгел жазылады (оқытыушы басба әріб-бен тақтаға **Мама** деб жазады).

Оқытыушы өзі бұуындарын басыб оқыб береді. Мұнан соң балалар оқыб (басыб оқыйды), **Мама**-ны тақтадан тетрагына көшіреді. көшіріб болыб тетрагынан оқыйды. Енді **мама** бұуынға бөлінеді:

– **Ма-ма** (ашыб, бөліб айтылады) неше бұуын? – екі бұуын?

– Әуелгі бұуын қандай? – **Ма**.

– Соңғы бұуын қандай? – **ма**.

– **Ма** таныс дыбыстарың қандай? – **а**.

– **Ма** таныс емес дыбыстарың қандай? – **М**. Сүйтіб екінші бұуындағы дыбыстар да айрылады.

– Тақтадағы **мама**-дан таныс әрібтеріңді көрсетіңдер? – балалар **а** көрсетеді.

– Таныс емес әрібтеріңді көрсетіңдер! – балалар **м** көрсетеді.

– Ол не деген әріб! – **М**.

– **М**-ды мына жәшіктегі кесбе әрібтен кім табады? – балалар табады. енді кесбе әрібтен балалар тақтаға **мама** құрайды, оқыйды, “жаңалықтағы” кесбе бұуын мен әрібтен парталарында отырыб **мама** құрайды. **Ма** деген бұуынды керегеге іледі (*мама* деген сөзді тұтас ілсе де болады).

Енді балалар атының басынан **ма** ізделеді (*ма-нар, ма-нас, ма-қат* сыйақты). Аты **ма**-ға басталған балалар, атының бас бұуынын жазады. Балалар аты **ма**-мен басталмаса үй ішінің атынан, йа нәрсе атынан ізделеді (*ма-са, ма-л*). Аты **ма**-мен басталған нәрсенің сүгіретін үйде салыб, астына атының бас бұуынын жазыу табсырылады.

енді оқытыушы тақтаға **мана, анама, нан** деген сөздер жазады, өзі оқыб береді, балалар оқыйды, тетраттарына көшіріб жазады, тағы оқыйды. Мұнан соң балалар бұл сөздерді тақтаға кесбе әрібтен құрайды, құрағанын оқыйды: оқыб болыб өз партасында отырыб “жаңалық” айағындағы кесбе бұуын мен әрібтерді кесіб алыб әлгі сөздерді құрайды.

Мұнан соң “жаңалықтағы”: **мама, мама, мана, мама, а мама! а ! анама нан** деген сөздер оқылады. Бұл сөздер алдында жазылды, оқылды, құралды. сондықтан балалар ежіктемей, бірден кітапты жүгіртіп оқыйды. Қашанда болса баланы әр әріпті жеке ежіктетпей, бұуын-бұуынды тұтас оқытып үйретіу керек.

әлгі сөздерді оқытқанда, **Ма ма, а. мама! а ! анама нан** дегенде анасы мен баласы арасындағы нан сұраған сөз екені көрініп тұрсын.

осымен бүгінгі сабақ бітеді. Тағы оқытқысы келсе **мама**-дағы әріпті санатып, 4 сыйпырын жазыуға үйретеді. Онан соң ат, арба сыйақты нәр-сенің сүгіретін салғызып, ат айағының, тегермешінің астына 4 жазғызып үйретеді.

## ата ат.

Өткен сабақтар еске түсіріледі. жарға іліулі таныс бұуындар көрсетіледі. мұнан соң жаңа сабақ бұлай басталады:

Балаларға “жаңалықтағы” шал мен аттың сүгіреттері көрсетіледі. Сүгірет жайында мынадай қысқа әңгіме болады:

- Сүгіретте кімді көресіңдер? – шалды.
- Шал адамды не дейсіңдер? – ата.
- Кімнің атасы бар? – менің атам бар.
- Үйінде тағы кім бар? – әкем, ағам, әжем, апам, қарындасым, жеңешем.
- Сен үй адамдарыңды ата? – балалар атайды.
- Атаның сүгіретін көресіңдер. Енді мен **АТА** жазып көрсетейін.
- Не деген сөз жаздым, оқыңдар! – ата.
- **АТА** ны тетраптарыңа көшіріңдер. – балалар көшіреді.
- Не жазғандарыңды оқыңдар! – балалар оқыйды.
- а-та басында не естіледі? – **а**.
- а-ны мына тақтадағы **АТА** дан көрсетіңдер! – балалар көрсетеді.
- а-та айағында не естіледі? – **а**.
- соңғы а-ны тақтадағы ата-дан көрсетіңдер! – балалар көрсетеді.
- **а- ата -а** таныс емес дыбыстарың бар ма? – бар.
- Қандай? – **Т**.
- Т-ны тақтадан көрсетіңдер! – балалар көрсетеді.
- Т-ны мына жәшіктегі кесбе әріб ішінен кім табады? – балалар шығыб табады.
- Ата-ны кесбе әрібтен кім құрайды? – балалар шығыб құрайды; оқыйды.
- Енді **АТА** дегенді әліббе айағындағы кесбе әріб-бұуыннан кесіп алыб жасандар! – балалар жасайды; жасағанын оқыйды.
- А-та неше бұуын? – екі бұуын.
- Әуелгі бұуын қандай? – **а**.
- Соңғы бұуын қандай? – та.
- Сен әуелгі бұуынды айт? Сен соңғы бұуынды айт!
- Кім ата-ны бұуынға бөліб жазады? – біреуі шығыб жазады.
- Кімнің аты та-мен басталады? (*та-ңат, та-ғай, та-бай*).
- Аты та-мен басталғандарың, атының бас бұуынын жазсын! – жазады.
- Қандай нәрсенің аты та-мен басталады? – *та-рақ, та-ры, та-ға, та-ба*.
- Осы нәрселердің сүгіретін салыңдар, астына атының бас бұуынын (та) жазыңдар. – балалар істейді. Енді т-ды сөз айағынан табырады:

- Мына сүгіретте не көресіңдер? – ат.  
– Ат дегенде басында не естіледі? – **а**.  
– Айағында не естіледі? – **т**.  
– Кім ат деген сөзді тақтаға жаза алады? – біреу шығыб жазады, балалар оқыйды, тетраттарына көшіреді, тағы оқыйды, кесбе әліббеден құрайды, оны да оқыйды.  
Енді балалар атының, сөздердің айағынан т іздеб табады (*қа-т, о-т, со-т* сыйақты).  
Енді оқытыушы тақтаға кесбе әрібтен ат, атама, мата, анама деген сөздерді құраб оқытады. Ол сөздердің орынын алмастырыб (*атама, ат*) оқытады, қағаздарына жазғызады.  
Мұның бәрін істеп болған соң та деген бұуынды жарға қадайды. ең соңынан кітабты ашыб, ішіндегі сөздер оқылады.

ала ат, тал.

Өткен сабақтардағы дыбыстар мен олардың таңбаларын балалар қандай есте тұтқанын байқаған соң, жаңа сабақ басталады. Сабақ жүріу іреті Алдыңғы сабақтардай болады.

Алдымен “жаңалықтағы” ала аттың сүгіреті көрсетіледі. Балалар бұл ала аттың сүгіреті дейді. Онан соң балалар жылқының түсін айрысады (*көк, сұр, боз, торы, қара...*). Балалар үйлеріндегі жылқыларының түсін айтысады, қағасын оқытыушы түзеп отырады. Онан соң кийімдерінің, кіластағы нәрселердің түсін айырады. Оның ішінен ала шапан, ала көйлек, ала бөрік шығады. Мал түсін айытқанда ала сыйыр, ала өгіз, ала тай, ала ат табылады.

Енді оқытыушы ала ат деб тақтаға басба әріббен жазады.

- Балалар, мен ала ат деб жаздым, осында танийтын сөздерің бар ма?  
– Бар.  
– Ат деген сөзді көрсет? – көрсетеді.  
– Ала деген сөз қайсы болар? – мынау.  
– А-ла, басында не естіледі? – а.  
– **а** ны көрсет! – балалар көрсетеді.  
– Ала айағында не естіледі?  
– А.  
– Айағындағы а-ны көрсет! – көрсетеді.  
– Ала екі **а** арасында не естіледі? – л.  
– Ала ат, тақтадан көшіріб жазыңдар! – балалар жазады.  
– Ала ат, кесбе әрібтен құрастырыңдар! – бір бала тақтаға, өзгелері оқыб парталарында “жаңалықтағы” кесбе әріб бұуындардан ойыб алыб құрайды.  
– А-ла, неше бұуын? – екі бұуын.  
– Алдыңғысы қандай бұуын? – а.  
– Соңғысы қандай бұуын? – ла.  
– Кесбе әрібтен екі бөліб қараңдар! Балалар бұуындаб құрайды да, бұуындаб оқыйды.  
– Ла деген бұуын кімнің атында бар? – балалар іздеб табысады.  
(*қа- ла –бай, ма-ла –бай...*) ла-ны нәрсе атынан іздеб табысады.  
Тал, мал деген сөздер де осы сыйақты көрсетіледі, жаздырылады, оқылады, кесбе әрібтен құралады ла бұуыны жарға жабсырылады. Демалыс кезінде балалар жардағы бұуындарды табысыб, жаңа сөз құрасыб ойнайды (а-ла, ма-на, ма-ма...).

Сонан соң балалар “жаңалықтағы” оқыуға кіріседі. Оқығанда ежіктет-бей, бұуындаб оқыту керек.

\*\*\*

Мұнан әрі де жаңа дыбыс бен әріб таныту жоғарғыша болады. Бірақ жаңа сүгірет, жаңа әріб, жаңа дыбыс жайында әңгіме болғанда екі нәрсе есте болсын: 1) әңгіме 5 мийнеттен артық созылмасын. 2) әңгіме програмыдағы комплекске жанассын. Мәселен соқа жайында әңгіме қылғанда егіншілік жайынан, ел не астық салып, қанша біткені, қашан сеуіп, қашан пісіп органы әңгіме болады.

Мектеб жайынан сөз болғанда, мектебке балалар не үшін келді, мектеб тәртібі, сыйақты програмға жататын нәрселер әңгіме болады. Балалар он шақты әріб таныған соң-ақ, бір-біріне шолақ қат жаза берсін. Мысалы: *асан, қалам ал.* мұнда тек 6 әріб бар. Сонда да қат болды.

Күнбе күн балалар өз аттарын, әке-шеше, тұғандарының аттарын жазып үйрене берсін. Сүгіреті салынатын нәрсенің сүгіретінің астына атын жазсын. Аттары тегіс жазылмаса бас әрібімен, йа бас бұуынымен, болмаса орта әріб, орта бұуынымен жазсын. Білген жерін әріббен жазып, білмеген жеріне сыздық қойсын. Мысал: абай-ды аба-деб, тары-ны та –, құнанды – нан деб жазу сыйақты. Әріб бен дыбысты молырақ үйренген сайын балалар нәрсе атын түгел жаза бастасын.

Дыбысты әуелі көбке шейін ауызбен айыртыу бар. Бұрынғы Ақаңның “әліббе астарында” солай еді. Біз дыбысты айрытқанда ауыз екі айырыу ұзақ болмасын дейміз. Дыбыс айрыу, жазу оқыумен қабат жүрсін, жазғызбай, оқытбай, әрібті көрсетпей ұзақ мезгіл ауызбен дыбыс айрытыу балаларға дерексіз болып кетуі қауіпі бар. Бұуын-дыбыс айыртыу (әріпке оқытып, жаздырып) қыс бойы созылады.

Үйренген әріб-дыбыстарынан балалар плакат жазып отырсын. Мысал: *таза жүр* сыйақты.

\*\*\*

Әліббе соңында балаларға ұуақ әңгімелер берілген. Бұл әңгімелер айағында балаларға жеңіл жұмыстар берілген. Сол жұмыстарды орындаб отырыу керек. Әңгіме оқытқанда:

- 1) Әуелі дұрыстаб оқытушының өзі оқып шығады.
- 2) Мұнан соң балалар оқыйды.
- 3) Бала басы бір сөзден оқып, әңгімені бұтарламасын; ұзағырақ оқысын, сонда бала дұрыс оқыуға төселеді.
- 4) Балаларға таныс емес сөздер мақала оқылмастан бұрын түсіндірілсін.
- 5) Оқылған әңгімедегі ана тілінің заңдарына зейін салынсын.

Мысал:

– *Сал, сал білек, сал, білек.*

– *Балдан тәтті бал, білек* – деген оқылса айағының ұқсас бұуында-рының асты сыздырылсын.

тағы бір өлең оқылғанда әр жолы неше бұуын екені санатылсын.

тағы бір мақала оқылғанда қара сөз бен өлең сөздің айырмашығы та-бтырылсын.

онан әрі қазақ өлеңдері жолында неше бұуыннан болатыны байқатылсын.

- 6) Әңгіме оқылып болған соң айағындағы жұмыстар істелсін.

**МАЗМЫНЫ:**

	беті
Әліббе мазмұны .....	3
Әліббе әдісі .....	-
Оқытушылардың міндеті .....	5
Баланың қолын жазуға жаттықтыру .....	7
Сабақ іреті .....	9
Імләға үйретіу .....	12
Бұуын ойыны .....	-
Кесбе әліббе .....	13
Ауа календері .....	15
Әліббедегі лото ойыны .....	-
Үлгі сабақтар .....	16

## ТҮСІНІК

Телжан Шонанұлының бес томдық шығармалар жинағына еніп отырған «**Үлкендер үшін қазақ тілінің оқулығы**» 1934 жылы Қызылордада 50000 тиражбен басылып шыққан. Өндіріске сол жылдың 17 қарашасында тапсырылып, 29 қарашада қол қойылған. Қазақстан қалық ағартуу комиссариатынан қолдау тапқан кітаптың жауапты редакторлары – Сейіл Жиенбаев пен Сәйділ Талжанов.

**Шонан ұлы мен Голәқабыскайа А. «Емла мен оқуу»** атты еңбегі 1934 жылы Қызылорданың «Қазағыстан» баспасында жарық көрген. Еңбек 1934 жылдың 1 тамызында баспаға ұсынылып, 17 қыркүйегінде 3000 данамен басылып шыққан. Кітапта Қазағыстан педагогикалық институты 1933 жылғы сәуірінде ұйымдастырған тексеру (экспедиция) нәтижесі сипатталған. Тексеру (экспедиция) Жаңа Семейдің № 16 мектебі, Затон мектебі, Ақжал мектебі, Жарма мектебі, Шәуілді мектебі, Түркістан мектебі, Абат мектептерінде болып, қазақ тілінің оқытылу деңгейін зерттеген, ондағы оқудың жалпы сипатын, жазу, жылдам жазу, көшіру, дауыстап оқу, іштен түсініп оқу сипатын тексерген, оқу барысында орын алған кемшіліктерді көрсеткен. 1929 жылғы 2-4 июнь аралығында Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда қабылданған емле қаулысын негізге ала отырып, оқушылардың сауаттылық деңгейін тексерген. Халық ағарту комиссариатының 1933 жылғы бағдарламасын басшылыққа ала отырып, үш түрлі тест дайындап, соның негізінде жалпы сипат алған кемшіліктерді көрсетіп, оларды жою жолдарын көрсеткен. Қазақстан Халық ағарту комиссариаты қабылдаған еңбектің жауапты редакторы – Баймақанұлы. Еңбек екі тараудан құралған: «Қазақ мектептерінде емла жайы» атты бірінші тарауды Т.Шонанов жазса, «1-басқыш қазақ мектептерінде оқып төселуу жағдайы» атты екінші тарауды А.Голяковская жазып, Сәйділ Талжанов қазақ тіліне аударған.

Телжан Шонанұлының «**Қазақ тілі. Грамматика мен емле**» деп аталатын Қазақстан Халық ағарту комиссариаты қабылдаған оқулығы 1936 жылы Қызылордада, «Қазағыстан» баспасында жарық көрген. Қолдарыңызға кітаптың 3-басылымы ұсынылып отыр. Кітап бастауыш мектептің 3-4-сыныптарына арналған. Үшінші жылында Сөйлемдегі сөздердің байланысы, зат есім, жалпы және жалқы зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, оның түрлері, сөйлем түрлері, түбір мен қосымша, демеу сөздер, үндестік заңы т.с.с. түсінік берілсе, 4-жылында сөйлем түрлері, сөйлем мүшелері, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер, қаратпа сөз, қыстырма сөз, төл сөз бен автор сөзі, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер, тыныс белгілер қамтылған. Еңбек А.Байтұрсынұлы еңбектеріне тыйым салынған кезде шығуына байланысты сол кездегі саясаттың ықпалымен терминдерді өзгертуге деген талпыныстар жасалғаны байқалады (*бір дүкес сөз, дәнекер жалғау, аңызды сөйлем* т.с.с.). Алайда А.Байтұрсынұлы оқулықтарында қолданылған негізгі терминдер сол күйінде қолданылған.

Қазағыстан білім кеңесінің I басқыш мектепте қолдануға рұқсат еткен Телжан Шонанұлының «**Жаналық**» атты әліппе кітабы 1931 жылы «Қазағыстан» баспасында жарық көрді. Кітап 1928, 1929, 1930 жылдары бірнеше рет басылып шыққан. Қолдарыңызға кітаптың VI басылымы ұсынылып отыр. 1929 жылы қазақ жазуы латын графикасына көшіріліп (бұл мәселе алғаш рет 1924 жылғы білімпаздар съезінде сөз болады), жаңа жазуға көз жаттықтыру, қол үйрету, жаңа жазуға дағдыландыру, төселдіру қажет болғандықтан әрі 1929

жылғы емле конференциясының қаулысына сәйкес емледе көптеген өзгеріс болуына байланысты әліппе қоғам сұранысы бойынша жазылған.

Әліппе ХХ ғасырдың басында жиі қолданылған әдістің бірі – тұтас сөз әдісімен жазылған. Дидактиканың «жеңілден – қиынға, түсініктіден – түсініксізге» принципі басшылыққа алынып, балалардың жазуына, оқуына жеңіл болуына ерекше мән берілген. Қиындығына қарай бастапқыда бір буынды сөз (*a*), онан соң екі буынды сөз (*a-na*), соңынан үш буынды сөз (*a-na-ma*), кейін көп буынды сөздер оқытылған. Соған сәйкес әуелі екі дыбысты ашық буын (дауысты дыбыс буын соңында *a-na*), сонан соң екі дыбысты бітеу буын (*am*), онан соң ортасы дауысты буын (*nan, mal*), соңынан төрт дыбысты буын (*қарт, төрт*) оқытылған. Әліппеге енген материалдар (лексикалық минимум) да сол ұстанымды негізге алған: *үй іші, мектеп, мектеп тәртібі, күзгі жұмыс пен жаратылыс, қысқа қамдану, қыс басы*. Кітап соңында кеспе әліппе берілген.

Әліппе кітабы атына заты сай қазақ мектебі үшін, оқытушылар үшін жаңа, тың дүние болғандықтан, оның әдіс-тәсілдерін мұғалімдерге де үйрету қажет болғандықтан, «**Жаналыққа жетекші**» атты нұсқаулық жазылған. Кітапты қазақ жаңа әліппе кіндік комитеті бастырып, 1929 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазағыстан» баспасынан жарық көрген.

Латын әліпбиіне көшкеннен кейін туындаған күрделі мәселенің бірі – бас әріп мәселесі еді. Ондай мақалалардың қатарына: «Бас әріпті былай алайық» (1929, 26 қараша); «Бас әріп туралы айтыс» (1929, 2 желтоқсан); Ш.Тоқжігітов «Бас әріптің керегі жоқ» (1929, 2 желтоқсан); «Бас әріп керек» (1930, 4 ақпан); «Бас әріп керек пе, жоқ па?» т.б. жатқызуға болады. Бұл мәселеге әсіресе оқытушылар белсене үн қосқаны байқалады. Олар негізінен әдістемелік жағын жақсылап тексеруді, яғни «бас әріп, кіші әріпті жеке-жеке оқыту керек пе, жоқ әлде бас және кіші әріптерді бірге оқыту керек пе?» деген сауалдарға қатысты өз пікірлерін ортаға салды.

Кітапта сол кездегі емледегі өзгерістер айқын көрініс тапқан. Жуан-жіңішке дыбыстардың біркелкі таңбаланып, дәйекші арқылы ажыратылуы, бас әріптің болмауы, **у, и** дыбыстарының таңбалануындағы ерекшеліктер т.с.с. қазіргі кезде емле, орфография мәселелерімен айналысушы зерттеушілер үшін, ХХ ғасырдың басындағы терминдердің игерілуі, жалпы сол кезеңдегі тіл біліміндегі дау-таластарды, жазу алмастыруға байланысты туындаған қиыншылықтармен танысқысы келген ғалымдар үшін, жалпы көпшілік үшін бірден-бір дереккөз бола алады. Сондықтан сол кездегі ұстанымдарды өзгертпестен, түпнұсқа күйінде беруге тырыстық.

Араб жазуында бас әріп, кіші әріп, әріптің баспа түрі, жазба түрі дегендер жоқ, әріптердің сөз соңындағы таңбалануына қарап, сөздің бас-аяғы көрініп тұратын. Бастапқыда латын жазуын қолайлы етіп көрсету үшін әріптердің баспа түрі мен жазба түрі, бас әріп пен кіші әріптер көрсетілмеді. Оқуда да, жазуда да, жазуға төселіп, дағдылануда да көп қиындық келтіретіндіктен, сөз басында да, жалқы зат есімдерді таңбалауда да бас әріп қолданылмады. Бұл тіл үйретуде көп қиындық тудырды. Соған байланысты бас әріп мәселесі көп дау-таластарға негіз болды. Зерттеушілердің бір тобы «бас әріп керек» десе, енді бірі «бас әріп керек емес» деген пікірде болды. С.Әміржан «Бас әріп не үшін керек?» деген мақаласында: «Бас әріп – оқудың кілтті жеке кісі әріптер болса, адамның көзін жетектейтін тізгін, жазғанды тез аңғаруына бастайтын ірі таңба – үлкен әріптер. Бетпақтың шөліндей тірі жансыз құм далادا адасқан адам тәрізді – бас әріпсіз жазуда да адам көзін алып жүре

алмақ емес. Екіншіден, оқу-жазудың, психологиялық негізі бойынша қалыпты оқу, безендіріп оқу, сөздің мәнісіне лайық дауысты өзгертіп оқу, тынатын жерде тыну үшін бас әріп керек. Әріп неғұрлым ұсақ болса (газет әріпі) – жай тыныс белгілері байқалмай – көбінесе үлкен әріптерге еріп оқыймыз. Бас әріп іле-сала танылатын ірі тыныс белгілері есебінде. Үшіншіден, қазақ тілі, әдебиеті енді ғана көркейтуге, баюға, мәдени керектің барлығын өтеуге бет алып отыр. Мәдени керегіміз ішінде мемлекеттік маңызы бар «кенес тілі, заң тілі, телеграф мандай жазуы, пылақат, ұран барлығы бар. Бұларды мәдени түрде жазғымыз келсе, бас әріп керек. Әліппенің интернационалдық мәні жай түрінен де – бас түрінде № жер жүзінде бірдей алынған. Мысалы, орыстағы СНК ВКП (б) деген орында біздер де SNK, ВКР (в) десек, бұл көп жеңіл. Басқа жай сөздерден айырылмай оңаша көрінбей қалады». Автор сауаттану ісіне бас әріптің ешқандай зияны болмайтынын айта кетіп, жер-су атауларын, адам аттарын бас әріппен жазуды ұсынады.

Ал Қ.Басымов «Бас әріп – қол бөгеу» («Еңбекші қазақ. 1930 ж. 4 февраль. №28) деген мақаласында бас әріпті алсақ, оның араб әліпбиіне айырмашылығы болмай қалатынын, қайта оқыту мүлде қиындайтынын айта келіп, былай дейді: «Бас әріптің баспа түрі мен жазба түрі бір-біріне ұқсас келмейді. Жазуда бір төселдірсек, баспада қайтадан төселдіруге тура келеді. Оқу-жазу да, қай жағынан болса да аяқты орап салады да отырады. Жұмыстан жұмыс туғызып, еңбекті еш келіп адымынды аттатпайды. Қосар әріптің бұл қылығы сау басқа сақина тілеп алған емей не?».

Бүкілодақтық Орталық жаңа түркі әліпбиі комитетінің I пленумында бас әріпті жою не сақтау туралы мәселе қойылып, онда бас әріпті алмау туралы шешім қабылданады. Ал 1930 жылдың 11 сәуірінде Қазақстан Орталық атқару комитетінің «Бас әріпті алу туралы» қаулысы шығады. Онда: «1931/32 оқу жылына арналған оқу құралдары бас әріппен басылсын, барлық мерзімді әдебиет 1931 жылдың бірінші қаңтарына шейін барлық оқушыларын бас әріптің түрі мен ережесімен таныстырып болсын да, сол күннен бастап бас әріпке көшсін, 1931 жылдың қаңтарынан бастап оқу құралдары бас әріппен басылсын» деген т.с.с. қаулыларды қабылдайды.

Қолдарыңыздағы жинақта «**Жаңалыққа жетекші**» кітабының 1929 жылғы нұсқасы еніп отырғандықтан, сол кездегі емле нормалары сақталды, соған сәйкес бас әріппен берілмеді.

Кітапта «Жаңалықта» берілген оқу материалын балаларға оқытуда мұғалімдердің білуі тиіс, ескеруі қажет дүниелер берілген, оқытушылардың міндеті көрсетілген. Балалардың қолын жазуға қалай жаттықтыру керектігі, онда қолданылатын әдіс-тәсілдер көрсетілген. Емлеге үйрету жолдары беріліп, буын ойыны, лото ойыны, кеспе әліппені қолдану жолдары сипатталған. Сабақтың реті көрсетіліп, сабақ жоспарлары, үлгі сабақтар берілген. Сабақта ауа календарін қолдану жолдары көрсетіліп, пәнаралық байланысқа да ерекше мән берілген. Сонымен қатар берілген тақырыптың күнделікті өмірмен байланысты болуы да ескеріліп отырған. Дыбыс, сандармен ғана таныстырып қоймай, балалардың тілін дамыту, тілін ұстарту жағына да баса назар аударылған. Санамақ, бесік жыры т.с.с. сияқты тәлімдік мәтіндер беріліп, сол арқылы ана тілін үйрету, тіл заңдылықтарын үйрету жағы ерекше ескерілген.

*Орынай Жұбаева*  
филология ғылымдарының докторы

**Мазмұны**

Үлкендер үшін қазақ тілінің оқулығы.....	3
Т.Шонан ұлы мен Голәқабыскайа А. Емла мен оқу.....	113
Қазақ тілі. Грамматика мен емле.....	151
Жаңалық (әліппе).....	223
«Жаналыққа» жетекші.....	269
Түсінік.....	284

**Телжан Шонанұлы**

**Бес томдық шығармалар жинағы**

**Оқу құралдары, оқулықтар**

**2**

Беттеуші: *Б. Қосдәулетов*

Теруге 02. 12. 2015 берілді.

Басуға 11. 12. 2015 қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі «Times New Roman»

Шартты баспа табағы 18.

Таралымы 2000

ISBN 978-601-7822-28-6



9 7 8 6 0 1 7 8 2 2 2 8 6